

«I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫ»

атты «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары
18-19 қазан, 2018

Том I

«I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ЕСЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

материалы международной научно-практической конференции
проводимой в рамках Программы модернизации общественного сознания
«Ориентация на будущее: Рухани жаңғыру»
18-19 октября, 2018

Том I

«I INTERNATIONAL YESSENOV READINGS»

materials of the international scientific and practical conference conducted with
in the framework of the Program for Modernization of Public Consciousness
«Orientation for the future: Spiritual revival»
October 18-19, 2018

Tom I

Ақтау

УДК 378
ББК 74.58
Е79

Под общей редакцией ректора Yessenov University
Б.Б.Ахметова

Редакционная коллегия:

Е.Т. Нурмағанбет, Е.И. Иманбаев, А.М. Джанисенова (отв. секретарь сборника)

Е79 «I Халықаралық Есенов оқулары»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары=**«I Международные Есеновские чтения»:** материалы международной научно-практической конференции=**«I International Yessenov readings»:** materials of the international scientific and practical conference-Ақтау: КГУТИ им. Ш. Есенова, 2018, том I -290 с. – Казахский, русский, английский.

ISBN 978-601-308-080-2

«I Халықаралық Есенов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы ғылыми зерттеулерді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырады, сондай-ақ жоғары сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, отын-энергетикалық кешен мен мұнай-газ геологиялық ғылымды дамытуға бағытталған өзекті мәселелер, Каспий аймағының экологиялық проблемаларын, жасыл технологияларды, инновацияларды және қолжетімді энергия көздері мәселелері қарастырылады. Экономикалық және құқықтық жүйелерді басқарудағы өзекті мәселелерін және оның проблемаларын шешуге, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіпкерлік белсенділігін дамыту сұрақтары қарастырылады.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции **«I Международные Есеновские чтения»** рассматриваются научные исследования, практические результаты развития и использования информационных технологий в науке и образовании, обсуждаются вопросы по дальнейшей реализации национальной программы «Рухани жаңғыру», а так же вопросы по актуальным проблемам, направленным на обеспечение качественного экономического роста, развития топливно-энергетического комплекса и нефтегазовой геологической науки, рассматриваются решения экологических проблем Каспийского региона, зеленые технологии, инновации и доступная энергия, развитие способностей обучающихся в решении актуальных задач и проблем управления экономическими и правовыми системами, а так же развитие предпринимательской активности студентов и профессорско-преподавательского состава.

УДК 378
ББК 74.58

© Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, 2018

ISBN 978-601-308-080-2

АРМЫСЫЗДАР, ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, СТУДЕНТ ЖАСТАР, ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Бүгінде Қазақстан мемлекеттік және ұлттық дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп келеді. Бұл орайда барлық мүмкіндіктер іске қосылуда. Осы арқылы әр қазақстандықтың жеке дамуына да алғышарттар қаланған. Қазір елімізде қолға алынған істер аса ауқымды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазір ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген адам озады» деп үнемі бағыт сілтеп отыруы студенттер мен оқытушылардан ғылыми ізденіс пен кәсіби шеберлікті, біліктілікті талап еткені. Еліміздің бұдан былайғы дамуы тек қана ғылымның деңгейімен өлшенетінін атап өткен Елбасы ғылымға басты назар аударуға тиіс екенімізді айтып келеді. Бұл үшін білім жүйесінде білім беру мен оқытудың, ғылымды игерудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы зор.

Осы орайда өңірдегі бірден бір білім ордасы Ш.Есенов атындағы КМТИУ де бүгінгі таңда Президенттің жолдауларында қарастырылған жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, ғылыми бағыттағы ынтымақтастық қызметінде алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен халықаралық байланыстарды ұйымдастыру және дамыту жұмыстары бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда.

Соның бір айғағы бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып отырған І Халықаралық Есенов Оқуының өтілуі. І Халықаралық Есенов Оқуының мақсаты - Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін дамыту, оны елімізде және алыс-жақын шет елдерде таныту болып отыр.

Жоғары оқу орындарында халықаралық дәрежеде өтіліп келе жатқан дәстүрлі Әл-Фараби, Абай оқулары бар екендігі бәрімізге белгілі. Осындай тың, жаңашыл үрдісті Ш.Есенов университетінде жалғастыру баршамыз үшін үлкен қуаныш, құптарлық жайт. Маңғыстау өлкесіндегі білім ордасына аты беріліп отырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Шахмардан Есеновтің еліміздің ғылымына қосқан үлесі өлшеусіз зор. Оның ішінде Маңғыстаудың мұнай-газ кен орындарын барлап табу ісіне тікелей басшылық жасап, Маңғышлақты Қазақстанның құрамында қалдыру туралы шешім қабылдауға өзіндік үлесін қосуы өлкеміздің даму тарихындағы орнының қаншалықты екендігін көрсетеді. І Халықаралық Есенов оқулары қатысушылар ғылым мен білім берудің интеграциясы, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін өркендету, Есенов еңбектерін зерделеуге қатысты мәселелерді талқылап, ортаға салады деп есептейміз. Бүгінгі І Халықаралық Есенов оқуының тағы бір басты ерекшелігі Нобель сыйлығының иегері Доктор Раджендра Пачаури мырза құрметті қонақ ретінде қатысып отыр!

Елбасымыздың таяудағы 5 қазан 2018 жылы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" тақырыбындағы дәстүрлі Жолдауы жылдағыдан ерекше. Бұрынғы Жолдауларында ол елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртуға күш салған болса, енді Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеген әлеуметтік шаралар жасау тұрғысындағы мақсаттарды белгілеп отыр. Елбасы Жолдауында білім беру саласын дамытуға ерекше көңіл бөлу керектігі айтылған. Енді білім беру ісінде креативті, сыни ойлау, командада жұмыс істей білуге назар аударылады. Сонымен қатар, білім саласына қатысты басты жаңалық – келер жылдан бастап «Педагог мәртебесі туралы» Заң күшіне еңбек. Бұл мұғалімдерге деген қоғамдағы құрметті арттыруға, олардың құжатпен айналысып емес, тек балаларға білім берумен айналысуына мүмкіндік береді.

І Халықаралық Есенов оқулары жұмысына шығармашылық табыс, сәттілік тілеймін, алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!

**Маңғыстау облысының әкімі
Е.Л. Тоғжанов**

ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, ӘРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТТЕР!

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫНА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Шахмардан Есенов, Қаныш Сәтпаев пен Евней Букетовпен қатар, ең көрнекті қазақстандық ғалымдардың бірі болып саналады. Оның ауқымды іс-шаралары және белсенді қатысуы арқасында ірі табиғи ресурстар (мұнай, газ, мыс және басқалар) – Жезқазған, Жаңаөзен, Қаражанбас, Жетібай, Қаламқас, Бозашы және басқа да кенорындар ашылып, одан әрі дамып, өндірістік кешендер құрылды. Бүгінгі күні аталған кенорындар Қазақстан экономикасының негізін құрап отыр.

Елбасының 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында Ең алдымен, «Болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет деп атап көрсеткен болатын. Яғни еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.

Университет базасында жасанды интеллект технологиясын әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру сондай жобалардың бірі бола алады деп университеттегі оқу мен ғылымға деген бағыттарды көрсеткен болатын.

Осы өткізіліп отырған I Халықаралық Есенов оқуларының мақсаты – оқытушылар мен жас ғалымдар өз дарындылығын көрсетуге, әртүрлі салаларда қосымша білімділік артып, пікірлестерді табуға және олардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсетуге қабілетті интенсивті оқу үрдісін құру. Сонымен қатар конференцияда бәсекеге қабілетті ұрпақты дамыту мен бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мәселелер талқылады.

Аталған конференцияға Нобель сыйлығының бейбітшілік бойынша иегері – Раджендра Пачаури, шет елдерден Путра Малайзия университетінің профессоры Мохамед Бин Отман және еліміздің басқа аймақтарынан келген қонақтар қатысып отыр.

Конференция аясында Елбасының экологиялық таза және жасыл технологияны дамыту саясатын орындауға байланысты университетте елімізде алғаш рет электромобильді қуаттандыратын станция ашылып отыр.

Есенов оқулары біз жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция ретінде қалыптастыру ойымызда бар.

Конференция қатысушыларына алдыңғы жұмыстарыңызға сәттілік және жемісті болуын тілеймін.

**Ректор Yessenov University
Б.Б. Ахметов**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ –
ТАПСЫРМАЛАРДЫ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА
БАҒЫТ**

**ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – НОВЫЙ
ПОДХОД К РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ**

ӘОЖ 37.013:323 (045)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕР-РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Нұрмұхаметова Р.Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Осыған орай мақалада ұлттық құндылық қасиеттерді дамыту жұмысының рухани жаңғырудың кепілі болатыны жөнінде айтылады.

Түйінді сөздер: құндылық қасиет, өзін-өзі тану, жоғары сынып, адам, индивид, тұлға, жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер мен рухани жаңғыру мәселесі білім беру ісіне өзіндік ықпал етіп, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды негізге ала отырып, білім мен тәрбие берудің мазмұны жаңаша жасалу үстінде. Жаңа адамды тәрбиелеу-оны жаңа заман үшін үнемі белсенділік өрісінен көріне білуге бағыттау, халқының болашағын қамтамасыз ету, ақыл - парасатын өзінше дамытуға бағдарлау – жалпы әлемдік күрделі міндеттердің бірі.

Сонымен қатар, жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін, жалпыадамзаттық құндылық қасиеттерді терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу - өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Демек, қазіргі әлемдік өркениетке енген кезеңде әр жақты дамыған санасы жоғары тұлға мен оның бойында құндылық қасиеттерді қалыптастыру жалпы орта білім беретін мектептің басты мақсаты деп айтуға болады. Енді құндылық дегеніміз не деген сұраққа жауап берсек, «Құндылық» - объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның өмірдегі іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Ол пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Пәндік және субъективтік құндылық - адамның дүниеге қатынасының екі жағы, біріншісі - оның объектісі, екіншісі – субъектісі [1, Б.93-99]. Сондықтан пәндік құндылық баға берудің объектісі, ал субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі болып табылады. Пәндік

құндылыққа заттардың табиғи қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттың теориясы маңызы мен тәжірибелік пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады, құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне, т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылық қасиеттер адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылық қасиеттер арқылы бағалайды [2, Б.6-11].

Міне, осы аталып отырған құндылық қасиеттерді жоғары сынып оқушыларының бойында қалыптастыруда өзін-өзі тану пәнінің маңызы зор.

Жоғары сынып оқушыларын өзін-өзі тануға үйретудің мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік мұраттарына сүйене отырып, олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, жеткіншекке өз өмірінің мәнін түсінуге және осы өмірдегі мақсаты мұраттарын анықтауға, шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін ашуға, қоғамдағы өз орнын табуға, өзі мен өзгелерді, өзін қоршаған әлемді бағалай білуге үйретеді.

Өзін-өзі тану, қазіргі заманғы білім берудің мәні мен мақсатын анықтай отырып, адамды бүкіл өмір бойы белсенді жасампаздық әрекетке дайындайды. Өзін-өзі тану білім беруде белгілі бір сала бойынша білімді жинақтау ғана емес, адамның өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруын, тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асыруды, шығармашылық белсенділікке, өзімен және өзін қоршаған ортамен үйлесімдікке қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

«Адам» ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді симпаттауда қолданылады. Индивид - биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымының үш элементі «ол», «мен», және олардың жоғары «супер эго» түрінде қарастыратын З.Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. «Ол» - бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. «Мен» - бұл түйсіктермен байланысты, дүркін- дүркін оған кіріп, отыратын сана. «Эго» санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, «меннен» жоғары, моральдық нормалармен принциптердің жиынтығын құратып, адамгершіліктің «қадағалаушысы», ішкі бақылаушысы іспетті.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктермен, екінші жағынан, «меннен жоғары» талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейд мұны шешудің механизмі ретінде «олдық сублимациясын» (ығыстырылуын) ұсынды. Фрейд «біздің психикалық тіршілік иесін «ол» «мен» және «меннен жоғары» деп қарастыруымыздың өзі осы психикалық тіршілік иесі жайындағы алға жылжуын көрсетеді, осы бөлу психикалық өмірдің динамикалық арақатынастарын бұдан да тереңірек түсінудің, жақсылап сипаттаудың құралы болуы тиіс» деп жазған екен. «Меннің» айрықша түсінісу ықпалының әсерінде екені анық, былайша айтқанда, «ол» үшін түйсіктің маңызы қанша үлкен болса, «мен»

үшін түсінудің маңызы да соншалық. Мұнымен бірге «мен» де «ол» сияқты түйсік әрекетіне бағынады. «Мен» «олардың жетілдірілген бөлігі болып саналады.

Өзін-өзі тану жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, рухани және шығармашылық қабілеттерін жарқырата көрсетуінің, әлеуметтік мүмкіндіктерін жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады. Өзін-өзі тану нәтижесінде ғана адам өзінің рухани өсу қабілетін шыңдайды, өзін-өзі жетілдіре түседі де, өмірдің рақатын сезініп, оның мән-маңызын түйсінеді.

Жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар біздің болашағымыз. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады яғни, белгілі-бір мәндерді өмірді ұйымдастырушы бастамалар ретінде қабылдау және өзін соған сәйкес ұстау.

Өзін-өзі тану тек «Мен» бейнесінің қалыптасуы ғана емес, осы үрдіспен тығыз байланысты тұлғалық өсу үрдісінің де нәтижесі болып табылады. Тұлғалық өсудің басты психологиялық мәні – еркіндік алу, өзін және өзінің өмір жолын табу. Ал жоғары сынып оқушыларының өзінің ішкі дүниесімен байланысуы жалпы алғанда сыртқы дүниемен араласуынан кем соқпайды. Сонымен қатар адам үшін оның ішкі әлемін басқа адамдардың мойындауы мен құрметтеуі негізінен алғанда маңызды болып табылады. Тұлғалық өсудің адам тұлғасына қатысты шартты түрде ішкі және сыртқы деп атауға болатын бірнеше өлшемі бар. Олар: өзін қабылдау, күй кешудің ішкі тәжірибесін қабылдауға дайын болу, өзін түсіну, жауапты еркіндік, динамикалық [3, Б.55-62].

Өзін қабылдау – бұл өзін мойындауын және өзінің бітім-болмысына сөзсіз сүйіспеншілігін білдіреді, «өзін-өзі құрметтеуге лайық, өз бетімен таңдау жасай алатын тұлға ретінде қарау» деп, - психолог К.Роджерс айтқандай, оқушылардың өзіне, өзінің мүмкіндіктеріне сену, өз табиғатына, өзінің организміне сенімдік таныту. Әсіресе соңғысын ерекше атап өткен жөн, себебі бұл жерде өзіне өзі сену деген тек қана өзінің мүмкіндіктеріне сенуді білдірмейді тұтас организм санадан көрі мәнді, парасатты болуы мүмкіндігін және жиі солай болып шығатынын түсінуді білдіреді.

Күй кешудің ішкі тәжірибесін қабылдауға дайын болу - сыртқы дүние жағдаяттарымен бірге ішкі дүние құбылыстарын субъективті түрде кешудің күрделі де үздіксіз үрдісі. Оқушылар күшті және ержеткен сайын ол психологиялық қорғаныстың бұрмалаушы ықпалынан еркін бола түседі және осы ішкі шындық дүниесін құлақ салып, сенуге болатын және «осы кезбен өмір сүруге» қабілетті ақиқат ретінде қарайды.

Өзін түсіну – бұл өз-өзінің маңызды күйі, өзінің шын күйзелісін, мақсаттарын, ойларын және т.б. қоса барынша нақты, толық және терең түсіну, масқалар астарынан, рөлдер мен қорғаныстар арасынан шынайы өзін көру және есту қабілеті дұрыс және маңызды өзгерістерді сезінгіш және жаңа тәжірибені жинақтай алатын икемді «мен тұжырымдамасы», шынайы – Мен – мен «идеалды Меннің» жақындасуы.

«Жауапты еркіндік» - бұл өз-өзімен қарым-қатынас жасауында ең алдымен, өз өмірін өзінше сүруге жауапкершілігін, өз еркіндігін түсіну мен қабылдауды білдіреді.

Динамикалық – ересек тұлға – міндетті түрде қалыптасушы тұлға, яғни тұлғаның өсуі оның тіршілік ету жолы болып табылады. Сондықтан да тұлғалық өсудің маңызды өлшемі өзгерістерді тез қабылдауы, икемділігі, динамикалығы, өзінің даралығын сақтай отырып, көкейкесті қайшылықты мәселені шешу арқылы дамуы, «үнемі үрдісте болуы» [4, Б. 118-127].

Өзін-өзі тану мәселесі жаңа әлемде жаңаша, бақытты өмір сүруді қалайтын, қоршаған табиғи ортаны сақтауға мүдделі, көзқарастары мен дүниетанымы мүлде бөлек, өмір салты түрліше қалыптасқан адамдармен тіл табысуға, түсінісуге ұмтылатын

болашақ ұрпақтың жеке тұлғалық қабілеттері мен құндылық қасиеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Өзін-өзі тану пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарды танытуға, оқушылар бойында құндылық қасиеттерді дамытуда маңызы зор. Қорыта айтқанда, өзін-өзі тану пәні жоғары сынып оқушыларының басқа адамдармен өзара әрекетке түсу қабілетін шындайды, жеке тұлғалық сапаларын дамытып, құндылық қасиеттерін жетілдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі. –Алматы, 2015, -254 б.
2. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. –Алматы, 2016, -238 б.
3. Назарбаева С.А. Өзін-өзі тану. Жоғары оқу орны оқытушыларына арналған әдістемелік құрал. –Алматы, 2014.
4. Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. –Алматы: Қазақстан энциклопедиясы. 2015, -416 б.

ӘОЖ 323(045)

ЖАҢАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ережепова Р.Г.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы бағыттарды қазіргі жаһандану үрдісімен сабақтастыра отырып, ұлттық мәдениет және білім мәселесінің өзектілігі қарастырылады. Сондай-ақ, әлемдегі жаһандану үрдісінің түсінігіне шолу жасалып, оның ұлттық мәдениет пен рухани болмысқа ықпалына, жастардың білім алуына баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, жаһандану, үрдіс, ұлттық код, ұлттық болмыс, тіл, білім.

Сонау ғасырлардан бері қазақ тарихында ел тізгінін ұстаған мемлекет қайраткерлері мен басшыларының ел іргесін берік ұстаудағы қадамдары аз болмағаны тарихтан белгілі. Мысалы, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» сияқты дала заңдары қазақ қоғамын біріктірді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақстандық қоғамның реформалардан өткені белгілі. Сол реформалардың ішінде ең құндысы-Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы-болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал, ең бастысы –еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды.

Бұл идеядан кейінгі Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің өміршендігінің жаңа бастауы деп бағалауға болады. Елбасымыздың 2017 жылдың 31-ші қаңтарында жарияланған Жолдауында айтылғандай: «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз»[1].

Жаһандану, немесе Глобализация (ағылш. Global —«әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық

тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист - Теодор Левитт[2,616].

Қазақстан қоғамы немесе басқа мемлекеттердің саяси жүйесі болса да үнемі түрлі ішкі және сыртқы әсерлердің, құбылыстардың, үрдістер мен күштердің ықпалына ұшырайды. Соған сәйкес, жаһандану үрдісінде қазақстандық қоғамға әсер ететін деструктивті және тұрақсыздандыратын факторлардан сақтануы керек. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық-мәдени құндылықтарының әлсіреп немесе жойылу қаупі төнгенде және жаһандық құндылықтардың қоғамымызға дендеп енер кезінде ұлттық код және рухани құндылықтарымыздың белгілерін қайта қарау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі қоғамда орын алып жатқан трансформациялық процестер ұлттық рух пен мәдениетімізге және оның мазмұнына өзгерістер енгізуде.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы кеңінен дамытудың, жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды: соның ішіндегі ең маңыздыларының бірі - ұлттық бірегейлікті сақтау және білімнің салтанат құруы болып табылады. Себебі, жетпіс жыл бойы кеңестік идеологияның қыспағында тұншығып келген қазақ мәдениеті, тілі, діні мен менталитеті өзгерістерге ұшырамай қоймады. Тәуелсіздік алғаннан кейін елдің рухани құндылығы енді жаңғырып келе жатырғанымен, жаһандану үрдісіне ұшырады. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен кате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс[3]. Бұл жерде ұлттық рухтың сақталуы үшін Елбасы екі ережені ұстануды ұсынады: біріншісі-ұлттық код, екіншісі-ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Бірінші қағида-ұлттық кодқа келетін болсақ, ол ұлттық мәдениетімізге байланысты айтылған мәселе. Ұлттық кодқа біз мыналарды жатқыза аламыз: ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, тіл мен діл, дін. Осы аталған код сақталмай ұлттың жаһандану үрдісіне жұтылып кету қаупі бар. Мысалы, БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) ХХІ ғасырдың соңына қарай жер бетіндегі ұлт тілдерінің жартысына жуығы жойылып кетеді деп болжады. Олардың көпшілігі бұрынғы КСРО құрамында болған елдердегі тілдер. 2010 жылы ЮНЕСКО жоғалу алдында тұрған әлем тілдерінің атласын жасады. Атласқа 2500 тіл мен диалект енген. Бір ғана Еуропада жойылу қаупінде тұрған 212 тіл бар екен. Тағы 13-і таяу арада мүлдем жоқ болады деп болжанды. Ал, КСРО құрамында болған елдер аймағында жойылу алдында тұрған 5 тіл бар екен: ғағауыз,ливиялық, саам,вод, қарайым тілдері[4].

Тіл - кез-келген ұлттың қайталанбас символы, баға жетпес байлығы. Тіл бар жерде ұлт та, ел мен жер бар. Ғабит Мүсірепов айтқандай: "Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді".

Рухани жаңғыру бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі-білімнің салтанат құруы. Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Елбасымыз барлық Жолдауларында білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздейді[5]. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл

өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді[6].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ. ХҮІІ - ХҮІІІғ.ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы Ф.Бэконның «Күш-білімде» атақты тезисі әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Сондықтан қазіргі жаһандану үрдісінде қоғамдағы өскелең ұрпақтың ұлттық код пен білімді ұштастыра отырып, алға қарай талпынғаны дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Саяси түсіндірме сөздік. 616-бет, – Алматы, 2007.
3. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы. 12.04.2017 ж.
4. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/32657/>
5. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
6. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы. 12.04.2017 ж.

ӘОЖ 908(045)

ЕСМӘМБЕТ ҚОЖА ӘУЛИЕ

Төлеуханов А.П.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру мақсатында өлкеміздің қасиетті нысандардың қатарына енген арабша оқыған аса білімдар, әулиелік, емшілік қасиеттер дарыған Маңғыстаулық Есмәмбет қожа киелі орны және оның тарихы туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, әулие, ескерткіш, мұсылманшылық, батыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыруда еліміздегі қасиетті нысандардың жалпы санын анықтау қажет болды. Ол тым көп болмауы тиіс және Қазақстанның туристік әлеуетін аша алатын, зор резервтер мен мүмкіндіктерге ие тарихи-мәдени ландшафтын ескеру қажет болатын. Осыған байланысты, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобы мен сараптамалық кеңесі құрылып, жұмыстар атқарылды. Сарапшылар кеңесінің ғалымдары мен өлкетанушылардың пікірлері негізінде «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындары» жобасына республика бойынша 100 нысан енгізілді. Оның ішінде біздің Маңғыстау облысынан 15 киелі нысан енді. Олардың қатарында Шопан-ата, Шақпақ-ата, Масат-ата, Қараман-ата, Сұлтан-үмі

орта ғасырлық жерасты мешіттері, Бекет-атаның мешіттері, кіші жүздің батырлары, билері мен ру басылары жерленген пантеон - Сисем-ата қорымы, «Адай-ата – Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, ЮНЕСКО-ның алдын-ала есепке алу тізімінде тұрған орта ғасырлық «Қызылқала қалашығы», Форт-Шевченко қаласындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешені, сондай-ақ Кіші жүзден шыққан Барақ Сатыбалдыұлы, Балуанияз Мүсірепұлы, Иса Тіленбайұлы және Досан Тәжіұлы батырларымыз бар.

Мен осы мақаламда рухани жаңғыру аясында 500 жергілікті маңызы бар қасиетті орынға енген Маңғыстаулық Есмәмбет- әулие туралы айтпақшымын. Тақырыпты алудағы мақсатым қолда бар материалдар негізінде Есмәмбет әулие туралы білетін материалды жеткізу. Бұл тақырыптың өзектілігі сол өз зерттеушісін күтетін толығымен зерттеуді қажет ететін өлкеміздегі киелі орынның бірі екендігі. Есмәмбет әулие жерленген жер Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылынан 12 км солтүстік бағытта орналасқан. Есмәмбет әулие жерленген қорым әр түрлі және әр кезеңге жататын 100-ге жуық ескерткіштен тұрады. Ең ерте кезеңдік ескерткіштер сәулеттік композициялық мәнері бойынша XVIII ғ., соңына жатады. Олар негізінен сағанатам, қойтас, құлпытас және мешіт құрылысы. Мешіттің ескі екендігін, оның қабырға құрылысына қаланған әкті-құмтас тақта тастарының өңделмей-ақ жарып-жарып алынған тастармен сазды лай балшықтағы қаландысының өзі меңзейді. Ал кейінгі кезең ескерткіштері, қасбет құрылысы және интерьеріндегі өсімдік өрнек элементтерімен сәнделген бірнеше сағанатамдардан тұрады.

Болатын істерді болжап алдын ала айтатын, айтқаны айнымай келетін, иман сақтап, бойын таза ұстап, білімге бар жан-тәнімен берілген, Құдай жолында құлшылық еткен, көріпкелі бар адамды қазақтар “әулие адам” деп атаған. Әулиенің өмір сүрген уақыты XVIII- XIX ғасырлар. Есмәмбет қожа арабша оқыған аса білімдар, әулиелік, емшілік қасиеттер дарыған кісі болған. Өмір бойы исламның ақ туын берік ұстанып имандылық негіздерін сақтап өз заманында халыққа мешіт салып мұсылманшылықты уағыздаған әулие. Есмәмбет әулиге барар жолда әулиенің аян берілуімен көрсетілген өлкеге мұсылман дінін тарату мақсатында келген әулиеге жақын жерде жерленген Мұхамед бабаға барып зират ету керек. Содан кейін Есмәмбет әулиенің өзінің өсиеті бойынша руы қараш Қарасейт батырға бару керек. Қарасейіт батыр әулиенің адал досы өмірінің соңына дейін тазалықты адалдықты ту етіп өткен адам. Достыққа берік болған Есмәмбет атадада өз кезегінде өзіне келер адамға алдымен осы батыр досы Қарасейіт батырға баруды өсиеттеген. Осы арада әйгілі Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың ұстазы Арыстан бапқа баруды өсиеті етуі еске түседі. Бұл арада әулиенің достық пен тазалық, адамгершілік пен имандылықты жоғары қойғанын байқаймыз. Новапетровск бекінісі салынар тұста елде Есмәмбай деген адам қарақшылық пен айналысып ел тыныштығын алса бекіністі салушы орыс билеушісі осы Есмәмбайды ұстауға бұйрық береді. Есмәмбайдың қарақшыларына осы үш дос тап болып оларды ұстауға тап бергенде олар қашып құтылады. Түнде Есмәмбет ата түс көріп жақын достарының біреуінің жақын күндері өлетінін ал екінші досының өмірінің соңына дейін шырақшы қызметін атқаратынын көреді. Ертеніне ол жақын достарына өзінің түсін айтады ертеніне орыс солдаттары Есмәмбай қарақшының тобының адамдары деп байқаусызда Қарасейітті атып өлтіреді. Түсті есінде ұстаған Беріш досын барынша қорғауға ұмтылғанымен намаз оқып жатқан Есмәмбет атаны орыстар намаз оқып жатқан кезде басын шауып алып, дорбаға салып орыс өкіліне апарады. Дорбаны ашып қарағанда бас өзін мүлдем басқаша ұстап жымиып күліп түрлі қылықтар көрсеткен кезде оны көрген орыс әкімшілігінің адамдары бастың тегін адамның басы емес екенін өздерінің қателескенін біліп түрлері бозарып қатты қорқып кетеді. Естерін жиғаннан кейін атаның басын орнына денесінің қасына апарып жерлеуді бұйырады. Осылайша Есмәмбет ата өзінің ерекше қасиет адам екенін

сездерген. Ал Беріш досы дүниеден өткенкенше оның басында алғашқы шырақшы болып өлгеннен кейін өзін де досының қасына жерлеуді аманаттаған. Сондықтан Есмәмбет қожаның өзіне барғаннан кейін әулиенің жаназасын шығарып кейін өзін де оның қасына жерлеуді аманаттаған әулиенің келесі досы Беріштің басына бару керек. Есмәмбет ата ерекше қасиетке ие болған. Оның басқалардан ерекшелігі сол – айтқаны келетін көріпкел, сәуегей, сырқат адамдарды емдейтін ерекше қасиеті болған. Қазіргі уақытта Есмәмбет қорымы ел басына түнеп, қадір тұтып қастерлейтін киелі орын саналады.

Сонымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында өңірлік киелі орындарды тізімдеу жұмыстары жүзеге асырылған болатын. Осы жұмыстардың нәтижесінде жалпы республика бойынша 500 жергілікті маңызы бар қасиетті орындар жобасы дайындалған. Бұл тізімге Маңғыстау облысы бойынша жергілікті маңызы бар 28 киелі объект енгізілді. Олардың қатарында мен баяндаған Есмәмбет-әулиенің енгізілуі заңды деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лада // 2006 .18 бет

ӘОЖ 821 (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ИДЕАЛДЫ АДАМ ОБРАЗИ

Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен қазақ дүниетанымындағы адам мәселесі қарастырылған. Қазіргі қоғамда өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлттық болмыс, тәлім-тәрбие, адамгершілік мәселелері, адами болмыс, ар-абыройын сақтау А.Құнанбаев, М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердіұлы шығармаларындағы ой-пікірлер арқылы баяндалған.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, қара сөз, жаһандану, «Адам бол», «толық адам».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Елбасымыз Нұсұлтан Назарбаев: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Туған жердің тарихын білген және өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді оны мақтан еткен дұрыс. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», -деген болатын [1].

Адам болу идеясы дүние есігін ашқын жалпы адамзатқа тән болғанымен, әр мәдениеттің өз ұстанымдары, іске асыруында өзіндік ерекшеліктері бар. Көне заманнан бастап қалыптасқан тарихи кезеңдерде көптеген ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікірлер қалдырған. Олардың бірі адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді көріп қорықты. Мысалы, XIII

ғасырда өмір сүрген ислам оқымыстысы Джалаладдин Руми былай дейді: «Адамның болмысы – ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас. Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар. Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады»-деген екен.

Адам туралы ең алғашқы мәдени-антропологиялық ой бастауында тұрған Сократ болды. Ойшылдың адам туралы ойының ең маңызды белгілері ретінде адамдар бойындағы ең жақсы құндылықтар, моральдық ұғымдар және мінез-құлық түрлеріне назар аударылып, «Өзінді-өзің таны» дейді. Платонның шәкірті Аристотель анықтамасы бойынша «Адам ғана сөйлеу қабілетіне ие. Сөз пайдалыны да, пайдасызды да, әділеттілікті де, әділетсіздікті де жеткізе алады. Осы қасиет адамдарды барлық тірі жәндіктерден ажыратып тұрады» делінген.

Көне қытай ойшылдары адамның адамдық қасиетін сыртқы көрінісінен іздейді. Ұлы ойшыл Конфуцийдің пікірінше адам үш түрлі болады: Дана адам – асып таспайды, Жақсы адам – күй талғамайды, Батыл адам – қорықпайды, - дейді.

Сонымен қатар қытай жұртының ғұламасы, дао ілімінің негізін қалаушы Чжан – Цзы: өзінің арғы тегінен ажырамайтын адамды «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адамды «Қасиетті адам», шындықтан бөлінбеген адамды «Кемел адамға» жатқызған екен. Тағы да осы шығыс ғұламаларының даналық өсиеттерінде: Ештеңе білмейтін, бірақ, ештеңе білмейтінін түсінбеген адам – ақымақ. Оны айналып өт. Ештеңе білмейтін, бірақ, өзінің білмейтінін түсінген адам – шәкірт. Оған ілім үйрет. Барлығын білетін, бірақ, білгенін іске асырмайтын адам – ұйқыдағы жан. Оны оят. Барлығын білетін, білгенін іске асыратын адам-данышпан. Оны ұстаз тұт, -деген кемел ойлар айтылады.

Абай шығармаларындағы «адам болу» принципі ең бірінші ғылым-біліммен тікелей байланысты. Абай айтады: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады». «Адам» деп аталу, «адам» деген атқа ие болу оп-оңай шаруа емес екенін аңғарамыз. Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер малшашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз.

Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, - деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» - бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие

болуға болады. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек,- дейді.

Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Абай өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салып, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды. Оған: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым. Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың. Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың», - деген сөздері дәлел болады.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы.

Абай қазақты өнер үйренуге, еңбекке, тіпті сауданың да мәнісін білуге шақырды. «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп, ойлан, мал тап», дейді. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», - деп түйіндеді.

«Отыз сегізінші сөзінде» Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек: әуелі надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық» дейді. Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

«Қырық төртінші сөзінде»: Адам баласының ең жаманы-талапсыздық деп атап көрсетті. Абай әр нәрсенің, істің өлшемі болады деп білді. Егер өлшем сақталмаса, шектен шықса, сапалық өзгеріс болатынын айтты. «Қырық үшінші сөзінде» Абай: «Әрбір нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені де болады. Ішпек–жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрсенің бәрінің де өлшеуі бар- [2] дейді.

Абай сынының тәлкегіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси- әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан.

Шәкәрімнің «Адамдық борышың» деп басталатын өлеңінде адамды адам қылып тұрған ақылдың өзі ғылым-білімсіз, түкке тұрмайтынын, тұл болып қалатынын көрсетеді:

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.

Ғылым-білімнің құндылығын түсіндіре келе «Ғылымсыз адам-айуан, Не қылсаң да, ғылым біл», - дейді [3].

Мәшһүр Жүсіп ғылым-білім туралы «Мінез түзеу хақында» деп аталатын әңгімесінде ғылым-білімнің адамның өз басына, мінез-құлқына тигізер пайдасы туралы сөз қозғайды. Ғылым-білім арқылы адам бойында қалыптасатын көркем мінез: жақсы қылық, хош тіл, жылышырайлылық. «Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі-жақсы мінез, екіншісі-жақсы сөз», - дейді [4].

Адам баласының мінезін түзетуге бола ма, әлде болмай ма? Қазақ дүниетанымында «сүтпен сіңген мінез, сүйекпен кетеді» деген пікір бар. Бұл тура Бұқар жырау былай дейді:

Іштен қыңыр туғанды,
Тезге салсаң, түзелмес.
Қара қойдың терісін,
Сабындап жусаң, ағармас [5].

Қанмен берілетін, тұқым қуалайтын, генетикалық кодқа негізделген мінез. Бірақ адамда текпен, сүйектен берілетін мінезден басқа жүре келе қалыптасатын мінездер бар. Міне осы мінезді өзгертуге болады дейді қазақ ойшылдары. «Отыз жетінші сөзінде» Абай: «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі кінәлі», - деп жазды. Олай болса адамды тәрбиелейтін оның ортасы, әлеуметтік ортасы, достары болмақ. Былай айтқанда, адамның жаман, не жақсы болуы құдайдан емес, тәрбиеден екенін мойындайды. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - дейді [2].

Рухани жаңғырудың негізі- халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы-ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Елбасымыздың биылғы Жолдауында негізінен елдің табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға арналып отыр. Халықтың әлеуметтік жағдайының артуы да еліміздің экономикалық дамуына әсер ететіні белгілі. Жолдауда экономикалық даму, әлеуметтің әлеуетін көтеру, адам денсаулығын нығайту, білім сапасын жақсарту сияқты еліміз үшін маңызды бастамаларға назар аударылған. Негізінен қоғамдағы белсенді бастамалардың бәрін де адам өмірінің сапасы, яғни оның білімі, тәртібі мен тәрбиесі сияқты құндылықтар жүзеге асырады. Мұның бәрінің де тиісті деңгейде жүзеге асуы әрбір жеке адамға байланысты.

Бүгінде экономикалық даму әлемдік деңгейдегі бәсеке болғандықтан, біздің мемлекетімізде де экономикалық даму мәселесі маңызды. Әлемдік деңгейде дамыған барлық мемлекеттерде ғылым мен білім мәселелері ерекше алға қойылған. Себебі адамдардың саналық деңгейінің көтерілуі арқылы ғылым мен білім қатар дамиды болады. Мемлекеттің мақсаты болашақты бағдарлау арқылы келешектің кемел ойлы азаматтарын тәрбиелеу болып отыр. Сондықтанда Елбасы биылғы Жолдауында ғылымға көңіл бөлу керектігі туралы да айтты. Елбасының Жолдауда айтылған мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту туралы мақсаты да келешектің адамы кемел білімнің иесі болу керектігін білдіреді. Адам капиталы Елбасы белгілеп берген міндеттерді бүгін де, ертең де жүзеге асыру қажеттілігін туындатады. Елбасының «Адам капиталы» идеясы да адам сапасын арттыру арқылы қоғам дамуына үлес қосу болып отыр. «Адамның дамуы» ұғымының мемлекет дамуындағы рөлі зор. Елбасы Жолдауында осы мәселеге қатты көңіл бөлінген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» атты бағдар-ламалық мақаласы. www.akorda.kz
2. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы., 1 т. 1995. 336 б.
3. Шәкәрім. Иманым. Алматы., 2000. 321 б.
4. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Бірінші кітап. Алматы. 2003. 136 б.
5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 7 т. 2006. 394 б.

ӘОЖ 908(045)

ЕРЕН ЕР ИСА

Жолдасбаев Н.О.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада 1870 жылы өлкемізде болған көтеріліс басшыларының бірі өлкеміздің айтулы азаматы Иса Тіленбайұлы туралы ел арасына тараған мағлұматтар негізінде халқына даңқы жайылған айтулы батыр, ауызы дуалы шешен, би, ұзақ жылдар ел билеген болыс, серілік құрған, ақындық сөз шығарған жан-жақты ерен ер тұлғасы жан- жақты ашып көрсетіледі.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, көтеріліс, би,ақын,батыр.

Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласында жастардың үлгі алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылған. Бұл жоба жайында Елбасы «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» деп ескерткен болатын. Осындай үлгі тұтар жандар біздің өлкемізде бұрынғы өткен дәуірлерде де,бүгіндеде өте көп. Бұл елбасының жас ұрпақты тәрбиелеуде көрегенді саясатының нәтижесі деп біле отырып мақаламда өлкемізден шыққан Елдің елдік, ағайынның туыстық, татулық қасиетін қалыптастырған, ділмәр ұйымдастырушы, қара қылды қақ жарған әділ де тура билігімен ел көңілінен шыға білген өлкеміздің мақтанышы болған Иса Тіленбайұлы туралы жазбақшымын.

Иса Тіленбайұлы 1829 жылы Маңғыстау жеріндегі Үстірт жайлауы, Алаторпа ауылында Өтебайұлы (кей деректерде Жаманқара) Тіленбайдың шаңырағында дүниеге келеді. Артынан Орақ,Құлбарақ деген інілері ереді. Иса жергілікті мешіттердің бірінде оқып, сол кездегіше сауат ашқан. Иса Тіленбайұлы адамгершілік, әділ-қазылық қасиеттерін, халқының болашағына жаны ашығандық пен ұлтжандылықтың тамаша үлгілерін көрсеткен ерен ер. Иса өзгеден бұрын, өзіне қатты талап қоятын би болған. Оның бүкіл адами өлшемі билігіне сиып тұрды. 1843 жылы Қаңбақтының аузында әлім мен адайдың арасында болатын қақтығысқа қатысады.Бұдан кейінгі түрікпендермен ,тағы басқа да ел арасында болған соғыс,қақтығыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысып отырады. Иса сол кездерден бастап әңгіме тыңдап,шешімді билік айтуға әуестенеді. Осылайша Ермембет,Қожық,Бәймембет Маяұлы сияқты Адайдың белгілі билері мойындайтын дәрежеге көтеріледі. 1849жылдары Бегдаш айналмасында отырған түрікпендердің ауылынан аруаналар жоғала береді де олардың Мәмбетсапа деген ру басы,атақты биі адайлар барымталап кетіп жүр деп кінә артады. Адай билері ақылдаса келіп, жас та болса Исаны Мәмбетсапамен айтысқа жұмсайды. Иса нақты дәлелдермен адай елін түрікпендер таққан кінәдан құтқарады. Осы жағдайдан кейін Исаның билік құру,

әділ шешу, жеңіп шығу жөніндегі беделі өседі. Жаманқара Иса болыс болып тұрғанда, көрші ауылдан Табынай Кенжалы деген кісі келіп, аман-саулықтан кейін Исаға: «Жарлы-жақыбай ауыл едік, ұрыға мал алдырып келдік. Жоғалған малдың ізіне түсіп едім, сіздің ауылға алып келді, бірақ жігіттеріңнен сұрасақ “көрмедік, білмедік” деп жолатпайды, көкке ұшқан, жерге кірген жоқ, жоғымызды табуға және де ибалық етіп төрелік сұрағалы келіп отырмыз» деген көрінеді. Сонда Иса «Шырағым, егер расталса жоғыңды апарып бергіземін, сендер елдеріңе қайта беріндер» деп жоқ іздеуші жігіттерді ауылына аттандарады. Иса жігіттерін жинап: "Егер алмағандарың рас болса, жылқыға барып жүген-құрық тимеген екі асау ат ұстап әкеліндер" деп тапсырма беріпті. Жігіттер “мұны не қылайын деп отыр екен”-деп аңтаң қалып, айтқанын орындап, үйірден екі асау ат ұстап әкелген. Екі асауды алып келгеннен кейін Иса “Ал, шырақтарың, алмағандарың рас болса, мына екі асау аттың астынан (бауырынан) біртіндеп өтіндер” – деп жылқының басын байлатқан. Жүген-құрық тимеген асау аттың астынан өту оңай ма, жігіттер ұрлықтарын мойындаған көрінеді. Сонда Иса жігіттерге малын алдырған Табынай Кенжеалыдан кешірім сұрап, жоғын апарып беруді бұйырыпты. Ел сонда “апырмай мынадай да тапқырлық болады екен-ау” – деп таң қалған көрінеді [1,5]. Бұл Иса болыстығымен қатар билікке шешімді,сөзге жүйрік, тапқыр, әділ адам болған көрсетеді. 1860 жылы патша Ресей үкіметінің Маңғыстау қазақтары үшін «жаңа низам» саясаты қолданыла бастайды. Адайларға өзге елдердегілерден көп салық салынады және екі жылдың салығын бір төлеу міндеті қойылады. Бұл салықты төлеуге көпшілігінің мүмкіндігі болмаса, мүмкіндігі барлар да төлеуге ниет етпеді. Патша үкіметінің жарлығымен Маңғыстауда «Уақытша ережені» жүзеге асыру үшін жер-жерге отрядтар шығып, алым-салықты көбейтті, малды талауға түсіріп, елді ойрандады. Міне осы тұста Иса Тіленбайұлының өмірі, ерлік істері, әсіресе 1869–1872 жылдардағы Маңғыстау қазақтарының патша отаршылдарына қарсы көтерілісі кезінде жақсы көрінді. Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндеді. Ол Досан Тәжіұлы, Шүрен Иманов, тағы басқаларымен бірге халық көтерілісін басқарды. Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған көтеріліс 1870 жылдың көктемінде, 22 наурызда бұрқ ете түскен болатын. Иса Тіленбаев пен Досан Тәжиев бастаған 400 сарбаз 1870 жылы 22 наурызда Ұшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің жазалаушы жасағына ойсырата соққы беріп, 40 солдатын жойып жіберді. 1870 жылы сәуірде көтерілісшілер Александровск бекінісін қоршап алып, ондағы армян базарын талқандады. Саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындап, Николаевская станциясын өртеді, армян слободкасы мен Қарағантүптегі шамшырақты қиратты. Кавказдан кжіберілген жазалаушы жасақпен Тіленбаев сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетті. [2,6] 1872 жылы Хиуа хандығы Иса Тілембайұлын адайдың 70 биінің үстінен Қарайтын төбе билік қызметінен түсіріп тастайды.Бұл жағдайдан кейін Иса мен Досан өз жасақтарымен бөлініп, Досан қырға шығып кетеді де, Иса Хорезм бойында қалып қояды.1873жылы ауылдастарымен отырған Исаның жанына ақ есекке мінген ақсақал келіп тоқтайды.Ақсақал: «Иса жат жерде шығындалма,елге қайт»- дейді де ,елес болып көрінбей кетеді. Осы күннің ертеңіне Иса Маңғыстауға бет алады [3,2]. Иса Хиуадан оралған соң Фортқа барып оязбен, жазалаушы полктың басшысы Ломакинмен кездеседі.1874 жылы Қарағантүп болысына болыстық басқарушы (волостной управитель) болып тағайындалады. Иса 1874 жылы тағайындалған болыстық қызметі 1909 жылы өзі қайтыс болғанға дейін жалғасады.

Иса Тіленбайұлының ақындық өнерін айғақтайтын «Күйкеннен аттанарда», «Хиуаға кетерде», «Досанды жоқтауы», «Оязға баруы», «Болыс болып жүргенде», «Исаның кара өлеңдері» деген туындылары сақталған деп көрсетеді . Оның көптеген

жырлары жазылып қалмаған, ол кездегі көптеген суырыпсалма акындар жырларын қағазға түсіруді ойламай, керек жерінде шығарып айтып жүре беретін болған. Маңғыстау халқын өзінің суырыпсалма жырлары арқылы ел бірлігін нығайтуға шақырады. Тіленбаев ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл акындар жырлаған .

Артымда жылап-сықтап елім қалды,
Қансырап хан талапай жерім қалды,
Жандарал асымды ішіп, басқа теуіп,
Қайтейін, аяқасты көңіл қалды.
Біз енді қайда барып паналармыз?
Амалсыз бөтен жұртты сағалармыз.
Кең Алла кеңшілігін берер ме екен –
Біз бүгін боздап қалған қара нармыз, – деп күйінеді («Хиуаға кетерде»). [4,6]

Жылқысы біздің елдің ақты-қылаң
Кетпейді кетті жұрттан жаман ылаң.
Бұл жұртқа титтейіңнен біте қайнап,
Исадан, Досан, сенің көп пе күнәң?
Қолымнан ұшты қыран қос қаршыға
Еліңде мөрлі бидің жоқтығынан («Досанды жоқтауы»).

Исадан, Досан, сенің көп пе күнәң? – деген жолдардан Исаның серіктес қаруласының ерлігін, мықтылығын, батылдығын мойындайтынын аңғаруға болады. Өйткені, «өсер елдің ұлдары бірін-бірі батыр деген».

Исаның би ретінде ел арасындағы даудамалды шешудегі терең ой толғаулары мен үлкен тебіреністері көрініс берген. Ғұмыр бойы халқының дұшпандарымен алысып келіп, 85 жасында ақырет сауытын киініп, төсек тартып жатқан Сүйінғара бұны бізге былай жеткізген екен:

Бар арман: қанат - құйрығым,
"Көре алмай барам мен бүгін. —
Исаның айтар билігін,
Досанның жасар ерлігін"...

Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға ұмтылған тұлғалардан қнеге алған жастар да өзін жетістік жолында, елге еңбек сіңіру мақсатында жұмыстанатын болады. Елі үшін, жері үшін қандай да бір сауапты іс сіңіруге ұмтылады. Әрбір адамның мақсаты бұл туған елі мен кіндік қаны тамған атамекеніне еңбек сіңіру, бұл өмірге келуінің де басты миссиясы екендігін сезіне алуы қажет миссиясы екендігін сезіне алуы қажет. Ал осы миссияның жүзеге асуына үлгі болатын бар өмірлерін халқына арнаған Иса Тіленбайұлы сынды тұлғалар екендігін әрдайым білуіміз қажет. Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, батыр бабаларымыздың ерлік істері қай кезде де ұрпақ үшін үлгі-өнеге болуы керек. Егер біз бабаларымыздың асыл мұрасын сақтап, үлгі тұтсақ, олардың есімін ұмытпай, қадірлесек бұл жастар үшін тәрбие бастауы болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау газеті. // 8 қыркүйек 1992 жыл.
2. Маңғыстау газеті // 14 қазан 2010 жыл.
3. Егеменді Қазақстан // 15 қазан 2010 жыл.
4. Қазақстан патриоты // №1 2013 жыл.
5. Әділ Жұмалыұлы. Адай Билері Айтқан. Алматы: «Арыс», 2006

6. Әбілқайыр Спан. Иса Тіленбайұлы. Алматы, 2004 жыл

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ – ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Байжан Г. Е.

Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада жаңартылған оқу жоспары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және білім сапасын жақсарту бойынша жаңа қадамдар қарастырылады.

Түйінді сөздер: оқу жоспары, білім сапасын, білім беру.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Әлемдік жаһандануға бейімделіп, қарқынды дамып жатқан әлемде ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейі екендігін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз жолдауында: "Өмір бойы білім алу" әрбір қазақстандықтардың кредосына айналуы керек деген. Бүгінгі таңда елімізде білім саласына неге өзгеріс енгізуіміз қажет? Елбасымыздың жолдауындағы сөзі осының дәлелі іспеттес. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға жас жеткіншектердің білім, білік дағдыларын ғана емес, оның тұлға ретіндегі дамуына талап қоюда. Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, оларды мұғалім қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жаңа форматтағы педагогтан тек өз пәнінің білгірі болуды ғана емес, педагогикалық-психологиялық білімділік, ақпараттық-технологиялық білімділік, саяси-экономикалық көзқарас пен білімді талап етеді. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Кез келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіз педагог істі құлдыратады. Қазақстан Республикасында орта білім беру жүйесі дамуының Мемлекеттік тұжырымдамасында осылай делінген. Бүгінгі таңда білім беру мазмұны жаңартылып жатыр. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдыларын ғана емес, оның тұлға ретінде дамуына талап қоюда.

Ал бүгінгі ұстаздарға қойылар бірден-бір талап білім беру жүйесі өзгергендіктен білім беру процесіндегі негізгі жылжымайтын күш - педагог та өзгеруі тиіс. Ертеңгі жаңа формация мұғалімі қысқа да ұзақ мерзімді әдістемелік мәселелерді әзірлеп, оларды шешуге деңгейін бағалау, өзіне өзі талдау жасауға көп уақыт бөліп, өз-өзін

оқытып, үйретуге ұмтылады. Жаңаша білім беру үрдісінде бүгінгі жеткіншектерге білім берудегі басты мақсаттың бірі - бәсекеге қабілетті тұлға дайындау десек, бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың бір жолы - жеке тұлға қалыптастыру. Осы міндетті жүзеге асырудың бірден-бір жолы- өзгерген сабақ түрінде өтеді десек, неғұрлым жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі мәселелер түрлеріне тоқталсақ:

- оқушылардың белсенділігін, өз бетінше ізденуін, шығармашылық қабілеттерін, функциональдық сауаттылықты күшейту;

- оқушы бойындағы қызығушылықты ояту, білімге деген қажеттілікті қалыптастыру;

- сабақ құрылымын жетілдіру;

- сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану;

- оқытудың белсендіруші әдістері мен құралдарын қолдану;

- оқушылардың танымдық қабілетін дамыту;

-оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру;

-оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытудың тиімді нұсқаларын таңдау;

- өзіндік білімін көтеру;

-мұғалімнің барлық қызметі мен алынған нәтижелерді талдау;

Қарқынды дамыған заманда білімге деген көзқарас өзгерді, олай болса, мұғалімдер де өзгерді деген сөз. Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Мемлекетімізді өзге елдермен теңестіретін нәрсе-білім.

Ең басты мәселе - мектептің білім сапасын көтеру, осы бағытта сыни ойлануға мүмкіндік беру керектігі, осы себептен көп өзгерістер енгізу қажет. Енді қандай өзгеріс енгізу қажет дегенде, төмендегі мәселелерді басты назарда ұстадым.

1. Білім сапасын көтеру

2. Оқушының сабаққа ынтасын, қызығушылығын арттыру

4. Топтық жұмыстарды сапалы ұйымдастыру, тиімді қолдану

5. Ата - ананы мектептің дамуына өз үлестерін қосуға шақыру

6.Мұғалімдердің АКТ қолдануына бағыт беру, тиімді қолдануды үйретуге арналған сабақтар ұйымдастыру

7. Пән мұғалімдеріне жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету

8. Барлық мұғалімдер үшін коучинг сабақтарын ұйымдастыру

9.Дарынды және талантты балалармен жасалатын жұмыс түрлерін енгізу

10. Мұғалімдердің кәсіби жетілуіне қолдау көрсету

Бүгінгі таңда білім беру мазмұны жаңартылып жатыр. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушының білім, білік, дағдыларын ғана емес, оның тұлға ретінде дамуына талап қоюда. Кез келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіз педагог істі құлдыратады. Қазақстан Республикасында орта білім беру жүйесі дамуының Мемлекеттік тұжырымдамасында осылай делінген.

Ұлы ойшыл ақынымыз Абай айтқандай, адам бойындағы ізгі қасиеттерді оятатын ұлылық ұстаз қолында. Оқытушы ұрпақ бойындағы табиғаттан берілген ерекшеліктерді дамытумен қатар, ұшы-қиыры шексіз білім әлеміне жетелейтін көшбасшы болуы керек. Өз ісіне алғыр да жетік, кез келген жағдайда ұшқыр шешім жасай алатын оқушыны қалыптастыру үшін оқытушының да кәсіби деңгейі жоғары болуы шарт. Жаңа білім беру үрдісінде жас жеткіншіктерге білім берудің басты

міндеттерінің бірі-бәсекеге қабілетті тұлға дайындау десек, бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың бір жолы-жеке тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға қалыптастыру үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, шыңдап жол сілтеп, тұлғалық дәрежесін көтеру керек.

к/с	Дәстүрлі оқыту	Жаңартылған білім мазмұны бойынша
1	Оқушылар сабақты механикалық түрде есте сақтайды	Мұғалім сабақты топқа бөлу әдістерімен жүргізеді
2	Сабаққа қызығушылық танытпайды, кейбір оқушылар жалығып отырады	Топта бірлесіп жұмыс жасайды, қызығушылық артады
3	Сабақта көңіл- күйлері мен сезімдері ескерілмейді	Оқушылардың белсенділігі оянады, топтағы оқушыларға ілесіп жұмыс жасауға ұмтылады
4	Сабақта бір оқушы сабақ айтады, басқалары тыңдап отырады	Тапсырманы бірлесіп оқиды, бір-біріне түсіндіреді
5	Мұғалім сабақты түсіндіреді, оқушылардың сыни ойлануына мүмкіндік берілмейді	СТО әдістері бойынша оқушыларға ойлануға мүмкіндік беріледі
6	Сабақ арасында, соңында кері байланыс орнатылмайды	Сабақ арасында, соңында кері байланыс орнатылады, оқушылар өз ойларын анық білдіреді
7	Сабақта өмірмен байланыс кей жағдайда орнатылмайды	Оқушылар сыни ойланып, тақырыпты өмірмен байланыстыра алады
8	Бағалауда әділдік болмайды	Мұғалім өзін-өзі бағалауға, топқа баға беруге, критериялды бағалау әдістері бойынша бағалауға мүмкіндік береді

Олай болса, мұғалімдер қауымы жаңаша білім беру үшін жаңаша әдіс-тәсілдерді игерген, ақпараттық коммуникативті технологияларды толық меңгеруі шарт. Жаңаша әдістер мен ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде сапалы пайдалану-жеке тұлға қалыптастырудың тиімді жолы. Ақпараттық технология құралдары оқыту үдерісінің барлық кезеңдеріне, атап айтқанда, жаңа тақырыпты меңгертуде, алынған білімді бекітуде, қайталауда, білім, білік, дағдысын бақылау барысында қолдануға болады. Олай болса, қазіргі таңда оқушы- ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оқушының білімдік қабілетін дамыту үшін мұғалімдер де жан-жақты қаруланған болуымыз керек. "Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі біліммен байлап беру керек" -деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Әріптестерімді жаңалықты қабылдап, жаңаша оқытуға көшіп, оқушының білім сапасын арттыруға, оқушыларды шығармашылық қабілеттерін арттыруға жұмыла кірісейік деген бағытымды айтқым келеді.

ФАРИЗА КЕҢІСТІГІ

Қамарова Н.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада ақын Фариза Оңғарсынованың жыр әлемі зерделенеді. Әйел жаратылысының нәзіктігі мен қылықтылығын, жаны мен тәнінің сұлулығын, махаббатының мөлдірлігін тап Фаризадай жарқыратып, сүйсінте жазған ақын жалғыз-жарым ғана. Әйелдің болмысындағы табиғи қадір-қасиетін, әсіресе мөлдір махаббатын, осы жолда кезігетін қызғанышы мен сүйінішін, рахаты мен ләззатын жеріне жеткізе иландыра, сүйсіндіре, тереңнен толғап жазған соң ғана ол мың сан оқырманға ой салады. Жүрегімен жыр қашаған ақынның өлеңдері өмірлік өнеге алатын ақиқаттан бастау алатын, жан сусынын қандыратын тас бұлақтың таза суындай. Ендеше жұртты ысырып, өзіне жол ашпаған, басқаларды баса-көктеп төрге озбаған, ешкіммен жең ішінен жалғаспаған, арзан атақ-беделге жармаспаған, жалған күліп, жорта жылағансып, өтірік жаны ашығансымаған, жалғандықпен жұғыспаған адамды ардақ тұтып, өмірінен өнеге алуды дәріптеген ақын алдында да, оның осындай қазақы қасиет, мінезге бай лирикалық кейіпкеріне де тәнті боласыз. Ақын өлеңдері – шынайылықтың шырайы.

Түйінді сөздер: Қазақ поэзиясы, Фариза Оңғарсынова, лирика, лирикалық образ, көркемдеу құралдары.

Адам жанының терең қатпарына үңілу, терең психологизмге қол жеткізу – шын шебердің ғана еншісінде. Қазақ әйелдер поэзиясының көш басындағы Ш.Иманбаева, М.Хакімжанова, З.Қалауова, Т.Әбдірахманова, М.Айтхожина сияқты алдыңғы толқынды қуған бүгінгі Ф.Оңғарсынова, А.Бақтыгереева, Қ.Бұғыбаева, К.Ахметова, Г.Салықбаева, Б.Бекетова, О.Тұржан, Г.Шәмшиева, Ж.Әскербекқызы, Р.Қараева сынды талантты ақын қыздар – ұлттық поэзия бағының шоқ гүлдері. Әйелдер поэзиясы – ең алдымен азаматтық поэзия. Әйелдер әлемнің күрделі табиғаты Фариза Оңғарсынова жырларында мейлінше шынайылықпен жырланады. Ақын Павел Антокольскийдің афоризмге айналып кеткен Марина Цветаева жайындағы: «Марина Цветаева никогда не поэтесса. Она – поэт» деген сөзі ойға оралады. Бұл тұжырымды Ф. Оңғарсыноваға арнап айтсақ, қателеспейміз. Фариза ақынның боямалау, әсірелеумен жаны қас. Қай шығармасында да өмір драмасын қаз қалпында көз алдымызға әкеледі. Өйткені лирикалық поэзия ақиқат-шындықтың көркемдігін айқын түрде, айқын көрсете алады. Ол – кәдімгі өмірдің әрі көркем, әрі жарқын тұсы, болмыстың эмоциялық келбеті. Басқа әдебиет түрлерінен де көп жағынан ерекшеленеді. Әсемдіктің үлгісі әйел боп ғұмыр кешіру қасиетті де қадірлі, күрделі де қиын екені белгілі. «Жыр жазу деген – азап, от, Әйел боп туған болмысқа...», - деп жырлайтын Фариза ақындықтың азап отының ортасында өтсе де, ақындық пен азаматтықты қатар алып жүрді.

Ақынның отты өлеңдерімен қатар күрескер ақын М.Өтемісұлы туралы «Алмас қылыш», қазақтың әнші өнерлі қыздары Майра, Сара жайлы «Тартады бозбаланы магнитім», «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Қарғыс», «Қасірет пен ерлік жыры», сондай-ақ «Дала тағдыры», «Ақбөбек жырлары», «Жантолының монологаы», «Мүшәйра», «Мен өмірді сен деуші ем», «Интервью», «Қырдағы айқас» т.б. поэмалары жарияланды. Оңғарсынова әйел тақырыбын шығармаларына негіз еткен ақындардың бірі, оның «Дыбыстар әлемі» дастаны, қазақтың композитор қызы Ғ.Жұбановаға, күйші Д.Нұрпейісоваға, «Бибігүл – ән» жыры әнші Б. Төлегеноваға, «Назқоңыр»

Р.Бағлановаға, «Жыр анасы» М.Хакімжановға, «Тыңдаңдар, тірі адамдар!» топтама өлеңдері қос батыр Әлия мен Мәншүкке арналған. Сондай-ақ, «Қыз махаббаты», «Қыз сөзі», «Шығыстағы ару қыз», «Парсының сұлулары», «Әйел теңдігі», «Әйелдің монологы», «Қызыл тымақты қыз», «Қыз – ғұмыр» атты жырлары ақынды әйел адамның жиынтық бейнесін сомдаушы қаламгер ретінде танытады. «Үйім менің – Отаным», «Революция және мен» өлең топтамалары үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығын алды (1984). Атақты механизатор К.Дөнентаева жөніндегі «Біздің Кәмшат» атты деректі повесі (1966) мен «Шашы ағарған қыз» (1990) секілді прозалық туындысының сөз өнеріндегі орны ерекше. Оңғарсынованың көптеген шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Оңғарсынова «Әр жылдары 20-дан астам өлең жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, аудармалары «Жазушы», «Жалын», «Молодая гвардия» баспаларынан жарық көрді. Орыс, туысқан республикалар ақындарының, Чили ақыны П.Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алумен ерекшеленеді. Ақының творчествосына тән басты қасиет – шындыққа бас ию. Оның бұл қасиеті кез келген туындысынан да айқын көрініп тұрады. 1979 жылы жарық көрген «Сенің махаббатың» жинағындағы «Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы» атты поэмасы ақын творчествосының шындық шырқауы, негізгі қағидасы – шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар. Бүгінгі сыршыл лирика – жаңарған, жаңғырған кең өріс. Ақынның ащы шындықты алдымызға жайып сап, заман жайын, адам жайын тебірене толғаса – күйректік деп сынайтынымыз да жасырын емес. «Ақын күйрек тарта бастаса, кемелдікке бет бұрғаны... Баяғы жалған пафостың орнын бүгінгі сұрқай тіршілік тудырған түңіліске, күңіреніске толы запыран ойлар басқан» [1, 4-5], - деген жазушы Марал Ысқақбай ойының түп-төркіні бүгінгі поэзияға жіті назар салуда жатыр. Шер толқытып шығарған мінсіз ойды оқырман құштарлықпен қабылдайды. Ақын оқушы көңілін ағынан жарылған сыршылдығымен жаулайды. Лириканың мақсаты – ақын сыры мен шынын, шері мен толғанысын, мұңы мен зарын... – жан күйлерін оқырман жүрегіне жеткізу. Яғни «...ақын қарабайыр сұрықсыз тірліктің өзінен де кез келген көкіректе көктей жөнелер дән тауып, оқырман көңіліне еппен егуі керек. Ащы дәріні қантқа тамызып бергендей аңғартпай ұсынсын. Сонда оқырман кермек ойдың көңіл тұщыңтар ләззаттын бойға қалай сіңіргенін сезбей қалады».

Ақын туындыларынан өтпелі дүниенің жұмбақ жаратылысын, уақыт тынысын, күй жайын, табиғат пен адам болмысын осынау көркемдік нақыштан көріп, заман үшін естиміз. Ақын қай тақырыпты жырласа да шындық ауылынан бір адым да аттамайды. «Ақындар адам өмірінің үнемі бір қалыпты болмайтынын, оның сәулелі жағымен қатар көлеңкелі жағы, сәттілігі мен сәтсіздігі, қуанышы мен реніші, жазы мен күзі бар екенін де толғайды» [2, 145], - деп ғалым Ә.Нарымбетов тұжырымдағандай өмірдегі әр құбылыс, әр сәт ақын жанына әсер етіп отырады. Заман ағымы ақын жанын жаншылып, жүрегін шаншытады. Әр лирикалық өлең – ақынның жан-дүниесінен хабар беретін ақиқат негізі, көңілінің, жүрегіннің күнделігі. Үлкен сезімнен туған дүниелер құдды психология оқулығы типтес. Аса бір нәзіктікпен адами болмысты дәл көрсете біледі. Бірде қуанып, бірде жабырқататын шығармалар ақынның сезімдік дүниесінен хабардар етеді. Психолог Э.Б.Титченер айтқандай: «Сезім психологиясы – кең көлемде айтқанда әр түрлі пікірлер мен сенім-наным психологиясы. Автор қарапайым аффектілік процесс, қарапайым сезіну түйсікпен үйлеседі және бір жағынан бір-біріне айырмашылығы да жоқ емес деген көзқарас ұстанады. Әрі қарай автор көзқарасын сезімнің екі түрі мен сапасы: сүйсіну мен наразылық деп жалғастырады» [3, 190].

Адам көңілінің пернесін әр ақын өзінше басады. Адам жанының пернелерін баса отырып, әр ақын өзіндік қасиетімен танылады. Ақында стилі әр түрлі болғанымен, бәрінің бөлер ләззаты, сезімі ұқсас, кейде бірдей деуге де болады. Эстетикалық ләззат сиқырын түсіну – жүректің ісі.

Шаршадым-ау...

Қайтсем енді тыныштық табар жаным,

Жүйке менен жүректі тарамдадым.

Ләззат ап әрнеден басқалардай,

Өмір кешу – бұл күнде бар араманым.

Күйретердей жанымда жанар жалын,

Жүрегіммен жыладым, алаңдадым.

Кең дүние салмағын, салқындығын

Жиып-теріп үйгендей маған бәрі... [4, 68].

Адам психологиясының түрлі иірімдерінен хабар беретін бұл шумақтарда сезім мен ойдың түйісуінен ақынның ой түйіндеулері де алдымызға жайылады. Ақынның күйбеңі көп тірліктен шаршап-шалдығуы, ақын жанының жабығуынан, жан азабының өз шегінен шығып, тәтті үрейге ұласуынан қайғының да бір тәтті рақаты болады. Өйткені адамның терең жан күйлері сипаты, мазмұны жағынан бір формада екінші формаға көшіп, түйсік әлемін толтырып отырады. Ақын Күйретердей жанымда жанар жалын, Жүрегіммен жыладым, алаңдадым... Бұл жолдардан ақынның лирикалық көңіл күйімен қатар ішкі дүниенің терең жатқан құрылымын да көреміз.

Адамның терең жан күйлері құндылықтар дүниесімен қабысып жатады. Ақынның шынайы жырларында өмір күрестегі мүдде биіктігі мен әлеуметтік шындық, азаматтық күрескерлік пен қайсарлық, әділдік пен адалдық, сенім мен адамгершілік сияқты жалпы адамзаттық моральдық философиялық категориялар үстем болып, нанымды шығады. Бұл реалистік психологизм көріністері болып табылады.

Адам мен жаны дарқан, арманы бай,

Қиялдың қондырушы ем заңғарына ай.

Жаманнан көңіл қалса бір сәрі ғой,

Жақсыдан жайсаң көңілім қалғанын-ай.

Мұңсыздық маған мұнша бөтен бе еді,

Бөлінбей, жанымға сөз мекендеді.

Неліктен көп адамға деген шексіз,

Мейірімді жомарт пейілім өтелмеді?!

Келеді кешіріліп не қылықтар..

Тазарар ақ нәсерге шомылып тал.

Тағдырдың маған берген бір байлығы -

Менде тек түңілу жоқ мол үміт бар! [4, 121] –

деген өлеңінде де ақын өз сезімін ашықтан-ашық, еш қоспасыз шынайы жырлаған. Өз өкінішін білдірген ақын, алдағы күннен үміт отын өшірмейтінін де анық бейнелеген.

Адамның тылсым сырларын нағыз лирика ғана ашып көрсетеді. Объективті өмір шындығы ақиқатты субъективтік сана елегінен өткізілді. Лирикалық «меннің» сезімі арқылы терең түйсік аңғарылады. Кейде тұтас бір буынның өзекжырды сыры ақын тебіренісімен жарыққа шығады. Міне, осылайша адамның терең жан күйінің лирикада бүкпесіз, шынайы бейнеленуі тура психологизм болады.

Мысалы Фариза ақынның мына бір шумақтарында бүркемеленіп тұрған жабық сыр жоқ:

Басқа түскен қайғынды,
Ешбір адам жан салып бөліспейді.
(дос боп жүрсін, сен күнде көріс мейлі),
Күйзелетін сен ғана, егілетін,
Тек сен тартар азап қой ол іштегі.
Мүсіркесіп кетеді, іші қайраң,
Қайғы уынан өртен сен, өл, іш, мейлі:
ешкім сонда ол уға қолын созып.
Мен ішем деп жартысын бөліспейді [5, 42].

Өлеңге тереңірек мән беріп, оқи отырып, поэтикалық өрнегі, сезім шынайылығы, ақиқат тереңдігі, эстетикалық әсерлігі жағынан үлкен поэтикалық дүние екеніне көз жеткіземіз. Өлең тереңіне бойлай отырып, ақын психикасын ұғынамыз.

Лирика жайлы тың еңбектердің басым көпшілігінде лирикалық образ сезім мен толғаныс образы ретінде көрінетіні баса айтылады. «Лириктің образы – ақынның өзінен басқа ешкім де емес, - дейді неміс философы Ф.Ницше, - тек бұл оның әр қилы формада объективтенген тұрпаты, сондықтан осынау ұлан-ғайыр әлемнің кіндік-тұтқасы ретінде ол «Мен» деп сөйлеуге әбден хақылы; бірақ бұл «Мен» эмприкалық реальды «меннің» өзіне ұксамайды, ол – жалпы әр нәрсенің тегінде, негізінде жатқан бірден-бір мәңгілік қасиет, ақиқат мән ретінде көрінеді» [6, 73-74]. Яғни лирик ақын – лирикалық кейіпкер рөліндегі бейне, бүкіл жан дүниесімен лирикалық бейненің танымы. Ақындардағы ішкі қайшылықтарды реттейтін эстетикалық серпіліс психикалық процестер мен күштерді жинақтайды. Ақын «Менінен» барлық ой-сезімдері тарамдалып, бұдан психологизм құбылысының түрлері жіктеледі. Лирикадағы психологизм құбылысының түрлері жіктеледі. Лирикадағы психологизм рөлін айқындағанда түпсіз дүниені аңғартып, әлдебір әуен болып қабылданатын сиқырлы лирика тілі өзек болды. Өлең – ой мен сезімнің әрекет ету құралы. Ақын бойындағы әсерлер өлеңдегі образға жинақталып, эмоциясын танытады. Осылайша өлеңдегі терең психологизм көрініс береді. Лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Әр ақын – өзінше бір құбылыс, өзінше әлем. Лирикада алдымен ақын психологиясын ашамыз. Ақын психологиясы лирикадағы сан алуан сипаттар, көріктеу құралдары – психологиялық портрет, авторлық баяндау, суреттеу, ойды саралау, қиялдап қосу, лирикалық толғау түрлерінің бірінде ашыла ма, болмаса басқа да көркемдік компоненттер арқылы ашыла ма – ақынның жан әлеміндегі арпалыс тебіренісі дәл ішкі монологпен ашылғандай ашыла алмайды. Ішкі монолог арқылы ашылған ақын жан-дүниесін айнадан жарқырата көргендей күй кешеміз. Егер эпикалық шығарма бастан-аяқ ішкі монологқа (немесе диалогқа) құрылса, онда оқырманын жалықтыратын сүреңсіз шығарма туар еді. Лирикалық өлеңнің күдіреті – қысқа бола тұра, оқырманын аз сөзбен талай сезімге сүңгітіп, сезім сиқырымен баурауында, шағын болса да көп құбылысты сол күйінде жеткізе білуінде. Лирикада диалогтан гөрі монолог басым болып тұтасып, бірыңғай лирикалық өрнек-нақышпен әрленіп жатады.

Лирикадағы ішкі монолог қайдан туындайды? Кейіпкер пішіміндегі ақыннан ба әлде, ақын пішіміндегі кейіпкерден бе? Бұл сауалға белгілі ғалым З.Қабдоловтың «лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі» деген сөзі жауап бола алады. Өйткені лирикалық кейіпкерге ақын өз басындағы сезім – сырды, толғанысты көшіреді. Басқаша айтқанда жанр оқиғасында ақынның нақ өзі жүреді, лирик ақын әдеби бейнеге айналып жүре береді. Лирикалық кейіпкер өмірлік құбылыстарды, тіршіліктің түрлі аспектілерін, өзінің түрлі сезімдерін, күдік – сенімдерін, қоршаған ортаға көзқарасын, эстетикалық нысанасын, мақсат-мұратын монолог түрінде білдіреді.

Л.Гинзбург атап көрсеткендей: «Лирикалық поэзия – (күнделікті болмаса да) ақынның өзі және өз сезімі жайлы айтылған тікелей сыры, жан толғанысы» [7, 6].

Өмірден ылғи нұр күттім,
Кешсем де талай өткелін.
Таңданам, бүгін тірліктің
Құпиясы, мұнша көп пе едің?
Мол екен жұмбақтары да,
Зардаймын ойсыз күніме.
Нәзіктеу мөлдір жаныма,
Ауырлау ғасыр жүгі де [5, 175].

Міне, бұл көпті көрген ақынның жан түпкіріндегі бұлқыныс-толқыныстарының бір жалт еткен сәулесі. Лирикалық нәзіктік, жан тебіренісі, ой – сезім тереңдігі – ақын жанының байлығы. Фариза ақын өлеңдерінің сыры терең жұмбағы зерек. «Әйел тілегі» аталатын бұл өлең, тек ақынның, тілек-мұңын емес, көкірегінде көзі бар барлық, жанның айтар ойын жеткізіп тұр. Өмірден ылғи ізгілікті ғана аңсаған тынымсыз ақын жаны тірліктің шешусіз құпия жұмбақтарының көп екеніне, таусылмайтынына таңданып, шарқ ұра өмір жұмбақтарының кілтін іздегендей. Өмірдің күнгей-көлеңкесінің көңіл діріліндегі ділін түсіндіреді. Адам психикасы – өте күрделі де жұмбақ әлем. Сезіну, қабылдау, ойлау немесе қиял әлемдерінің біріккен жүйесі жалпы объектілермен байланысты бірлікте ұғынылады. Ақын «Жыл өткен сайын өмірде, Рахаттан гөрі мұң басым» деген психо-философиялық тұжырым жасайды. Ішкі монологпен шешіле сөйлегенде ақын психологиялық, философиялық тұрғыдан да тіл қатады. Күшті сезім мен эмоцияны жүйелейтін мұң атты психикалық форма ең алдымен лирикаға тән, яғни ішкі монологты құрайтын негізгі күш.

Лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей болғанымен, оның жеткізілуі әр қалай. Қазіргі қазақ әдебиетінің кемелденуіне байланысты, көркемдеу құралдарының, бейнелеу үлгілерінің молаюына байланысты ішкі монолог түрленіп қолданылып, шығармаға көркемдік нәр береді. Бұл тәсіл көбіне психологиялық талдау ретінде беріледі. Ф.Оңғарсынованың «Әйелдің монологы», «Бақыттының монологы», «Бойжеткеннің сөзі», «Жастық шақ монологы», «Қоштасу» («Қыз Жібектің соңғы сөзі»), «Жантолының монологы», «Жастық шақ туралы элегия», «Кек немесе келіншектің ызасы», «Аңсау немесе жесірдің зары», «Мұқтаждық немесе жетімнің монологы» сияқты лирикалық өлеңдердің сезімдік психика циклі – эстетикалық өріс емес, зерттеу. Ақын өзін ғана зерттеп қоймайды, жалпы адам жанын зерттейді, лирикалық кейіпкерін де танытады. Жоғарыда аталып өткен ақынның монологтары – лирикалық кейіпкердің, атап айтсақ, бойжеткеннің, Майраның, Жантолының, Қыз Жібектің, т.б. атынан айтылады. «Әйелдің монологынан» үзінді келтірейік:

Сенің от құшағыңда
дүниені ұмытып талықсыдым.
Жүрегімді өртеді жан ыстығың...
Бірақ өзің айныдың.
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,
сен мысқылдап, мен дағы жылап тұрдым.
Өмір деген бұрқанған дарияға
бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.
Сонда ғана есейіп бұл жалғанда,
Бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім [8, 68].

Лирикалық кейіпкердің жан айқайын ақын дөп басып, дәл көрсете білген. Алдамшы сезім жетегінде кеткен әйел үні ақын жүрегінен сүзіліп шыққан. Бұл – кейіпкер пішініндегі ақын сөзі. Сонымен бірге лирикалық кейіпкердің ішкі рухани дүниесі лирик ақынның дүниетанымын да байқатады. Кейіпкер психологиясын танымдық тұрғыдан тану өлең өрімін табиғи тұтастықта талдауда шеберліктің шынайылық сипатына саяды. Бірсыдырғы мазмұндау, қарадүрсін, қарабайыр жүйелеу жыр әлемінің жүйесін жасытып, жемісін желілей алмайды. Нағыз психологиялық өлең – шын ақынның өмірден көрген-түйіндерінен туған терең толғаныс, әсерлер.

Фариза Оңғарсынованың өзі туралы монологының тағы бірі мынадай:

Жұрт мені қатал дейді,
Найзағайдай мінезі шатырлаған,
Біреулері айтады ақыл маған:
Өркөкірек, тәкаппар, менменсіген...
Ұнатпайды дәл мұндай ақынды адам,
(Одан сайын мен шіркін қатуланам).
Біреулер қиялдайды,
Мұндай адам ешкімді сүйе алмайды,
Өтірік өлең жазады талықсыған,
Қайдан ғана бал сезім таныс бұған?
(Түсініксіз қалпыммен байғұстарды,
Ойларымен өздерін алыстырам) [4, 285].

Лирикадағы монолог – ақынның шынайы да мөлдір жаны, ішкі тынысы, ішкі демінің дірілі. Ішкі монологтардан ақынның жан дауысы естіледі. Өмір, жазмыш жүйелерін өзінше сезініп, өз дауысымен жүрегіне дауа іздеп, жыр әлемінің жыртысын жыртып, өлең өлкесінен өз орнын табады. Адам жанын тамыршыдай тап басатын ішкі монологқа құрылған өлеңдердің қайсысы да өзіне бірден баурап әкетеді. Асқар Сүлейменов айтқандай, «Менмен» бірге әдебиет тірлігіне шық мөлдір лирикалық тебіреніс келді. Көктем айларындағы жаңбыр суындай таза поэтикалық ағыс келді» [9, 134].

Ақын табиғат құбылыстарын жан-дүниесімен қатар өреді. Пейзажда адамға тән сипаттармен суреттеп, жансыз табиғат құбылыстарына көркемдік мінездеме беріп, ой-қиялға әсер ете алса – ақынның ұсталығы мен тапқырлығы. Ф.Оңғарсынова – табиғатты адам сипатарымен бейнелеудің де шебері. «Күздің соңғы күндері» деп аталатын өлеңі былай басталады:

Ерке өзендер жатпайды тасып ағып,
Таулар да тұр жамылып басына бұл
Ақ қайыңдар жылайды жапырағын
Байқаусыз шашып алып
Аспан да жас төгеді ашынғаннан,
Жасыл көркін жаздағы жасырған маң.
Бозаң дала жатады томсырайып
Баладай ашуланған [4, 141].

Көздің мұңдылау, жабырқау суреті көз алдымызға келеді. «Ақ қайыңдардың жылауы», «аспанның ашынғаннан жас төгуі», «томсырайып жатқан бозаң даланың баладай ашулануы» - кейіптеудің тамаша мысалдары.

Төмендегі мысалдар да ақынның психологиясын танытқан:

Тына қап жел де жансыз,
Сұлулыққа қарайды Ай да жасып.
Біз секілді Аспан мен жер де амалсыз.
Көздерімен тұрды тек аймаласып [5, 49].

Сұлулыққа табынбайтын жан бар ма? Мына өлеңдегі «Айдың сұлулыққа жасып қарауы» – шынында тапқырлықпен айтылған бейне. Бір – біріне тек қараудан жалықпайтын Аспан мен жер адамдар тәрізді. Ақын аспан мен жерді «біз секілді» деп, өз сезімімен қатарластырған.

Қоңырқай бұлт тас түйіп қас – қабағын,
Тұмшалады аспанның жақсы ажарын.
Көп жыламас адамның көз жасындай,
Төгіп жатыр шелектеп тасқа зарын [5, 78].

Бұл шумақ та тұтасымен – ақын жаны. Қоңырқай бұлт – ақын жанының символикасы. Суреткер жалпы поэзиясында өз мұң – шерін бұлтқа, жаңбырға сыйғызады.

Ұлттық көркем ойлау – қазақ поэзиясында дамыған тәсілдердің бірі. Фариза поэзиясында ұлттық ойлау, ұлттық мінез көбіне төрт түлікті образға айналдыру арқылы танылады. Ақын жырларында ең көп кездесетін ұлттық образ – жылқы түлігі. Адам көңілін жылқының ең асыл тұқымды түріне, дүлдүліне, жүйрігіне балау – қазақ поэзиясында әуелден қалыптасқан дәстүр. Алып-ұшқан, көтеріңкі көңіл-күйді бейнелейтін осындай лирикалық туындылардың басым бөлігінде арғымақ, тұлпар образдары ілесіп жүреді.

Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен.
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік күшке мінем, -
немесе:

Сонысымен тәтті де өмір деген,
тұралаған өмірді өмір демен.
Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
Тағы ілгері желеді көңіл-дөнен [4, 170]., -
деп бірде көңіл күйін сәйгүлікке баласа, біресе дөненге телиді. Сәйгүлік күшке міну, желген көңіл-дөнен – оптимистік сарындағы бейне. Бұл жердегі сәйгүлік те, дөнен де – ақынның ұшқыр қиялы, оттай ыстық сезімінің көрінісі.

Құпиясы мол ақын жанының күрделілігі мына бір жолдардан да байқалады:
Менде бір толғаныс бар,
(Кейде өзім де түсінбеймін),
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген,
Бәйге алаңы сияқты дүсірлеймін [5, 202].

Қырдағы дүсірлеген бәйге алаңы – ақын басындағы әрқилы көңіл-күйлер, психологиялық драматизм, сезім-қиял шиеленісуі мен шарықтауы. Қандай да болмасын күрделі ой мен сезім күйлерін осылайша қарапайым, көзге елестетерліктей бейнелі жеткізе білу – Фариза ақын қаламына тән қасиет.

Жыл сайын, ауыл, сендегі,
Қымбаттарыма оралам.
Сақталған көңіл- теңдегі,
Сырды ақтаруға оралам... [5, 196].

Тең – ұлттық өмірімізде ата-бабаларымыздың көшпелі өмірінен қалған мұра, көлікке арту үшін буып-түйген жүк болса, ақынның көңілді теңге балауы, жүрекке артатын сыр толы «теңі» – ұтқырлықпен бірге ақын жан-дүниесінің байлығы, қымбат қазынасы.

Қайтқан теңізге ұқсайды жаным менің.
Кеше ғана жарлы едім, ағынды едім.

Бүгін қымыз сарқылған торсықтаймын,
Түк жоқ іште, бітіпті дабыл, кегім [4, 227].

Қымыз сарқылған торсық – таусылған амалдың, үзілген үміттің, түңілістің картинасы.

Қаншама құлшынғанмен, күңкілдердің
Шылбырын жетпей әсте қыркуға әлім
Шаршады шырылдаумен бұл қу жаным [4, 139].

Мұнда ақын күйініші сипатталады. Жалпы ақын жауапкершілігінде шындық пен өмір жауапкершілігінде шындық пен өмір алдындағы парызы тұрады емес пе? Өтпелі дүниеге өктем қараған ақын жаны күңкілдердің шылбырын қарқа алмай шырылдайды. Күңкілдердің шылбырын қырку – адалдықтың әрі жігерліліктің символы.

Көп ойды көңілімде құлындатып,
Қан қалғып жүрегімде мұңым қатып [4, 352].

Ойды құлындату да – ұлттың өмір-тұрмыстың негізінде туындаған шынай бейне.

Ал енді жайлау образына келер болсақ, бұл сөз-бейне де қазақ поэзиясында құлашын кеңге жайған. Жалпы жайлау бейнесі – кеңдіктің, дархандықтың белгісі.

Айыпты өзің. Осылай құлазытып.
Сонсын қайта көңілді толтырасың.
Менің көңіл – көгімнің жайлауысың,
Сұрасаң жұрт тек саған жол сұрасын [5, 246].

«Жайлауға келгенде» деген өлеңде жайлауға сағынышпен келген, бірақ ауылда туып, қалада өскен, қала сәнімен киінген ақынның жан дүниесі жайлаудай шалқи жөнеледі:

Жоқ, менің жаным – қазақтың жаны кіршіксіз,
Бал қымыз қайда – әкелші, қалдық күнсіп біз.
Келдім ғой мұнда (қарама, жеңге, аңырып)
Тезекке піскен таба нан иісін сағынып...
Домбыра бар ма? Берейін әсем ән салып,
Қазақтың әнін тыңдайсыңдар ғой тамсанып...
«Қалада өстім, бәрі ерсі мұнда», - демейін,
Қол тимей жатса, сиыр да сауып берейін...[5, 27].

Нағыз ұлттық психология. Ауылын аңсап келген, қалада жүргенде жүрегі «ауылым» деп соғатын әрбір қазақтың жүрек түкпіріндегі алып-ұшқан сезімді дөп басып көрсеткен. Сәні қалалық болғанмен, жаны далалық ақынның шынайы толғанысы бұл өлеңде әдемі өрілген. Фаризаның ұлттық нақыштағы өлеңдерін оқи отырып, даланың жұпар иісін құшырлана жұтқан лирикалық қаһарманмен бізге сіз де сайын даланың саф ауасынан жадырап қалғаныңызды, бірге толғанып, бірге тебіренгеніңізді бір-ақ білесіз. Сізді осындай сезім құшағында әлдилеген ақын күдіретіне бас иесіз. Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелтетін Ф.Оңғарсынованың лирикасындағы ұлттық бояу мына өлеңдерден де айшықталып, танылады: «Жаулықтар», «Түс», «Жайлау. Той», «Жерошақ», «Боздақ», «Ертегі елестері», «Туған ауыл», «Киіз үй», «Оюлар», «Ер тұрман», «Айналайын ауылдың адамдары-ай», «Тілеу», «Қазақтың дәстүрлері», «Қырдағы бәйге», «Жайлау таны», «Қыз қуу», «Тағдыр», «Қыр қазағының қартайғандағы сөзі», «Арғымақтары қайда екен бұл даланың», «Жаралған деп жат үшін», т.б.

Фариза ақынның атақты «Өлең» атты өлеңінен ақынның әлденеден мұңайған кезінде, біреудің «пысықтығынан» жүрегі мұздаған кезде, кешегі досының бүгін

жерігенін көргенде Фаризаның досы, сенері, мұндасы, сырласы, атар оғы, берер дәрі-дауасы поэзиясы болғанын көреміз.

Ф.Оңғарсынованың адам жанын бірден баурап алатын нәзік сырлы, жүрек елжіретер өлеңдері кеуденді күйсандық сазындай күйге толтырып, ой-санаңды дауылдай сапыратын сипатымен ерекшеленеді. Ақынның отты өлеңдері барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдауға арналған. Саңлақ ақынның жауһар жырларын поэзия сүйер оқырман іздеп жүріп оқитыны жасырын емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақбай М. Заманды даттау да, мақтау да – өлеңнің міндеті емес. // Қазақ әдебиеті, № 18. 5 мамыр, 2000. 4-5-бб.
2. Нарымбетов Ә. Қазақ поэзиясындағы замандас бейнесі. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1984. – 40 б.
3. Титченер Э.Б. Учебник психологии. Ч.І. – Москва: Мир, 1914. – 266 с.
4. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-т. – Алматы: Жазушы, 1987. – 368 б.
5. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1978. – 252 б.
6. Ницше Ф. Соч. в 2-томах. Т.1. – Москва: Мысль, 1990. – 831 с.
7. Гинзбург Л.Я. О лирике. – Ленинград: Советский писатель, 1974. – 408 с.
8. Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. Өлеңдер. – Алматы: Білім, 1999. – 168 б.
9. Сүлейменов А. Түр туралы бірер сөз. // Жұлдыз, № 4, 1963. – 122-135-бб.

ӘОЖ 323(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ

Жеткізгенова М. Т.

Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Алаш тарихында есімі алтын әріптермен сақталған ұлт зиялысы А.Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын» деген сөзінен балаға берер тәлім-тәрбиенің көргенділік тұсы басым болу керек деген ойын қапысыз тануға болады. Осылайша ұлт көсемі бала тәрбиесіне жұмсаған өлшеусіз мейірім мен шапағатты шарапаттың қайтарымы келешегінде екенін меңзеген.

Тек түркі ғана емес күллі адамзат атаулыға даналығымен бас игізген ғалым, дара данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тұлғаға тағлымды тәрбие беру мен зердесіне жол табудың ең басты назарда болатындығын нұсқаған.

Ел игілігіне жарар бірнеше ғылымның негізін қалап, сүбелі еңбектер жазып қалдырған Аристотель «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» деген еді. Бұны өз заманында белгілі болған ғылыми мәліметтердің бәрін білген ғалымның тәрбие, адами құндылықтар мәселесінен ешуақытта айналып өтпегендігін көрсететін философиялық пайымы деуге болады.

Сандаған ғасырлық уақытты артқа тастағанымен грек философы Сократтың «Өзін-өзі тану-өмірді тану» деген қанатты сөзі маңызы мен мазмұны, тәрбиелік сипаты

жағынан өміршендігін ұлылата түсуде. Ұлтына, нәсіліне, туып-өскен жеріне қатысы жоқ, бірақ ықпалы жалпы адамзатқа ортақ әсері бар осы пікірдің басты тұжырымы – әр адам өмірден өз орнын табу.

Осы орайда рухани-адамгершілікке негізделген ізгілікті біліммен өскелең ұрпақтың сезіміне селкеу түсірмей, көңіліне қаяу салмай, өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялататып, өмірлік позициясын айқындауға жол салатын «Өзін-өзі тану» жобасын ұсынған Назарбаева Сара Алпысқызы ұстанған бағытындағы білім беру стратегиясында жалпы ұлттық рухани құндылықтармен қоса әлемдік озық тәжірибелер жетістігін орайластыра, жымдастыра беруі қазіргі заманауи педагогикаға қосылған жаңалық болды. Автор «Өзін-өзі тану» пәнін оқу бағдарламасына енгізу ұсынысын беру себебін – еліміздегі білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім талаптарына сай келуі – әрбір тұлғаның өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен жетістіктерге жету жолындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын қамтамасыз ете алатын басты жол екендігімен айқындаған.

Демек, адамзат тарихында әлімсақтан-ақ сабақтаса жалғасқан ізгілікке толы қарым-қатынас, қамқорлық, мейірім, жанашырлық, кешірімділік, өз іс-әрекетіне жауапкершілік, адалдық секілді толып жатқан адами абзал қасиеттердің күнделікті сабақ үдерісінде қоса қабат үздіксіз, үзіліссіз сіңірілуі саналуан мәселелерді адамгершілік қағидалар жетегінде шешуге мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Нақты бір ақпараттар жиынтығынан тұратын білім санамен, оймен тоқылатындығы, өмірде өзіндік орны бар кірпіш боп қаланудың материалдық желісі болса, тәрбие адамның жан-дүниесімен біте қайнасып, адами абзал қасиет жинақтап, бала шағынан болашағына апаратын жолдың білім саласында алатын ілімімен қоса ізгілік әліппесін қалыптастыратын басты қайнар көзі. Осы екі ұғымның бір-бірімен тығыз бөлініссіз байланысын тәжірибе жүзінде көрсетіп, мазмұнына рухани-мәдени келбетін толық сыйдырған «Өзін-өзі тану» пәні қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруда жетекші рөлге ие боп отыр.

Осы орайда елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бірінші бөлімінде: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғыруға айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, сол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды» [1] деп атап көрсетуінің мазмұнында тәрбие иісі аңқыған салт-дәстүрге құрметпен қарау, саралап, салмақтап, ел игілігіне қызмет ететін тұстарын көзден таса, көңілден ада етпеу, ұлттық ерекшелігімізді айқындау арқылы ұрпақ тәрбиесіне қажетті алға бастайтын элементтерді пайдалану қажеттігін айтқан пікіріне тоқтағымыз келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың аталмыш пікірі елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу нәтижесі арқылы жан-дүниеміздің рухани жаңғыру жолының кедергісіз даңғылына түсетіндігін қапысыз аңғартады.

Аталмыш мақалада «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [1] деп қорытындыланатын елбасының үмітті тілегі 1999 жылы жазылған «Тарих толқынында» еңбегіндегі «... қазақтар үшін ұлттық дәстүрді сақтап-сабақтастырып отыратын мәнді тетік – ру болған».

Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндетті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегіне тегінен көз жазып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған» [2,32] деген жолдарындағы тұжырымдардың жалғасындай. Елбасы осы сөздері арқылы шыққан тегін қадірлеп, отанын сүйген ұрпақтың туыстық қатынаста қалыптасқан парызын орындауға талаптанар бағытын айтып отыр.

Автор осы пікірі арқылы өзін таныған тұлғаның айналасына деген құрмет сезімінің ұлғая түсерін тектілік ұғымы мен адамдық қасиеттің толыққанды жинағы беретінін көрсетеді. Халқымыздың «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген сыйласымға толы нақыл сөзі әуелі өзіңе, өз туысыңа, өз тегіңе деген құрметіңе бастау беріп, көпшілікпен ортақ ымырашылдық, татулыққа көш бастататын көшелі ойдың түйіні.

Психолог, философ Карл Юнгтың «Өзгенің бойындағы ұнамаған қылықтардың бәрі өзімізді түсінуге көмектеседі» деген қанатты сөзінің беретін түп мағынасы ынтымақтастық, бірлік, берекелік бағытта кісілігі қалыптасқан жеке адамның көпшілік ыңғайына бейімделуге, өзгенің пікірімен санасып ой қорытуға, сыйласуға тырысқан әрекетін көрсетеді. Рухани кесел – жаман мінезден арылып, білімге негізделген этикалық әдептілік, ізгіліктерге тәрбиелейтін тәжірибелік ережелер жиынтығын теорияға салған «Өзін-өзі тану» пәнінің де алға қойған нәтижелі мақсаттарының басты міндеті осы болып табылмақ.

Осы мақсат жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесін қолға алған аталмыш пәннің ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, балаға шын жүректен қуана білу, шаттана күлу сезімдерін шынайылықпен үйретуді көздейтін, өзгенің қуанышы мен қайғысын өзіндей сезіне алу сәтін сіңіретін рухани бай мазмұнға ие екендігін танытады.

Карл Юнгтың «Өз жаныңның тереңіне үңіле алған кезде ғана көңіл көзің қырағылана түседі» деген келесі қанатты сөзінің астарынан айналаны бағдарлауда ақылмен, адал көңілмен аңдаған адамның асыл армандар жетегіне ілесе алып, адамзат басында кездесер кез-келген сезімді үлкен жүрекпен терең түсіне алатындығы аңғарылады.

Сонымен, әлем ойшылдары, алаш зиялылары баса назар аударған тәрбиенің білім беруде басты орында тұратындығы мәселесінен «Өзін-өзі тану» – рухани жаңғыру бағытында ұлттық сипаттағы білім беру стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәні екендігі көрінеді. Себебі, пәннің өзекті міндеті етіп адамзат атаулының бақытты өмір сүруге толық қажылы екендігі, өзіңді тану арқылы өзгелердің жанын түсіну, кез келген тұлғаның қуаныш үшін жаралғандығын, әрбір ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын меңгере отырып, Адам деген ардақты атқа лайық болуын сәби шағынан түйсігіне түйіп өсуін көздейтіндігі жататындығын ескеруінде.

Пәннің ең ұтымды тұсы – әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігін ескеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыру бағытында ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу

бағдаршамы болуында және осы құндылықтардың қазақ халқына тән қасиеттер екендігін баса ескеруінде. Халқымыздың қанымен сіңген асыл қасиеттердің «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінен жатсынбай, жатырқамай көрініс табатындығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың пікіріндегі: «Сұхбаттасқан адамының жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру – әрбір қазақтың қарапайым қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады.

Өзгенің талғам-танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну – қазақ болмысының аяулы қасиеті. Мұның өзі қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді» [2,30], - деген ой тізбектерімен нақтылай түскен жөн.

Осы ойымызды айқындай түсу мақсатында педагог, ғалым Ө.Табылдиевтің қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні баяндалған «Қазақ этнопедагогикасы еңбегінде»: «Текті білу дәстүрі ататекке байланысты туыстық қатынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындай отырып, одан әрі дамытып, жекжат-жұрағаттармен, отандастармен, жалпы адам баласымен халық қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды» [3, 108], - деген пікірін келтірген орынды.

«Өзін-өзі тану» пәнінде жақсы ескеріліп, ерекше мән берілетін мәселелердің маңыздысы жеті ата, тек, туыстық қарым-қатынас атауларының «Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да, жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған» [2, 35], – деп қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән бере назар аудартуының себебі де осыдан туындап отыр.

Сондай-ақ, ғалымдар Т.Ғабитов, Қ.Затовтың «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» атты қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасаған ғылыми еңбегіндегі: «Қазақ әдебіндегі жиі қолданылатын кісілік құндылықтың бірі – тектілік. Бұл ұғым ортағасырлық түркі философиясында да жан-жақты қарастырылған. (Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн және т.б.). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тектілік рулық және генетикалық қатынастардың басым мүдделілігін білдіреді. Тектіліктің нақты тарихи формасына жеті аталық үрдіс жатады. Қазақтың «жеті атасының атын білген бала, жеті рулы елдің қамын жейді» деген нақыл сөзі бар. Жеті аталық үрдісті әдебиетте инцестке тыйым салудың дәйекті түрі десе, көптеген зерттеушілер жеті аталық үрдісті «туысқандық қоғамның» айқын көрінісі деп қарастырады» [4,178], - деп пікір қорытуын негізге ала отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің бағдарламасы мазмұнына тұтас тарихты, мәдениетті сыйдырғандығын байқаймыз. Тәрбие берудің көрнекі құралдары осы айтылған атаулар аясында өз тақырыбын толық аша алатын мәреге жетпек.

Халқымыздың ұлттық мүдделеріне сай келетін жаңа құндылықтар жүйесіне енетін осындай тәрбие құралдары ұрпақ келешегіне жарқын бағдар беріп, сара жол салуға бағыт нұсқайтын кемелденген бір үлгісі деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999. – 296 б.

3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.\Оқу құралы\ . – Алматы: «Санат», 2001. – 320 б.

4. Ғабитов Т., Затов. Қ.Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, «Қазақ университеті» /Оқу құралы/ 2012, – 382 б.

ӘОЖ 82.09 (574)

С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ «ЕСЕН-ҚАЗАҚ» ЗЕРТТЕУІНДЕГІ МИФОЛОГЕМАЛАР МЕН МИФОТОПОНИМДЕР

Алтыбаева Г.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

«Есен-қазақ» мифологемасы – Маңғыстау түлейлерінің бірінің есімі. Өлкеде аты қазірде белгілі алты түлей бар. Соның бірі - «Есен-қазақ» түлейі Маңғыстау түлейлерінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол өз алдына бір бөлек әңгіме. Жыр жолдарындағы жиі қайталанған Есен-қазақ атауы

Алыс емес арасы,
Тек екі айлық жол еді.
Есен-қазақ түлейі
Іші қалың ну еді.
Жортылумен 40 батыр
Өлі кетіп барады,
Есен-қазақ түлейге

Еніп кетіп барады, деген жолдар қайталанып, қырым циклінің Асан қайғы, Абат, Тоған жырында кездеседі. Автор бұл атаудың ең берісі дегенде XVII-ші ғасырдың басынан бар екендігін көрсетіп, атаудың шығу тарихын XIV-ші ғасыр етіп көрсеткен.

Қазақ «сөзі – әлеуметтік атау болса, есен» - мифтік-шежірелік астары бар, ол да этноним, «ең бастысы – қазақтағы Асан қайғысының түрікменше аталу нұсқасы» екен. «Есен» түрікмендердің тегі, XIV – XV ғасырлардағы қыпшақ тілді тайпалармен араласуы негізінде қалыптасқан, яғни «есен» түрікмендері оғыз текті де, қыпшақ текті де болған.

Бұл атау сыры зерттеушіні әбден тереңге үңілткен. Өзінің «Есен-қазақ» еңбегінде С.Қондыбай біріншіден, тарихи аңыздардың астарына, осы ғасырларға қатысты қолында бар тарихи мағлұматтарға талдау жасап, географиялық-климаттық, экономикалық, транспорттық мәселелерге барынша көңіл бөлген деп көрсетеді әдебиеттанушы ғалым Ж.С.Дүйсенбаева.

Екіншіден, «Қырымның қырық батыры» цикліне кіретін 30 шақты жыр, жалпы ноғайлы заманына жатқызылатын қазақтың батырлық жырларына текстологиялық, мифтік-лингвистикалық талдаулар жасалынған және жырлардағы жер-су атауларын, Батыс Қазақстандағы адам есімдерін ең алдымен, Үстірт пен Маңғыстау картасынан іздестіріп, жетістіктерге жеткен.

«Есен-қазақта» бұрын көп айтылмаған, айтылса да сыры ашылмаған, бұрын қарастырылмаған біраз тарихи, әдеби т.б. ғылыми мәселелер бар. Ол қарастырылған мәселелер бір-біріне қайшы келмей, үндесіп жатыр.

Серікбол бұл мәселелерде тарихи-уақыттық, тарихи-географиялық, рухани-шығармашылық схеманың бар екенін жақсы сезінген. Оларды схемаға келтірген. Үш бастапқы және соңғы тоғысу нүктелерін тапқан. Сол рухани нүктелердің бірі –

уақыттық жағынан XIV ғасырдың 40-90 жылдарын, Маңғыстау мен Үстіртті көрсеткен. Бұл – Есен-қазақ нүктесі...

Маңғыстаудағы алты түлей энциклопедияда жазылған. Зерттеуші Есен қазақ, Қара түлейлерді жыр жолдарының сөзінің ізімен дәлелдей отырып, бір кездердегі олардың сипатының қандай болғандығын бажайлайды. Кейбір жерінде өзінің батыл тоқтамын, түйінін жасайды. Анықтап айтсақ, «сонымен біз XIV ғасырдағы Үстірт пен оған жапсарлас Маңғыстау, Жылой-Жем, Шағырой-Манассай өңірі ылғалдырақ болып басталып, бірте-бірте қуаң, ел тұруға жарамсыз аймаққа айналды деген пікірге тоқтам жасайды» - дейді.

Түлей сөзі түсіндірмелі, фразеологиялық сөздіктерде «қалың, ну орман» деген мағынаны береді.

Ал, бұл сөздің мағынасы жоғарыда аталғаннан басқа, жапан тұз, жалпақ дала, ашық жер деген мағынаны да беретіндігі кездеседі. Ол, әсіресе, Батырлар жырында, жыраулар поэзиясында, Махамбет шығармаларында жиі көріне береді.

С.Қондыбай тоқтамының дұрыс екендігі, түлейдің екі мағынасын да қамтығаны, зерттеуші сөздің этимологиясына терең бойлауы өте сәтімен шыққан, оны XIV ғасырға сыйғызуы қисынды-ақ.

1750-1900 жылдар аралығын жақсы білетін адай аңыздары бұл аймақ, бұл жерлер, түлейлер туралы ауыз ашпайды... “Мұндай әңгіме, аңыз жоқ” – дейді. 27 жырдың ішіндегі эпостық оқиғаның микропоним деңгейіндегі нақтылағаны – жалғызы Ащыағар.

Күйкенұшқан, Айрақты, Сыңғырлау, Манашы, Қарақұдық, Шам қаласы, Ақшоймақ топонимдерін дәлелдеудегі болжамдары сенімді, нық, дәлелі жырдың өз сөзі, оның үстіне аңыз, географиялық координаттарымен қоса уақыт шамасы да нақтыланған. Серікболдың XIV ғасырды мықтап ұстап, Есен-қазақ консорциясына берген мына тұжырымдары бүкіл қазақ үшін үлкен жаңалық. «Міне, XIV ғасырда Маңғыстау мен Үстіртте жиналған әр түрлі адамдардың қоғамы, негізінен кілең ойдан, қырдан қашқан жырындылар, батырлар, қарақшылар, қылмыскерлер, құлдыққа төзбеуші еркіндікті сүйгіштер, дін таратушы машайықтар, жай тентектер мен басбұзарлар, яғни адамзат қоғамының неғұрлым белсенді, ширақ, қызу қанды өкілдері еді», - дейді.

Профессор Ж.А.Манкеева: «Ғалымның базалық біліміне сәйкес этнограф не тілші емес, географ болуы оның осы саладағы зерттеушілік тұлғасын төмендетпей, керісінше, өре биігін көтереді. Өз сөзімен айтқанда, оның «эпостанушы мен тарихшы байқамай кететін тарихи-географиялық мәселелерге, басқа да ұсақ-түйектерге мән беру реал-кеңістікті географ ретінде толықтай көз алдына елестете алатындай, оны біртұтас та күрделі дүние ретінде қарастыра аларлықтай қабілеті бар», көріп отырғанымыздай, С.Қондыбайдың зерттеуінде географиялық кеңістіктің де дүниенің тұтас бейнесін тануда мәні ерекше» деп атап көрсетеді.

Нақты айтқанда, ғалымның жыр мазмұнындағы Маңғыстау мен Үстірттің жер-су атауларына қатысты аңыздарды шендестіре зерттеуі – осы өңірде болған ежелгі субмәдениеттердің тарихын, өлкенің рухани тұғырының түптамасын, Каспий аймағында қалыптасқан өзіндік этномәдени қордың көзін ашуға көмектесетін тиімді әдіс.

Бартольдтің 1963 жылы шыққан I томында кейбір түркі тайпаларының барып, VI ғасырда Хазар теңізінің жағалауын жайлағаны айтылса, X ғасырларда Маңғышлақ, Үстірттің Балқан атырабының цивилизацияның ошағы болғандығын негізге алады, цивилизацияның ошағы болғандығы туралы әңгіме, пікірлер жоғарыда аталған жерлер, түрікмен тарихшыларының, орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінде /А.Жықиев, А.Бекжанов, Н.Халимов, М.Агаев, Д.Даулетов, А.Ильясов,

М.Аннанпесов, А.Кононов, А.Якубовский, Н.Муравьев, Д.Ливкин, Г.Карпов т.б./ ел аузындағы айта қалатындай атақты жер болғандығымен ерекшеленеді.

Сөйтіп, автор өзі дәлелдеген болжамдарында, пайымдауларында уақыт, орта, оны жасаушы өкілдерді дөп басқан. Серікбол көрсетіп отырған уақытты айтатын болсақ, аңыздардағы оғыздардың Маңғыстауға қалай келгендігі туралы, жалпы Адайлардың келіп Маңғыстауға қоныстануындағы әңгімелер біздің ата-бабаларымыздың қай тараптан, қашан, қалай келгендігі туралы біршама мәлімет береді. Сонда Адайлардың Сауранды айналып өтіп, Маңғыстауға келіп қоныстануының өзіндік үлкен маршруттық тарихи ізі болған.

Ендігі сөзіміз Маңғыстаудың көптеген топонимикасына түбір-тек болған «Ман» атауы туралы болмақ.

Маңғыстау жер-су аттарындағы «ман» қосымшасының арғы түбі бастауы – Қазығұрттан нәр алғандығын ғылыми түрде тізбектеп, дәлелдеп, нақты мысалдарымен негіздеген. Бұл тұста тағы да Оңтүстіктен Үстіртке дейінгі көшу ретімен байланыстырады. Қатты өзгеріске түскен бұл қосымшаның тағдыр талайы әлімсақтан тілшілерді қатты ойландыратын жайда. Тілімізде бұл жұрнақ әу бастан белсенді. Хорезмидің «Мұхаббат намесінде» де жиі ұшырасқан «Батырлар жырында», жыраулар поэзиясында Абайда, Махамбет шығармаларында актив қолданысқа түскен. «Манн» жұрнағы күрделі мағыналы қосымша. Мысалы, бұрын жағымсыз мағыналы /шабарман, дұшман, аларман/, бүгіндері жағымды мағынаға ауысқан /көрермен, тыңдарман, оқырман/ өзгеру реңкі өте-мөте күшті жұрнақ және заттық, етістік мағынасында бірдей қатар қолданыла береді. Мысалы, Қаһарман – отырман /отырмаймын/.

Әсіресе, түрікмен кісі аттарында белсенді. /Мыс: Ақман, Қараман, Соқман, Нариман, Арчман, Нұраман, Құрман, Айман, Шолпан/.

Мұны өз түсінігімізде, біріншіден, мидай араласудың негізінде, екіншіден түрікменнің белгілі адамдарының осы өлкеге қатар қоныс теуіп жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткендігінен есімі қалған деп топшылаймын. Маңғыстауда Отпан / Отман, Отаман/, Ман әулие, Маната сияқты жер-су атаулары бар.

Иә, Ман-Ата Маңғыстаудың символдық координаттарының ішіндегі көрнектілерінің бірі болып табылады. Ол Маңғыстаудың кілтін ұстаушы көзге көрінбейтін «Жер-су Иесі». Сонымен қатар осы есімнің, мекендік нысандардың отқа да, отқа табынуға да мықты қатысы бар...күні бүгінгі де.

Қазақстан жерінде әйелдің атымен аталатын бір-ақ қала бар. Ол Баршынкент. Баршынкенттің атын - «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырамыз. «Манн» есімді жер-су атаулары мен адам есімдері расында да Оңтүстік Қазақстанда жиі ұшырасатыны өтірік емес және олар күні бүгінге дейін сол атауымен жеткен. Соның бірінің дәлелі ретінде көрген бір мекенімізді тақырыпқа орай айта кетсем деймін. 90-жылдырдың басында зерттеу жүргізу мақсатымен Жиделі-Байсын жерінде болдым. Жиделі-Байсынан 3-4 км қашықтықта Мұрын-қарак деген жер бар.

Алыстан қарағанда адамның мұрнының тесігі сияқты. Жер атауы сол ұқсастыққа байланысты қойылған болар. Асты тастақ, айналасы кілең төбешік. Сол төбешіктердің бірі Ман төбе деп аталады. Астындағы тастақта үлкен із бар және дулығаның кейпі сақталған. Ол Алпамыс батыр үлкен жорықтан келіп, қатты шаршағанда, шалқасынан жатып ұйықтаған жері екен. Батырдың қызуына шыдамай, тас балқып басындағы дулығаның таңба кейпі тасқа басылыпты. Сол таста батырдың ізі де жатыр. Мұның өзі «Алпамыс батыр» жырының кейіпкерлерінің осы өңірлерде туылып, өмір сүргендігін білдіреді.

Осы Мандарды айта келіп, автор Отырар, Қазығұрт аймағынан бастау алған миф пен эпос кешені батысқа қарай ығысып, Үстіртке, одан Маңғыстауға жеткен деп түйеді.

Орманбет Манашы оқиғасына қарап, мифтік кешеннің шынында осы жерде тоқтағанын көреміз. Дәл осы кезде XIV ғасырда бүгінгі қазақтың ноғайлы жырлары бастау алған. Міне, зерттеушінің оқырманға ұсынған түсінік, таным, болжамдарында мекен, аңыз, уақыт бір-бірімен осылай сәйкес келіп, жымдасып жатыр. Бұл – тың пікір, әдебиетте бұрын ешкім айтпаған.

Маңғыстау топонимикасының кейбіріне тоқтала келіп, автордың өлкеміздегі Ерсарыға қатысты аңыз-әңгімелердегі маршруттарды, Қырымның 40 цикліндегі жыр жолдарымен салыстыруы да сенімді, ғылыми түрде негізді. Оған еңбектің 213-218 беттеріндегі «Ерсарының елдерінде» тақырыбындағы: «Олардың арасындағы қарым-қатынас пен ұқсастықтардың қандайлық болғанын кім білсін, бірақ та қырым циклінің бір-екі жыры XIV ғасырдағы Ерсары есімін сақтаған», - дейді.

Біріншіден, жырдың өзіндегі:

Ерсарыдай ерлердің

Мекен қылған жері екен – деп, келетін жыр жолдары дәлел.

Екіншіден, Ерсарының XIV ғасырға дейін жасап кеткен адам екендігі күмәнсіз. Жер бетінде автор көрсеткен мекенде зираты бар. Капитан Н.Н.Муравьев Ерсары зиратының басында 1819 жылда болғандығын, оның зиратының басында арқардың мүйізі, күзенің сынығы, бірнеше теберіктердің байланғанын, ұлтының кім екеніне қарамастан, әрі-бері өткен жолаушы сыйынып-қадірлеп, зиярат етіп өтетінін жазған. Маңғыстау даласындағы дәл өзіндей алып қайратты қайрағы, ел жадындағы әңгімелер, жыр жолдары, орыс, түрікмен тарихшылары мен зерттеушілерінің ол жөніндегі айтқан пікірлері заттай және материалдық айғақ деп есептейміз.

Үшіншіден, «Ерсарының елдері» деген қалыптасқан тіркестің өзінде үлкен мән-мағына бар... Ол аз ғана уақыттың нәтижесі, көрсеткіші емес.

Төртіншіден, қырым циклімен қоса, Маңғыстау аңыздары, ауызекі әңгімелері, кейбір нысандары да Ерсарының есімін сақтаған.

Бесіншіден, орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының келтірген деректерінде Ерсарының Кендірліні мекендегені туралы да деректер кездеседі.

Маңғыстау тарихы мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан жазушы журналист Ә.Спан «Ерсарыдай ер болған» мақаласында ол туралы бірталай деректердің көзін ашады.

Серікбол Ерсарының қайрағы, Ұлы және Кіші кіндік тауы жөнінде ел аузындағы аңыздардың астарын аша келіп, нысандарды схемалап географиялық тұрғыдан мынадай тұжырым жасайды:

«Ерсары – жасампаз қаһарман, тау көтерген Толағай тәрізді: жүрген ізінің бәрі құрлыққа айналатын Темірбаба сияқты жер бедерін өзгерте алатын мифтік кейіпкер».

Осы тұста біздің қосарымыз мынау болмақ:

Әбілғазының, Бартольдтың айтқан пікірлеріне ден қойсақ, Ерсарының XI ғасырларда өмір сүргендігі, ал түрікмен тарихшылары А.Жықиев XV-XVI ғасырда өмір кешкен десе, Х.Юсубов Ерсарының Шараф Қожадан құранды алған мезгілді меңзей, санай отырып, 1335 жылы дүниеден өткен деген пікір айтады. Академик А.Ю.Якубовский жоғарыдағы деректерді екшей келіп, оны XIII ғасырдың адамы етеді. Қалай болғанда да Ерсары бабаның XIV ғасырға дейін ғажайып өмір кешіп, жасап кеткендігі күмәнсіз.

Серікболдың Ерсары мен Темірбабаның алыптығы туралы миф, аңыз іздеріндегі болжам-түсініктері құптарлық, нақты. Аңыздардың логикасын сараптасақ, Ерсары да, Темірбаба да – түрікменнің басын көтеріп кеткен, маңдайына біткен жарық жұлдыздары және екеуі де – бізді Бекет Ата сияқты екі халыққа бірдей, жағымдылығымен, әсерлілігімен, мықты әулиелігімен, парасаттылығымен жадта қалған кереметтер.

Автор Ерсарының өліміне себепші болған Қомабек екенін дәл көрсеткен. Бұл көптеген тарихшылардың да еңбектерінде жазылған жай. Мұны алғаш Маңғыстау оқырмандарына жеткізген - Ә.Спан болатын. Құбылып айтылатын аңыздың бір жосағында Ерсары аяғынан қолы ұзын кісі болыпты-мыс, қазанға салатын тұзы таусылғанда, Ұлы кіндікте отырып, отырған қалпы қиналмай қолын созып, Шопан атаның тұзынан тұз алады екен. Сақталған аңыз бойынша автор көрсеткен географиялық координаттар үлкен жаңалық және қисынды, дәлелді:

Салыр қазының үш ұлы болыпты: Сарық, Сары, Жанмәммед.

Ел ішінде жеңілмейтін бір балуанды атасының кегін алып, өлтіргені үшін Сары «Ер Сары» деп аталыпты. Ал Ерсарыға көмектескендігі, ерлік, қайсарлығы үшін Жанмәммед–Жанмәммед аты ұмытылып, Теке аталыныпты. Күресте, жекпе-жекте қарсыласын теке сияқты сүзіп /способ-әдіс жасап/, құлатып жеңеді екен. Түрікмендердің теке тақтасы осының атымен байланысты. Аңыздың ізіне қарап бажайласақ, Ерсарының алыптығы аталарынан дарыған қасиет екен. Өз дәуіріндегі замандастарын оның аталарының ғажап алыптығы да таңдандықан.

Бұл еңбекте «Қырымының қырық батыры», жалпы «Ноғайлы» жырларының сюжеттік қаңқасы XIV ғасырда тек Маңғыстау-Үстіртте ғана емес, осы аймаққа іргелес жатқан Батыс Қазақстан, Хорезм, Батыс Түрікменстан жерінде де қалыптасқандығын жергілікті тарихи оқиғалары мен жер-су, адам аттарын қамтуы арқылы автор жергілікті материалдарға сүйене отырып дәлелдейді. Сонымен қатар, ауыз әдебиетіндегі «Ноғайлы жырларының» қалыптасуының үш стадиялық қабатының болғандығын, мекені мен уақытын көрсетіп, сезіне білген. Олар:

1. Маңғыстаулық - Үстірттік қабат /XIV ғасырдың II жартысы/;
2. Ақтөбе, Қобда – Жембойы қабаты /XVI ғасырдың II жартысы, XVII ғасырдың басы/;
3. Дербес ұлттық версиялардың қалыптасу қабаты /XVII, XIX ғасырлар/.

Шығармашылық мутация /рухани тоғысу/ XIV ғасыр – Даланың толық мұсылмандыққа көшу заманы. Исламға дейінгі далалық түсініктер жаңа діннің талаптарына сай қайтадан өңдеуден өтті. Асан мен оның жерұйығы, Майқы, Балқантау, Орманбет, Ұрым, Қырым, Тескентау, Абат, Он сан т.б. автордың сезінуінше, олар 2-5 ғасырларда бір жерде, бір нүктеде реттелуден өткен. Сол нүктенің аты - Ұрым /Ұрман, Орман/, оның да қазақ жерінде координаты мен уақыты бар екендігі нақтыланған. Серікбол ойының ұшқырлығын, нанымдылығын осы тұстарда да мықты аңғартады: Жоғарыдағы «ұрымдық комплекс» 2-5 ғасырларда пайда болып, әр түрлі сипатта, сапада: печенегтер, қимақтар, оғыздар, қыпшақтар, ежелгі бұлғарлар шежіресі мен фольклорында өмір сүріп, оның қалдықтары XIV ғасырда Маңғыстау-Үстірт жерінде қайтадан, жаңадан тоғысып, енді бұл жолы жаңа сенімнің /исламның/ өңдеуінен өткен. Автор сөзінің тоқ етері: бүгінгі қазақ, ноғай, т.б. мұсылман түріктерінің рухани қайнарының негізі де осы нүктеден басталған.

XIV ғасырдың II жартысында Маңғыстау мен Үстірт жерінде тарихи құжаттарға түспей қалған, жергілікті ауыл-аймақтың деңгейіндегі, бірақ кейінгі ғасырлар үшін шешуші алғышарттарды жасап берген оқиғалар болған. Оны автор фольклорлық материалдарды дұрыс интерпретациялап, оларды тарихи географиямен ұштастыру арқылы дәлелдеп шыққан. Содан келіп, автор түрік тарихын үш кезеңге бөлген:

1. Дей-түрік кезең - ешқандай жазба дерегі жоқ заман /б.з. 2 –5 ғасырға дейінгі/;
2. Ресми түріктік кезең – 2-5 ғасырдан бастап XIV-XV ғасырларды қамтиды. Бұған ежелгі теле, бұлғар-хұн заманына бастап, бүгінгі қазақ халқының этногенезі басталар тұсқа дейінгі 1200-1500 жылдық мидай араласу заманы кіреді.
3. Қазақ заманы – бұл 15-16 ғасырлардан кейінгі уақыттарда сыншы, зерттеушілердің еңбектерінде мұндай бөлу бұрын болғанмен, ешқашан нақты

анықталып, түсінік берілмеді. Бұл – Серікбол атқарған сүбелі жетістік. Автор осы зерттеулерінде бұл кезеңдерді әбден нақтылаған. Осы үш кезеңнің арасында оларды жалғастырушы тоғыс /фокус/ болған нүктелерді де анықтап берген. Ол нүктелер: Ұрым нүктесі мен Есен-қазақ нүктесі.

Ұрым нүктесі /алғашқысы/ бұл Дей түріктік кезеңнен кәдімгі түріктік кезеңге өту кезеңіндегі нақты бір территория мен уақыт ауқымындағы көненің өзгертіліп, жаңаның жасалу сәті. 2-5 ғасырларының бір тұсында, Қазіргі Семей, Павлодар, Өскемен, Қарағанды, Жезқазған облыстарының ареалында қалыптасқан. Осы кезге жеткен «ұрым», «орманбет», «балқантау», «абат» т.б., ұғымдардың түріктік формасы қалыптасты.

Есен-қазақ нүктесі. Қарақалпақ, ноғай, түрікмен, татар, қазақ, башқұрттардағы руханияттың қалыптасу сәті. Бұл мекені жағынан Маңғыстау-Үстіртті, уақыты жағынан 14 ғасырдың екінші жартысын көрсеткен. Бұл жерде ұрымдық мұра исламдық-суфийлік өңдеуге түсіп, қазақтың жырында, термесінде, аңызында бар дүние танымында, философияның негізі қаланғанын жақсы аңғарған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе: - Алматы; “Зерде”, 1999. – 304 бет.
2. Жыр – дария. Маңғыстау ақын жыраулары. Ақтау қаласы 1995 жыл. -595 бет.
3. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы, Бірінші -:- төртінші кітаптар, Алматы, "Дайк-Пресс" 2004.
4. Ақмырзаев М.М. С. Қондыбайдың мифологиялық символдар жүйесі –ұлттық таным темірқазығы. // Рух- Мирас, №2, 2005.
5. Дүйсенбаева Ж. Есен-Қазақ – қазақтың өз дүниесі. // Рух- Мирас, №2, 2005.
6. Қондыбай С. Есен-Қазақ. – Алматы: «Үш Қиян», 2002.
7. Манкеева Ж.А. С.Қондыбайдың ғылыми мұрасындағы «ғаламның ұлттық бейнесінің» тұтастығы («Қырымның Қырық батыры» жырының тілдік деректері негізінде) // Серікбол Қондыбай шығармашылығы: жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2013.
8. Спан Ә. Ерсарыдай ер болған // II республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.
9. Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: «Нурлы алем», 2005.

ӘОЖ 82/821(100-87)

ЖАН БАТИСТ МОЛЬЕРДІҢ «САРАҢ» КОМЕДИЯСЫ

Қобланов Ж. Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Жан Батист Мольер француз классикалық комедиясын француз халық фарстары дәстүрінде, Рим комедияларының ең үздік үлгілерін сыни тұрғыдан игеру негізінде қалыптастырды.

Француз ұлттық драматургиясының негізін салушылардың бірі болған Мольердің әдеби мұрасы өте құнды. Мақалада автор Мольердің «Сараң»

комедиясындағы образдарды талдай отырып, қаламгерлердің суреткерлік шеберлігі, өзіндік ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан баға береді.

Түйінді сөздер: комедия, образ, типтік характер, классицизм, реалистік әдіс.

Француз ұлттық театрының негізін салушы ірі драмашы-комедияшы Жан Батист Мольер 1622 жылы Парижде саудагер отбасында дүниеге келді. Оның шын тегі Поклен, Мольер болса әдеби псевдонимі. Мольер 1639 жылы Клермон колледжін бітіріп, Орлеан университетінде адвокат атағын алу үшін емтихан тапсырады. Бірақ оны сот ісі де, сауда ісі де қызықтырмайды. Жас кезінен театрды жақсы көрген Мольер достарымен 1643 жылы Парижде «Жылтырақ театрды» ұйымдастырады. Бірақ труппаның өз жеке репертуары, актерлік тәжірибесі және материалдық негізі болмағандықтан жабылып қалады. Осыдан соң Мольер достарымен бірге (Бежар) көшіп жүретін провинциялық комедияшылар труппасына кіріп істей бастайды. Мұндағы қиыншылықтар оны шыңдай түседі. Мольер бұл жылдары (1645-1658) бай тәжірибе жинақтайды, түрлі әлеуметтік топтардың тұрмысымен танысады, труппаның абыройы үшін күреседі. Спектакльдердегі негізгі рөлдерді өзі ойнайды. 1650 жылы Мольер осы труппаның бастығы болады. Мемлекетте жүріп жатқан азамат соғысы, фронде қозғалысы, халықтың ауыр жағдайы Мольер дүниетанымының демократиялық рухта қалыптасуына әсерін тигізеді.

Мольер шығармашылық қызметінің алғашқы сатысында француз халық фарстарын игере отырып, итальян комедияларын француз театрына сәйкес өңдеп, өз театрын қойылымдармен қамтамасыз етеді. Лион қаласында 1653 жылы оның алғашқы комедиясы болған «Қаңғыбас» пьесасы сахнаға қойылады. Бұл Мольер труппасының даңқын шығарады. Осыдан кейін Мольер пьесаларын Парижде көрсетуге ұмтылады. Ол 1658 жылдың қазан айында король сарайында алдын Корнельдің «Никомед» трагедиясын, соң оған қосымша өзінің «Ғашық болған дәрігер» пьесасын көрсетеді. Мольердің бұл кішігірім фарсы (бас рөлді оның өзі ойнаған) үлкен даңққа бөленеді. Осыдан кейін ғана король труппаны Парижде қалдыруға рұқсат береді.

Мольер француз классикалық комедиясын француз халық фарстары дәстүрінде, Рим комедияларының ең үздік үлгілерін сын көзбен игеру негізінде қалыптастырды. Драматургияға қадам басқан Мольер классицизм эстетикасы принциптері негізінде жазуға кіріскенімен, оның қаламы сарай әдебиеті қағидаларына тұсалып қалған жоқ. Мольер классицизмнің трагедияны «жоғары», комедияны «төмен» жанр деп көрсетуіне қарсы шықты. Трагедияға қарағанда жақсы комедияны жазудың қиындығын атап көрсетеді. Ол театрдың тәрбиелік рөлінің маңызды екендігіне де көңіл бөледі. Оны «қоғамның айнасы» деп атайды. Мольердің пікірінше «комедияның міндеті көрермендерді күлдіре отырып, олардың бойындағы кемшіліктерді түзету болып табылады»[1,366].

Мольер комедия туралы айта келіп, жазушының негізгі мақсаты дәуір «нұқсандарын күлкілі көріністерде әшкерелеу» дейді. Актер сахнада жасандылыққа жол бермеуі тиіс. Адам өмірде қандай болса, сахнада да дәл сондай болуы шарт.

Осылайша, Мольер классицизм теориясының шектелгендігін сынға алады. Ол үш бірлік қағидасын көп сақтай бермейді. Бұл қағида Мольердің алға қойған мақсатын ашуға кедергі болған уақытта, ол оған әрқашан бағынбайды.

«Ерлер үшін сабақ», «Әйелдер үшін сабақ» (1662) комедияларында Мольер отбасы, неке мәселелерін көтереді. Жазушы әйелдерге сенбейтін бай буржуа Арнольф образын үлкен шеберлікпен сомдайды. Арнольф - әйелді мүлік ретінде сатып алудан қайтпайтын тәкаппар жан. Ол кедей шаруа отбасынан Агнесса есімді қызды сатып алып, оны алдын монастырда, соң үйде бағынышты рухта тәрбиелеп, өзі үйленбекші болады. Агнесса Орас деген жігітпен танысып, оны сүйіп қалады. Арнольф махаббатты

«күна» деп, қыздың шынайы сезіміне түрлі жолдармен қарсылық көрсетеді. Бірақ, Арнольфқа құл болғысы келмеген қыз сүйіктісімен қашып кетеді.

Эпикур мен Лукрецийдің материалистік философиясынан әсерленген Мольер табиғи сезімдерді діннен жоғары қояды, махаббат әрқандай қиын тосқауылдарды женуге дайын екендігін көрсетеді. Комедияда жастық кәрілік үстінен, адалдық озбырлық үстінен, гуманистік пікірлер буржуазиялық әдет-ғұрыптардың үстінен жеңіске жетеді. Бес актілі осы пьесасымен драмашы француз сатиралық комедиясының негізін салды. Шығармада классицизм қағидалары орын алғанмен, бұл пьеса жазушыда халықшылдық тенденцияның дамығандығын дәлелдейді. Сондықтан, «Әйелдер үшін сабақ» пьесасының сахнаға қойылуы кертартпа топтардың жазушыға қарсы шабуылын тағы да күшейтеді.

Билік өкілдері комедиядағы сол дәуірдегі қоғам мен дінге қарсы бағытталған өткір сынды тез байқайды. Драмашыға ашық күрес бастаған озбыр топтар Мольерге кертартпа теорияшылар Визе, Брусо, Манфлерилерді қарсы жұмсайды. Донно де Визе «Әйелдер үшін сабақ» туралы мақаласында Мольерді әдепсіздікте, дворяндыққа жала жабуда және масқаралауда айыптап, жазушыны жазалауды талап етеді. Дұшпандарының шабуылына жауап ретінде Мольер 1663 жылы «Әйелдер үшін сабақты сынға алу» және «Версаль экспромты» комедияларын көрсетіп, жезөкше әйелдерді, бұзақы маркиздерді және оның театрының жетістіктерін көре алмаған қабілетсіз актерлерді әшкерелейді. Олардың жазушыға қойған айыптарының негізсіз екендігін дәлелдейді

Мольер «Сараң» (1668) комедиясының сюжетін ежелгі Рим комедияшысы Плавттың «Күзе» («Көмілген қазына») комедиясынан алған. Бірақ, Рим драмашысы сомдаған сараң образы Эвклион кедей, ол бір күзе алтын тауып алған соң ғана дүниеқоңыздыққа салынады. Мольердегі сараң Гарпагон байлық жинауға ден қойған ақша дүниесінің өкілі.

Мольердің пікірінше «комедияның негізгі міндеті көрермендерді күлдіре отырып, олардың бойындағы кемшіліктерді түзету болып табылады»[1,366].

«Сараң» - Мольердің типтік «характерлер комедиясы». Бүкіл мақсат бас қаһарман характерінің жалпы жақтарын емес, ал Гарпагон бойындағы негізгі қасиет болған сараңдықты ашуға бағытталады. Пьесаның орталығында Гарпагон образы тұрады.

Өте сараң Гарпагон өз байлығын барлық жаннан қызғанады. Ол байлықты тіпті өз перзенттерінің тойына да жұмсамайды. Гарпагоннан біреу ақша сұраса, оның жүрегіне қанжар салғандай болады. Сол үшін Лафлеш оны «адамдар ішіндегі ең залымы, арсызы» деп атайды. Сараңның қызы Элиза Валер есімді жігітті сүйеді. Бірақ ол Элизаны саудагер Ансельмге бермекші болады. Өйткені, саудагер қыздың жасауын сұрамайды. Бірақ Гарпагон өз ұлына тұрмысқа шығатын қыздың жасауын сұрайды. Ұлы Клеант Мариананы сүйеді. Бірақ онда қызға беретін қалыңмал жоқ. Сондықтан жақында әкесінен қалатын мұрадан қайтарамын деп басқа байдан несие алуға бел буады. Бірақ қарыздан 25 пайыз талап еткен байға Клеант «Бұл нағыз тонаушылық қой!» дейді. Несие беруші мен несие алушы кездескенде, олар әкелі-бала Гарпагон мен Клеант болып шығады.

«Сіздің ше, кім қылмыскер?»,- дейді ызаға булыққан Клеант,- жоқшылыққа кездесіп, үлкен пайызбен несие алуға мәжбүр болған жан ба, әлде айла-шарғымен оны қолға түсірген дүниеқоңыз ба?» [2, 308].

Гарпагон айналасындағы адал жастар Клеант, Элиза (сараңның перзенттері), Валер, Мариана (Ансельмнің перзенттері), епті қызметкерлер Лафлеш, Жак, Клод, Фрозина және басқаларға кездеседі. Жастар ақшаны мұқтаждықтан құтылып, бақытты өмір сүру үшін пайдалануға ұмтылады. Олар Гарпагонның мейірімсіздігіне,

ақшақұмарлығына қарсы қойылады. Қызметкерлер сараң әкеге емес, жас Клеанттың сүйген қызына қосылуына жәрдемдеседі. Осы мақсатта Лафлеш сараңның алтындарын ұрлайды. Бұл комедияның кульминациясы болып табылады. Байлықтан айрылған Гарпагон есеңгіреп қалады, енді өмір сүру ол үшін өз мәнінен айрылады. Ол ұрыны іздейді. «Тоқта! Бұл кім!» деп өз қолын ұстап алады. Бірақ ұры әлі табылған жоқ. Барлық адамға күдікпен қарап, ұры деп ойлайды. Барлық адамның дарға асылуын тілейді, егер алтын табылмаса, өзін де дарға аспақшы болады.

Шығармада белгілі дәрежеде болса да классицизм принциптеріне тән абстрактілік пен қаһармандардағы шарттылық көрінеді. Бас қаһарманның айналасындағылар жақсы адамдар, бірақ олардың (Клеант, Элиза және Мариана) тартқан азаптары сол жарамсыз ортаның нәтижесі екендігі толық ашылмайды. Гарпагон бойындағы сарандық тек жағымсыз мінез ретінде ғана беріледі.

Гарпагонның дүниеқоңыздыққа салынуы, сарандығы, өзімшілдігі оны адамгершіліктен шығарады, байлық үшін ол өз балаларынан да бас тартады. Жазушы сарандықты адам мінезіндегі кемшілік сипатында бейнелейді. Әлем әдебиетінде сарандықтың апатты әсерін суреттеген бірнеше образдар бар. Бұлар Шекспирдегі Шейлок, Бальзактағы Гобсек пен Гранде, Пушкиндегі сараң сері, Гогольдегі Плюшкин, Абайдағы Ескендір және тағы басқалар. Бұл жазушылар дүниеқоңыздықтың әлеуметтік себептері мен оның жиіркенішті жақтарын ашып көрсетеді. Мольер Гарпагон образы арқылы сарандықты мінез кемшілігі сипатында беріп, оны сынға алады. Гарпагонның басқа мінездері ашылмаған. Сондықтан да Пушкин Мольердің характерлер жасау әдісін сынға алып, оған бойында көп кемшілігі бар, қайратты жандар характерін жасаған Шекспирдің реалистік әдісін қарсы қояды. «Шекспирдегі Шейлок – сараң, кекшіл, перзентсүйгіш, шешен, Мольердегі сараң – тек сараң ғана»[3, 447], дейді.

Мольердің соңғы комедияларының бірі «Жалған дертте» (1673) жазушының реалистік шеберлігінің едәуір өскендігін байқаймыз. Шығармадағы сәтті шыққан образдардың бірі - буржуа Арган образы. Оның аяр, байлықтан басқа ештеңені ойламайтын жан екені жарқын бейнеленген. Кейінгі комедияларында суреттелген қарапайым адам мінезіндегі жақсы қасиеттер ақшаға құл болған өзімшіл, айлакерлерге (Арган, Белина, Диафуарус, Пургон) қарсы қойылған Туанета образында айқын көрінеді. Ол өзі тәрбиелеген Арганның балаларын жақсы көреді, оларға анасы сияқты қамқорлық жасайды. Оларды қорғап, бұзық ниеттегі адамдардың жаласын әшкерелейді. Туанета жазушының «Скапеннің ойраны» (1671) комедиясындағы бас қаһарман қызметкер Скапен сияқты жастарға мейірімді. Пьесада адамды байлыққа қызығушылық апаттан сақтап қалатын әлеуметтік өзгеріс болуы керек деген қорытынды келіп шығады. Бұл шығарма драмашының реалистік таланты толыса түскендігін көрсетеді.

Француз ұлттық драматургиясының негізін салушылардың бірі болған Мольердің әдеби мұрасы өте құнды. Өйткені, Мольер сол замандағы әдебиет теорияшылары «төмен» деп атаған комедияны жоғары сатыға көтеріп, оны халықтың сүйікті жанрына және феодалдық-ақсүйектік озбырлықты, діни зұлымдықты, ақшаның апатты әсерін сынға алған өткір күрес құралына айналдырды.

XVII ғасырдың аяғы және XVIII ғасырдың басында өмір сүрген драмашылар Лесаж, Вольтер, Бомарше, ағылшын жазушылары Драйден, Фильдинг және басқалар Мольердің реалистік дәстүрлерін терең үйреніп, одан кең түрде пайдаланды. Мольердің комедиялары Ресейде XVII ғасырдың аяқтарында сахнаға қойыла бастады. XVIII-XIX ғасырларда жазушының негізгі комедиялары атақты орыс драмашыларының пьесалары қатарында халық назарын өзіне аударды. Пушкин, Гоголь және Белинский Мольер комедияларындағы қайшылықтарды, реализмдегі шектелгендікті айта келіп, оның шығармашылығына жоғары баға берді. Оның пьесаларын сахналандыруда К.С. Станиславскийдің еңбегі ерекше болды.

Қазақ сахнасында «Тартюф», «Скапеннің ойраны», «Сараң» комедиялары сәтті қойылып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мольер. Собрание сочинений в четырех томах. т.2. Москва: «Academia». 2006.- 418 с.
2. Мольер. Комедии. Москва: ГИХЛ. 1953. – 436 с.
3. Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. 3-т. Алматы: «Бастау». 2015. – 490 б.

ӘОЖ 372.882

ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Отарова А.Н

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада белгілі жазушы Маршал Әбдіхалықовтың шағын жанрдағы тарихи тұлғаның рухани жаңғыруына қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы жан-жақты талдау жасалынған. Жазушы қандай кейіпкерді сипаттаса да әңгімелерінің басты кейіпкерлерін прототиптік негізде ала отырып, өзіндік көркемдік қиял, ойдан шығару шешімін де үйлестіре қолданатындығы сарапталған.

Түйінді сөздер: тарихи тұлғалар, көркемдік ерекшелік, стиль, очерк, ұлттық идея, эстетикалық көзқарас, дәуір шындығы

Халық жүрегінде сақталатын мәңгілік шындықты келешек ұрпаққа жеткізетін де, жаңғыртатын да уақыт пен қаламгер болып табылады. Тарихтың бүтіндігі мен кемшілігінің санада дұрыс қалыптасуы көп жағдайда қалам иесіне байланысты болып жататыны рас. Халқымыздың тарихында “ел басына күн туған” алмағайып кезеңдер аз емес. Кеңестік идеологияның әсерінен тарихи маңызы жоғары оқиғалар мен халқымыздың талайлы тағдыры тудырған көтерілістер, оның басшылары туралы деректер шындықтан мүлдем алшақ жазылды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана тарихи мәселелердің шынайылығына көз жеткізу жүзеге аса бастады. Жетпісінші жылдардың өзінде М.Әбдіхалықовтың туған жерінің, өлкенің тарихи тұлғалары “халық жауы” ретінде жазықсыз жапа шеккен, кейін ақталған көрнекті қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязов (“Қаратөбе келісімі” – 1973ж), Төлесін Әлиев (“Полковник Т.Әлиев” – 1989ж), Нұрсұлтан Оңғалбаев (“Революция оятқан жігіт” – 1985ж), Жалау Мыңбаев (“Ж.Мыңбаев туралы” – 1964ж), Сыдиық Жұбаев (“Атылған ақын. Ол кім?” – 1989ж) т.б. туралы очерктер жазуы – оның тарих, қоғам алдындағы үлкен еңбегі, ерлік ісі деуге болады.

М.Әбдіхалықовтың 1973 жылы “Жұлдыз” журналында жарық көрген “Қаратөбе келісімі” [1] очеркінде 1918 жылы тұңғыш Адай ревкомының төрағасы болып сайланған кеңес өкіметін ақгвардияшылардан қорғау, елді сауаттандыру, елшілік, шаруашылық істерімен айналысқан қоғам қайраткері, шешен, би, отызыншы жылдардағы қуғын - сүргіннің құрбаны болып “халық жауы” ретінде атылған Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндалады. Тобанияздың бейнесін алғаш рет әдебиетте бейнелеген – халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов еді. Сәттіғұл ақын Тобаниязды көзі көрген, оның

халқына істеген қызметін, Адай ревкомының тұңғыш төрағасы болып сайланғанын, артынан қатал тағдыр шырмауында темір тордан босана алмай, “солақай саясат құрбанына айналғанына куә болған. Осы жайларға байланысты Тобанияз Әлниязұлына арнап “Тобанияз туралы толғаулар” атты екі үлкен жыр-толғау шығарған. (“Тобанияз хан тұрғанда” (1918 ж), “Тобанияз ұсталғанда” (1929 ж). Олар қауіпсіздік комитетіндегі “Тобанияз ісіне” байланысты жұртшылыққа жариялану құқығынан айырылған. Тек еліміз егемендік алған соң Сәттіғұл ақынның сол толғауларына алғысөз жазып филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Тілепов Маңғыстау облыстық газетінің бетіне жариялады. 1919 жылы Ә.Жангелдин отряды Маңғыстауға келіп, төңкеріс комитетінің төрағалығына Тобаниязды сайлағанда халық ақыны Есмағанбет Мекеұлы Тобаниязға арнау сөз шығарған. Көркем әдебиетте бұдан кейін Тобанияздың тарихи тұлғасын ақын Қ.Бекхожиннің сомдауына ақынның өзі айтқандай, Әлібидің үлкен ықпалы тигені сөзсіз. Әйтпесе ақын оны білмеуші еді. Ол кезде Тобанияз Әлниязов “жабық тақырып” болғандықтан, комиссар Маңғыстау сапары, Тобаниязбен кездесулерін жасырын түрде айтқан. Сол себепті поэмада Тобанияз есімі “Атанияз” деп өзгертілген болатын.

“Тобанияз есіміне кесір кезеңі салған тозанды тазалауға тұңғыш талпынған марқұм Маршал Әбдіхалықов. Компартия айға азуын білеп тұрған уақыттың өзінде ол осы тақырыпқа қалам тартты... – Жалпы Тобекең жайлы бір сүбелі шығарма жазу жоспарымда бар, – деп жүретін еді қайран Маршекең. Амал не, сұмажал олар манына жеткізбеді ғой”, – деген Ә. Спан [2,99 б.]. дерегіне сүйенсек, Тобанияз Әлниязовтың тарихи бейнесін баспасөз бетінде алғаш рет танытқан Маршал Әбдіхалықов екендігін ешүбәсіз көз жеткіземіз.

Очерктен “Тобанияз Әлниязұлы кім болған?” деген сауалға жауап ала аламыз. Ол – 1918 жылы қазақ даласының төтенше комиссары Ә. Жангелдин Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине, бұндай жауапты істі атқару ел мүддесін қорғай алатын, халықты етене білетін, тиісті орындарда қажетті сөзін айта алатын би, өткір, әділ, шешен, ұйымдастырушылыққа білеті зор Тобанияз сияқты үлкен жүректі, Адай елінің беткеуістар азаматының ғана қолынан келетінеді. Шағын очерктің өзінен көптеген тарихи жайттарға қанығуға болады.

Бұдан М.Әбдіхалықовтың сол жетпісінші жылдардың өзінде Тобанияз Әлниязұлы туралы тиісті мәліметтерді білгендігін, оны толықтай жариялауға заманы мүмкіндік бермегенін аңғарамыз. Қаламгер Тобанияз бейнесіне бұдан әрі дендей түсіп “Екі әңгіме” (“Алданияз”) әңгімесінде, “Ынтызар жүрек лүпілі” очеркі, “Ленин тапсырмасы” повестерінде оралып отырады.

“Қаратөбе келісімі” [1] очеркі зерттеу негізінде жазылғандығымен құнды. Себебі, автор осы тақырыпты жазу үшін мұрағат деректері, әскери құжаттармен жұмыс жасаған, кәрікұлақ шежіреші қариялардан Тобанияздың көзін көрген Жазмағанбет Қызылбаев, туысқаны Бүркітов Айтуар, ғұлама ғалым Әлкей Марғұландардың естеліктері негізінде баяндау әдісімен деректерді келтіре отырып жазады.

Қазақстан тарихына “Қаратөбе жиыны” деген атпен енген оқиға Маңғыстау түбегінде 1918 жылдың 22-25 қыркүйек күндерінде өтеді. Әліби Жангелдиннің интернационалдық отрядының Маңғыстау сапарында кеңес өкіметін жариялауы очерктегі негізгі оқиға желісін құрайды. Ә.Жангелдин отрядына Тобанияз елден күш-көмек жинап беруді өз мойнына алады. Үш күнге созылған екі жақты даулы мәжілістің соңы Маңғыстауда Совет өкіметін жариялаумен шешіледі. Оны басқаратын революциялық комитет құрылып, төрағасы болып Тобанияз Әлниязов сайланады. 1919 жылғы Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші мәжілісінде Маңғыстау еңбекшілерінің өкілдерін Т.Әлниязовтың бастап алып баруы, 1920 жылы Ақтөбе облысына қарасты

Қопа жерінде Адай, Табын, т.б. рулардың съезінде де Ленин атына телеграмма жібергендігі әңгімеленеді.

“Мен күнге сенемін” атты жазушының жеке мұрағатынан табылған очеркте Тобанияз туралы мұрағаттардан деректер келтіре отырып, оның өміріне, қоғамдық қызметтеріне тоқталады. 1918 жылы Маңғыстау түбегінен Ақтөбеге бағыт алған Ә.Жангелдин отрядына көмек ұйымдастырғаны үшін ел билеуші атаман Толстовтың Тобаниязға, ол құрған ревкомға деген ашу-ызасы адайлардан ақшалай, малдай салық төлетуге мәжбүрлейді. Олардың бұл құқайынан Тобанияз айлакерлікпен “сүндет той” жасап құтылып кетеді. Бұл жөнінде сол кезде “Яицкая” газетіне мақала жазылды. Тобанияздың совет өкіметіне деген өшпенділігі болмаса да 1930 жылы “Ш.Ералиев деген кісіні кемеден суға лақтырып жіберген” деген жалған жаламен Маңғыстаудан қамалған 31 адамның бірі ретінде ұсталып, 1933 жылы жазықсыз, айыбын мойындамаған күйде “атылғаны” турасында айтылады. Очерк соңы: “қазір біздің қолымызда ол кісі ақталды. Ешқандай кінәсі жоқ” деген бір жапырақ қағаз бар” деп аяқталады.

Тобанияздың ақталғандығы туралы қағаздың ең алғаш Маршалдың қолға түсіргені туралы М.Дүйсенов естелігінде де айтылады: Тобанияз Әлниязұлының тағдыры Маршал ағаны қатты толғандырып жүргені есімде: “Т.Әлниязұлының ақталғандығы жөнінде анықтама қағазды қолға түсірдім” деп балаша қуанғанының да куәсі болуыма тура келді. Подольск архивінен тауыпты...” [3].

Тобанияз туралы деректерді, тарихи танымдық мәні зор ел тарихына қатысты ресми материалдарды жинақтаған І.Сариев: “Бұл деректерді жазушы Маршал Әбдіхалықовтың да айтқанын естіп едім. Марқұм Маршал тірі кезінде Тобанияз жөнінде бірқатар материалдар жинаған деп естіп едік, олардың қазір қайда, кімнің қолында екенін білмейміз” [4, 34 б.], – деген өкінішін де білдіреді. Расында, Тобанияз Әлниязұлы, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы туралы мол мәлімет, дерек көздерін жинақтаған М.Әбдіхалықовтың ауызекі әңгімелерден естігеніміз бойынша көркем туынды жазу ойында болған. Әйтсе де, өкінерлігі сол, ол материалдардың жазушының жеке мұрағатында сақталмауы, қолымызға түспеуі.

“Қаратөбе келісімі” очеркі жазылған тұста Тобанияз туралы жазбақ түгілі, айтуға тиіс емес болатын. Ол туралы деректер жабулы жатқан кез. Дейтұрғанмен, жазушы қызыл империяның қылышы қылпылдап тұрған заманның қатал кезеңінде әдебиетті пайдаланып Тобанияздың көркем бейнесін жасады. Бұл жазушының ұлттық рухының мықтылығы, елдік қасиеттерге адалдығынан дер едік.

Жалпы Тобанияз Әлниязұлының тарихи бейнесі мен атқарған қызметтері жөнінде мәліметтер бүгінде көптеп саналады. Соның алғашқыларының қатарында осы бір ірі тарихи әрі трагедиялы тұлғаның халқымен қайта қауышарына ерлікке тең іске барып, атын атап түстеген М. Әбдіхалықов екендігін ерекше атап өтеміз.

Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы да өзінен-өзі пайда болмай, бір кезде жазушыны толғантқан әлеуметтік не болмаса өмірден көрген оқиғасы арадан біраз уақыт өткенде жаңа мазмұнмен, мол тәжірибемен толығып барып, суреткердің санасында қайта жаңғырады. 1977 жылы “Жұлдыз” журналында “Екі әңгіме” (“Қызыл жұлдыз” және “Жау мен жау”) деген атпен шыққан екі әңгімесінде М.Әбдіхалықовтың көңіліне із салып, көкейіне орныққан тақырыптардың бірі – Тобанияз Әлниязовтің өмірі мен қоғамдық істері арқау болған. Кейін бұл әңгімелерді біріктіріп 1991 жылы “Алданияз” деген атпен жариялады.

Әңгіменің оқиғасына “Қаратөбе келісімі” атты очеркінде сөз болатын Маңғыстау өлкесінің тарихына қатысты жайттар алынған. “Қызыл жұлдыз” [66] атты әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. Әңгіме шағын көлемді болғанмен, көтерген жүгі салмақты, көркемдік

куаты мен идеялық мақсаты тұрғысынан да көңіл аудартады. Кедей өмірі мен ауыр тұрмыстары шындық сипатында бейнеленеді. Шығарманың бас кейіпкері Мұраттың әкесі Кенжебайдың жылқысын бағып жүріп, байдың әділетсіз ісіне шыдамай дау үстінде қатты сойыл тиіп өледі. Күндіктегі шешесі де ауыр тұрмыс азабынан ауырып өліп, Мұраттың алдындағы апасы Ақкүміс он бір-он екілер шамасында болады. Ақкүмісті Кенжебаймен келіскен біреу әйел үстіне зорлықпен тоқалдыққа алып кетеді. Байда есесі кеткен бала да болса намысшыл Мұрат еріксіз әлдекімнің жетегінде кеткен апасын құтқарудың әрекетіне шындап кіріседі. “Саған көмектессе бір-ақ адам көмектеседі, ол – Алдакең –Алданияз” дегенді естігесін Алданиязға барады. Алданияз – Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы Тобанияз Әланиязұлының прототипі.

Жаңа заман өкілі ретінде Алданияз адамдарының “Ақкүмісті қайда, кімге жібердің?” деген сауалдарына ескіліктің содырлы сарынын көксеген, ауыл адамдарын өз уысында ұстап, ескі жолмен жүруді аңсаған, сол арқылы ұпайын түгендеп, дүние жинап, бедел алғысы келетін Кенжебай тіпті айтқандарына құлақ аспай, мойын ұсынбайды. Ақкүміс іздеп келген бауыры Мұратқа қанша ет-жүрегі езіліп бордай босап тұрса да, тағдыр ісіне басын иіп “әйел жолы жіңішке” деген ұғым-түсінікпен келген жерінде қала береді. Ақкүміс кеңес өкіметі орнауының алғашқы жылдарында өмір сүргенмен, оның басына теңдік әперерлік күш бар еді. Алайда қазақ қызының өз бас бостандығын толық сезініп, шындап ұғынуы, өзінің мүддесін қорғауға қаймықпай қадам басуы аз уақытта іске аспайды, санаға біртіндеп енетін күрделі өзгеріс екендігі шындықтан алыс кетпеген.

Мұрат – бірбет, өз дегенінен қайтпайтын қайсар, намысшыл бейне. Оның бұл мінезі Кенжебай мен оның төңірегіндегілерге қарсылығынан танылады. Қаламгердің кейіпкер тұлғасын мүсіндеудегі психологиялық иірім, ұтымды штрихтары табиғи әсерлі. Мәселен, апасын Кенжебай байдың уәделескен адамдары өңгеріп алып кеткеннен кейінгі көңіл-күйі былайша суреттеледі. “Мұрат үйіне жеткенше олар қырқадан асып қараларын үзіп кетті. Ауыл адамдарын біреу жұтып қойғандай. Далаға бір жан шықпады. Мұрат не істерге білмеді. Мұраттың көзі қарауытып, басы мең-зең болғандай. Әлдекім қолқасынан тартып, бүкіл іші-бауырын суыратын секілді. Сол бүгілген күйі үйіне кіріп, төрге құлай кетті. Әлдекімге ерегесіп, екі жұдырығын түйіп алған. Дыбыс шығарып ыңқ етпеуге бекініп, тас түйінген. Іші қаншама егіліп бара жатса да көзінен бір тамшы да жас шықпады. Жарқырап жалын атады...” [5, 11б.]. Өңгіменің соңын Алданияздың “Әнеукүні кеткен Әліби бір нәрсе айтты ғой. Қалаға бар. Шәрлі жерде оқу бар. Қызылдардың адамын тап, соларға ер. Тілегім, берер батам сол”, – деп Мұраттың келешегі оқып-білім алуда екенін, жаңа заманның беталысын, өзгерісін көріп-танысын деген ойымен тұжырымдайды. “Бағытын сонау алыста теңіз жағасында жатқан қалаға түзеп Мұрат кетіп барады. Маңдайындағы алқызыл жұлдыз күнге шағылысып, бір сәт шынында да отша жанатын секілді еді...” [5, 12 б.].

Автор осы бір кезеңнің ауыр зардаптарын жетім бала Мұраттың көңіл-күйімен сабақтастырып, байланыстырады. Туған әпкесі Ақкүмістің ауыр да аянышты тағдыры баланың ойымен, іс-әрекетімен аастастырыла беріледі. Жалғыз апасының еріксіз әлдекімдердің жетегінде “лақша өңгеріліп” кете беруі, ескілікті көзқарастың шылауынан шыға алмай тағдырына көнбістік танытуы бала көңілін жүдетеді, жанын сыздатады. Қаламгер кейіпкер бойындағы, сезіміндегі осындай сәттерді, жан дүниесіндегі өзгеріс-құбылысты күйініш-сүйінішті табиғи, әрі дәл жеткізе білген. Мұрат басындағы жай арқылы бір жанұяның, сол арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның келбетін көз алдымызға әкеледі. Еркіндік таңының кедейлер өмірі үшін қымбатқа түсіп жатқаны Алданияз, Мұрат бейнесі арқылы көрінеді. Бұл бейнелер – еркін өмір, теңдік заман жолында қашан да күреске дайын екендіктерімен,

болашаққа деген сенімдерінің жоғарылығымен нанымды әрі әлеуметтік теңсіздікке, үстемдік атаулыға жан-тәнімен қарсы кедей табының өкілдері.

Осы әңгіменің жалғасындай “Жау мен жау” атты әңгімесінің оқиғасы бейқам отырған Алданияз ауылына ақтардың келуінен бастап, өрбиді. Алданияз бұл кезде суы тапшы өлкеде мал суарудың қиындығын шешпек болып бұрынғы ата-кәсіптің бірі – құдықшылықты кәсіп етіп, бес-алты жігітпен шыңырау құдық қазып жатырған болатын. Алданияз ауылға келгесін тілмаш та, қасындағылар да оны сұрақтың астына алып, өздерінің Толстовтың адамдары екенін білдіреді. “Олардың талабы – бүкіл Маңғыстау елінен салық жинау екен. Үй басынан жүз сом. Ақшалай не малдай жинау. Генерал Толстов өзін “Осы түбектің қожасы” деп жариялаған. Олардың туралап келіп Алданияз ауылына ат тірегені оның өткен жылы бұлардың жауына істеген қызметтерін білетін көрінді. Енді, генералға сондай қызмет көрсетсе, кінәсі кешіріледі. Әйтпесе, мұнықол-аяғынбайлап, Гурьевке алып келу тапсырылған” [5,18 б.].

Комиссар Әліби Жангелдин отряды 1918 жылы осы Маңғыстау арқылы Шалқарға өтерінде қаржы-қаражат, қару-жарақ, ат-көлік, адамдармен көмектесіп, өткізіп жіберген Алданияз бен оның қасындағы жолдас-ауылдастары еді. Он күннің ішінде аталған салық, малды жинап беруді бұйырып, ауыл тұсына пулемет құрып қояды. Алданияз қарулық ісілердің “берсе қолынан, бермесе жолынан” деп негеде болса тайынбайтын, шын жаулық ниеттерін түсінгеннен кейін ел ақсақалдары мен ақылдасады. Ақылдасакеліп, бұлардан құтылудың бір айла-амалы, жолы – “той, сүндет тойын” өткізуге рұқсат алу деп шешеді.

Рухани жаңғыру кезінде ең алдымен біз елін, жерін, халқын шын сүйетін ұрпақ, қалың қауым тәрбиелейміз десек, әуелі тарихи санамыз жаңғыруы керек. Қазақтың ертеңгі ұрпағы ең әуелі осы елдің, осы кең байтақ жерді қалай иеленгенін, бұған қанша қан төгіліп, қанша тер сіңгенін, мұндай ұланғайыр даланы біздің ата-бабаларымыз қалай сақтап қалғанын, бұл даланы бізге өсіп-өну үшін аманаттап кеткенін, осы дархан даланың әр қарыс жері үшін батырларымыздың, хандарымыз бен билеріміздің қасық қаны қалғанша қалай күрескенін бүгінгі ұрпақ білуі керек. Сонда ғана тарихын тану арқылы біздің ұрпақтың бойында қазақ екенін мақтан тұтатын, “мен мынадай ата-бабадан, намысын таптатпаған ержүрек, батыр ұлттан тараған ұрпақ екенмін ғой” деген түсінік қалыптасқан, елі мен жерін сүйетін шын мәніндегі отаншыл, ұлтшыл, патриот ұрпақ өсіп- жетілегіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдіхалықов М. Қаратөбе келісімі // Жұлдыз. – 1973. – №1. –186-189 бб.
- 2 Спан Ә. Тобанияз. – Алматы: Жазушы, 1996. – 110 б.
- 3 Дүйсенов М. Менің Маршалым // Маңғыстау. – 1986. – 10 тамыз.
- 4 Сариев І. Қанды ойран. – Алматы: Жазушы, 2001. – 208 б.
- 5 Екі әңгіме.Қызыл жұлдыз: Әңгіме // Жұлдыз. – 1977. – №11. – 11-18 бб.
- 6 Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 312б.

ӘОЖ 372.882

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУДАҒЫ АНА ТІЛІ МЕН ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ РОЛІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОНТЕКСІНДЕ

Қабылов Ә.Д.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» аспектісінде адами капиталды дамытудағы ана тілі мен ұлт әдебиетінің маңызы қарастырылған. Адами капитал ұғымы, Елбасы мақаласындағы ұлттық кодтың мәні, соған орай жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудегі ана тілі мен әдебиетінің ұлттық сана қалыптастырудағы орны пайымдалады.

Түйінді сөздер: адами капитал, ұлттық сана, ұлттық код, ана тілі, әдебиет.

Адамзат өркениеті қарыштап дамыған сайын білім мен интеллект әлемдік дамудағы негізгі күш ретінде өзінің мәртебелі орнын айқындап, адами капиталдың шешуші ұғымға айналып отырғаны сөзсіз. Жаңа ғасыр көгінде әр елдің экономикасын, әлеуметтік-саяси алапатын, қоғамның жалпы дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін сол елдің адами капиталының әлеуеті айқындайтынына көз жетіп отыр.

«Адами капитал» терминін алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарының басында кейін Нобель сыйлығының иегері болған американдық әйгілі экономист Теодор Шульц енгізген болатын. Оның идеяларын ізбасары Гэри Беккер дамытып, адам капиталын инвестициялаудың тиімділігін, тұлға дамуындағы экономикалық амалдарды қалыптастырудың маңызын ғылыми негіздеді.

«Адам бойындағы барлық қабілеттер туа бітеді немесе өмірлік дағды-тәжірибемен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымқуалаушылық ерекшеліктеріне қарай туа бітті қабілеттері болады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы жүре келе қалыптасатын қабілеттерді біз «адами капитал» деп атаймыз», – деп жазды Т.Шульц.

Дейтұрғанмен Рашели Карсонның 1962 жылы «Тихая весна» («Жайлы көктем») атты кітабының жарық көруі аталған қозғалысқа жаңа серпін берді. Рашели Карсонның қоршаған орта сапасы туралы тұжырымдары мен химиялық пестицидтердің тигізетін қолайсыз әсері туралы тұжырымдары қалың қауымның, әлемдік қауымдастықтың табиғат қорларын сақтауға және оларды дамытуға үлкен жауапкершілігін түсінуіне септігін тигізді. Жалпы әлемдегі экологиялық қозғалыстың жаппай өркендеуі 60 жылдардың бас кезеңінен басталады.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау ХХ ғасырдың 60 жылдарының ортасынан бастап әр түрлі кәсіптік қызметтер аясында өлкетану және табиғатты пайдалану мәселелерін қамтитын алғашқы мақалалар жарық көре бастағанын көрсетіп отыр. Н.М.Верзилин, Корсунская, В.М. [3] табиғатты қорғау білімі проблемасын педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қарастырады. Ол ғалымдар арасынан алғашқылардың бірі болып, педагогтарды білім алушылардың адамгершілік тәрбиесі тұрғысында дүниетанымы мен логикалық ойлауын дамыту барысында табиғатты

табиғи фактор ретінде пайдалануға бағдарлайды. Автор табиғатты меңгеру өмірді түсінуге, ал тірі организмдердің өзара қарым-қатынастарын меңгеру өмір дамуы заңдылықтарын тануға септігін тигізетіндігін айтады. Осыған байланысты табиғатты меңгеру мәселесін оқушылар түсіне алатындай деңгейге жеткізу қажеттілігін көрсетеді.

Өткен ғасырдың екінші жарты жылдығынан бастап жоғары мектепте экологиялық тұрғыдағы өмірлік маңызды проблемаларды жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыру мен шешуге мүмкіндік беретін экологиялық білім беру құндылығы, мақсаты, міндеттері, мазмұны және әдістері өзгерді.

60 жылдардың соңына қарай педагогикалық теорияда «табиғатты қорғауға оқыту» ұғымы пайда болды. Осы кезең табиғатты қорғау бойынша жаппай сауаттылығын ашуға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттің жаңа бағытының басталу кезеңі саналды. Дейтұрғанмен бұл экологиялық білімдерді жеткілікті қолдануға негіз бола алмады. Осыған орай адамның өзін қоршаған табиғи ортаға үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігін қалыптастыру мақсатында педагогика ғылымында 70 жылдарда «табиғатты қорғау білімі» ұғымы қолданылды.

Табиғатты қорғау білімі он жыл бойы педагогикалық бағыттағы кәсіптік мамандар даярлау міндеттерінің жетекші бағытын анықтады. Біздің еліміздегі экологиялық білім саласындағы зерттеулердің көбеюіне халықаралық экологиялық қозғалыстар мен әлемдік аумақтағы экология саласындағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру тәжірибесі үлкен әсерін тигізді.

XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Рим клубы өкілдерінің баяндаулары жалпыадамзаттық қызығушылық басымдығы мен қазіргі әлемнің өзара тәуелділігін ойдан өткізуге септігін тигізді. Д.Медоуз [4] әлемнің аумақты дамуы моделінің негізінде қоғам дамуындағы қолда бар үрдістер сақталатын болса, жақын уақытта адам мен табиғаттың өзара әрекеті терең дағдарысқа ұшырауы мүмкін екендігін болжап айтқан. Оның аумақты тұрғыда тұрақты тең салмақтылықтың қажеттілігі туралы айтқан пікірі біз үшін өте құнды. Дейтұрғанмен, оның осы тең салмақтылыққа жету бойынша көрсеткен жолдары экономикалық сипатқа ғана ие болды.

Рим клубының президенті А.Печчеи адам факторының маңыздылығын ұғынуы арқылы адам біткеннің өмір сүруінің шарттары болып табылатын субъекттің тұлғалық жаңа сапасын, құндылықтарының жаңа жүйесін, жаңа этикасын қалыптастырудың қажеттілігін негіздеді. Бұл адам мен қоғам, адамзат пен табиғат қарым-қатынастарының үйлесімділігін бағыттаудағы келесі бір маңызды қадам болып есептеледі.

Экологиялық қозғалыс барлық деңгейдегі мемлекеттік басқармалар тарапынан қолдау табуымен қатар Барри Коммонер, Рейчел Карсон, Рене Дюбо сияқты ғалымдардың еңбектерінде тұжырымдамалық тұрғыда негізделді. XX ғасырдың 60-70 жылдары кезеңінде экологиялық проблемаларға әлемдегі әр түрлі елдердің Заң шығаратын ұйымдары да көңіл аударып, табиғи қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бірқатар заңдар жарық көрді. Заңдарды орындауға арналған арнайы мемлекеттік мекемелер құрылды.

60 жылдардың соңында қоршаған ортаның объективтік көрсеткіштерінің сапасы табиғат қорларының жағдайымен айналысатын мамандар мен педагогтар санының өсуімен айқындалды. Қоршаған орта саласындағы білімдерсіз адам мен оның қоршаған орта арасындағы үйлесімділігін қамтамасыздандыру мүмкін еместігі айқын түсінілді. Адамдардың әлеуметтік белсенділігі «қоршаған орта үшін» принципінің сапасын жақсартуды мақсат тұтып, білім қоршаған ортада және/немесе қоршаған орта туралы берілуі тиістігін көрсетті. Бұл тұжырымның АҚШ-та заңды түрде бекітілгені «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық саясат туралы Заң» және «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық ағартушылық туралы Заңдардың» (1969) жарық

көруімен дәлелденді. Осы заңдарда білім қоршаған ортаның сапасын жақсартуға арналған механизм және құрал ретінде анықталды.

Осы кезеңде Еуропа мемлекеттерінде жоғарыда аталғандарға ұқсас процестер орын алып жатты. Мәселен, 70 жылдардың ортасынан бастап экологиялық қозғалыс экологиялық дағдарыстың аумақты масштабтарын, биосфера процестерінің бір-біріне әсер етуі мен өзара байланысын жете түсінгендіктен басқа елдердің аймақтық процестерін меңгеруге бет алды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ағартушылықтың қажеттілігі жалпы әлемдік үрдіске айналды.

XX ғасырдың 70 жылдардағы бірқатар экологиялық мәжілістер мен конференциялар Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) тарапынан ынталандырылды. Олар қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ағартушылықтың қалыптасуын белгіледі және олардың негізгі бағыттаушы принциптерінің жиынтығын анықтады. Осы кезеңдерде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ағартушылықтың мәнін және мақсатты бағытталуы мен міндеттерін түсінуде бірлікке қол жеткізілді:

- экологиялық проблемалардың әлеуметтік тұрғыдағы мәселелеріне аса көңіл аударылды;

- қоршаған орта табиғи тұрғыдан және адам еңбегі тұрғысынан қарастырылды;

- пәнаралық процесстер орын алды;

- мәліметтер мен білімдер қалыптасты;

- қоршаған орта сапасын жақсарту мақсатында проблемаларды шешуде және шешім қабылдауда дағдылардың, қатынастардың, құндылықтардың және қатысу ықыласының маңыздылығы есепке алынды.

БҰҰ қамқорлығымен өткізілген халықаралық мәжілістер ЮНЕСКО – ЮНЕП (Тбилиси, 14-26. 10.1977) қоршаған орта саласындағы білім бойынша Үкіметаралық конференцияны ұйымдастыру мен өткізудің алғышарттарын құрады.

Тбилиси конференциясы тез өзгеріп отырған өмір жағдайындағы қоршаған орта саласындағы білімді жалпы тұрғыда білімнің қажетті бір құрамдас бөлігі ғана емес, қоғам мен қоршаған орта арасындағы шиеленісті азайту құралы ғана емес, сондай-ақ халықтар арасындағы тежеуді жою мен өзара түсінушіліктің әлемдік құралы деп жариялады. Қоршаған ортаны қорғау аясы - әлемдік өркениеттің өзін-өзі сақтау қызығушылығы туралы өзі өкіммен жариялай алатын әлемдік қауымдастық қызығушылығының бірлігіндегі ұлттық саясат пен шаралардың, халықаралық серіктестіктің бірегей саласы болып танылды.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша экологиялық проблемалардың жалпы Мәлімдемесі (Декларация) және толық Нұсқаулары қабылданды.

Тбилиси конференциясының Мәлімдемесі 1972 жылғы БҰҰ-ның Стокгольм конференциясының идеясын жалғастыра отырып, барлық адамзат үшін табиғатты қорғау кезек күттірмейтін бірінші кезектегі міндет болып табылатынын жариялады.

Осыған байланысты барлық елдегі бар халықтың табиғат байлығы мен ұлттық қорларды тиімді пайдалануға бағытталған экологиялық білімін көтере түсудің қажеттілігі арта түсті. Нұсқауларда экологиялық білімнің ролі, мақсаты мен жетекші принциптері анықталды, оның ұлттық деңгейдегі стратегиясы белгіленді, аймақтық және халықаралық тұрғыда серіктестік салалары анықталды.

Осы құжатқа сәйкес, экологиялық білімнің ең маңызды принциптерінің қатарына мынадай принциптер жатқызылды: адамның бүкіл өмірі бойында үздіксіз білім беру, пәнаралық тұрғыдан қарастыру; қоршаған орта проблемасының жергілікті, ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейін есепке алу; қоршаған ортаның бүгінгі және болашақтағы жағдайын негізге алу; экологиялық проблемалар пайда болуының бастапқы себептерін анықтау; практикалық тәжірибені кеңейту және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Разенкова, Д.Ф. Экологическая культура: социально-философские аспекты формирования: Дисс. ...к.ф.н., 24.00.01. – М., 2001.
2. Моисеев, Н.Н. Устойчивое развитие и экологическое образование. Философские аспекты социальной экологии. - М., 1996.
3. Верзилин, Н.М., Корсунская, В.М. Общая методика преподавания биологии. – М.: Просвещение, 1983. – 384 с.
4. Медоуз, Д.Х. Пределы роста.- М.: Изд-во МГУ, 1991-230с.

ӘОЖ 622.276

КӘСІПШІЛІК МҰНАЙ ЖИНАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ КӘСІПШІЛІК ІШІНДЕ СУДАН АЛДЫН АЛА ТАЗАРТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Жолбасарова А.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты – мысалдағы Теңге кен орнындағы кәсіпшілік ұңғы өнімін жинау жүйесінің ұлғайту және жетілдіру бойынша жұмыстар көлемі және жабдықтарды енгізу динамикасын таныстыру. Кәсіпшілік өнімді жинау кезінде құбырөткізгіштік пен жинау жүйесінде кездесетін қиыншылықтар талданды.

Түйінді сөздер: өнім, қондырғы, жинау, тасымалдау, желі, құбыр, кісіпшілік жинау, өлшеу.

Кәсіпшілік мұнай жинау жүйесін ұлғайту және жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау кезінде назар аударылғаны:

- өндіруші ұңғыларды орналастыру сызбасы;
- жобалық дебиттер;
- өндірілетін өнімнің физикалық-химиялық қасиеттері;
- газ факторы;
- кен орын аймағында мұнай мен газды дайындайтын қолданыстағы объектінің болуы және өнімділігі;
- аймақта электр энергиясының қуат көзінің бар болуы және алыс болуы;
- өнімнің мүмкін болатын тұтынушыларының бар болуы;
- кен орынның қолданыста магистральді мұнай-газ-су құбырлар жүйесіне қатысты орналасуы.

Сенімді қызмет атқаруы үшін кәсіпшілік жинау жүйесі келесі объектілерді қамту керек: ұңғы сағасы, шығару желілері, бірыңғай мұнай жинау жүйесі бойынша ары қарай тасымалдана алатын өлшеу қондырғысы.

Кен орынның кәсіпшілік жинау жүйесі төмендегідей талаптарды қанағаттандыру қажет:

- мұнай, газ және судың ұңғыдан өлшеу қондырғысына дейінгі аралықта қымталған (герметизацияланған) жинауды қамтамасыз ету;
- өлшеу қондырғысында әрбір ұңғының өнімінің мұнай, газ және судың дебитін дәл автоматты түрде өлшеуді қамтамасыз ету;

- кәсіпшілік жинау жүйесінің барлық объектілерінің пайдаланылуында сенімділікті қамтамасыз ету.

Теңге кен орнында жинау жүйесін ұйымдастыру бойынша аталған талаптарды орындау үшін келесі ұсыныстарды жасау керек [1]:

- ұңғы сағасында өндірілетін мұнайдың өзіндік ерекше қасиеттерімен шартталатын қиындықтардың алдын алу үшін химиялық реагенттердің берілуін қарастыру (парафин шөгілуінің ингибиторы);

- ұңғы жұмысы, мұнай және газ өндіру туралы анықталған ақпарат алу үшін, игеруді бақылау үшін сұйықтықтардың дебиттерін жеке өлшеу мүмкіндігіне арналған әр ұңғының өлшеу қондырғысына қосылғандығын қарастыру керек.

Барлық ұңғылардың сәйкес келетін өлшеу қондырғыларына (ЗУ) қосылуы территориялық белгілеріне қарай игеру объектісіне тиістілігін ескерусіз жүргізіледі.

Өндірілетін өнімді есептеу және АСПШ-дің (АСПО) көп мөлшерімен шартталған ұңғыларды пайдаланудың сенімді жағдайларын қамтамасыз ету үшін жылдың әр мезгілінде кәсіпшілікті жайластыру жобасының шеңберінде өлшеу қондырғысының орналасуын таңдаған кезде өндірілетін өнімнің қату температурасын ескере отырып, шығару желілерінің жылулық режимін қамтамасыз ету керек:

- шығару желілері топырақтың қату тереңдігінен артық тереңдікте көмілу керек;

- өндірілетін мұнайдың қату температурасының жоғары екендігін ескере отырып, әрбір шығару желісінің ұзындығы оңтайлы болуы қажет.

Болат құбырөткізгіштермен мұнайды тасымалдаған кезде қиындықтар коллекторлардың ішкі коррозия үрдістерімен байланысты болады, мұнда құбырөткізгіштерді ауыстыру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Сулану артқан сайын қайта айдауға кететін энергетикалық шығындар көбейеді, өндірілетін өнімнің коррозиялық агрессивтілігі маңызды артады, ол мұнайкәсіпшілік жабдықтардың (құбырөткізгіштер, пештер, аппараттар және басқа) мезгілінен бұрын істен шығуына алып келеді. Жабдықтарды қолданыста бар коррозиядан ингибиторлық қорғау әдістері бұл үрдістерді тек баяулатады, бірақ оларды жоя алмайды. Коррозиялық тозудың нәтижесінде кәсіпшілік коллекторлардың жиі үзілуі технологиялық үрдістерде бөгеліс туындатады, технологиялық және температуралық режимдерді бұзады.

Коррозия мәселесін шешу жолдарының ең тиімдісінің бірі болып, мұнайкәсіпшілік құбырөткізгіштердің сенімділігін арттыратын, сонымен қатар олардың қызмет ету мерзімін арттыратын әдіс болып шыныпластикалық материалдардан жасалған құбырларды, фланецтік қосылыстарды, бұрмаларды, үш тармақты (тройник) муфталық жалғастырғыш тетіктерді қолдану табылады.

Ұсынылған игеру нұсқасы бойынша қосымша 24 өндіру ұңғысын, 1 айдау ұңғысын енгізу қарастырылады [1].

Ұңғының жұмыс режимін оперативті бақылауды қамтамасыз ету үшін олар бойынша дебиттерді өлшеу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Оған ұңғы сағасынан өлшеу қондырғыларға (ЗУ) дейін өзіндік шығару желілі құбырөткізгіштерді төсеу арқылы қол жеткізуге болады.

Мұнымен байланысты кен орында қосымша өлшеу қондырғыларды (ЗУ) салу арқылы қолданыстағы кәсіпшілік мұнай жинау жүйесін кеңейту қажет болпады. Барлық ұңғылар мен орналастыру объектілерін кескіндейтін кен орынның масштабтық сызбасында құрылыс жұмыстарының көлемін анықтау үшін өндіруші мұнай және жобалық ұңғылар бөлінген болатын, олардың кәсіпшілік жинау жүйесіне қосылуы жоспарланған, қосымша топтық және өлшеу қондырғылары салынған, шығару желілері мен ағындық құбырөткізгіштері төселген (1-кесте).

1-кестеде көрсетілген мәліметтерден шығатындай, кәсіпшілік жинау жүйесіне қосу үшін және 25 ұңғы жұмысын бақылауды қамтамасыз ету үшін қажет болатыны: 2 топтық қондырғы, 7 өлшеу қондырғысының құрылысы, топтық қондырғыдан (өлшеу қондырғысынан) әр түрлі сұрыпталым мен мақсаттағы құбырөткізгіштерді төсеу, сонымен қатар 16 алыс жерде орналасқан ұңғыларда сағалық қыздыруды ұйымдастыру [2,3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Авторский надзор за реализацией уточненной технологической схемы разработки нефтяных и нефтегазовых залежей месторождения Тенге» (XVIII-XXIII горизонты), отчет по договору №43, ТОО «НПЦ», г. Актау, 2010 г.

2. Джиенбаева К.И., Лалазарян Н.В. Сбор и подготовка скважинной продукции на нефтяных месторождениях. Учебное пособие ВУЗов. – Алматы: 2000, - 254 б.

3. Силаш А.П. Добыча и транспорт нефти и газа. Часть 1 и 2. Пер. с англ. – М.: Недра, 1980.

ӘОЖ 574:908 (045)

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚТЫҢ ЛАСТАНУ КӨЗДЕРІ

Жидебаева А.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ.

Аңдатпа. Мақалада топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластанудың бірнеше кезеңдері қарастырылған. Сонымен қатар, аталған ластанушылардың топырақ құрамындағы мезофаунаның жойылуына қаншалықты әсер ететіні берілген.

Түйінді сөздер: тұздану, қарашірік, шабындық, мелиорация, экожүйе.

Маңғыстаудың жері биоклимат жағдайына қарай шөлді ландшафты аймаққа жатады. Аймақтың топырағы негізінен өсетін өсімдігіне және топырағының түсі мен беткі қабатына қарай екі аймаққа бөлінеді. Оның біріншісі – қоңыр топырақты солтүстік сортаң – жусан өсетін далалық шөл аймақ және сұр – қоңыр топырақты, ерте қурап өшіп кететін раң тәріздес өсімдік және ащылы шөп бұта тектілер өсетін орталық шөл аймақ. Қоңыр топырақты аймақ облыстың солтүстік жағынан (Түпқараған түбегі, Бозашы, Таулы Маңғыстау, Үстірттің Қарнау бөлігін) алып жатыр.

Тұздану, сортаңдану дәрежесіне және қарашірік қабатының қалыңдығына қарай топырақтың сұр – қоңыр, сортаң, сор - сортаң, сорлау, сор, қоңыр топырақтың су шайып бүлінген және нашар дамыған түрлері көзге түседі (1 сурет). Аталған топыраққа негізінен жусан өседі, қарашірік қабаты жоқ десек те болады. Қоңыр сортаң және аздап сор - сортаң топырақты учаскелерді әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарын егуге пайдалануға болады.

Тек екінші рет тұзданып кетпеуі үшін оны суармалы ету және басқа да шараларды жүзеге асыру керек.

Сұр – қоңыр топырақты аймақ Қарақия ойпатының оңтүстігінен бастап, Маңғыстау жазығының көпшілік бөлігін алып жатыр. Сондай – ақ топырақтың бұл түрі Үстірт жонының оңтүстік шетін түгелге жуық қамтиды. Карбонатты топыраққа жататын топырақтың бұл түріне көбіне бұйрығын мен тітір, сондай – ақ сояұлы, биік, бөрікбас, ақ жусан, сиректеу күйреуік өседі. Шабындық – қоңыр топырақтың аздап

тараған жері – таулы Маңғыстау. Бұл топырақ тау араларында, сондай – ақ суффозиялық – баулық және қарсты ойпаттардағы дәнді жусан өсімдіктердің астында құрылады. Оның құрылуы минералданған, аздап тұщы ыза суының әсерімен, атмосфералық нөсер жауын – шашынның ағысы есебінен бетінің қосымша ылғалдануына байланысты болады.

Шабындық – қоңыр топыраққа тиімді әсер ететін дренаж жасау арқылы мелиорация жүргізу оны ауылшаруашылығына лайықтап игерудің ең перспективалық жолы. Шөлдің сортаң топырағы өте – мөте кең тараған. Өсімдігі мейлінше қуарып, сирек кеткен, мұнда өсетіндер бұйрығын, тасбұйрығын мен қаражусан.

Бұл топырақта көзге түсетіні натрий мөлшерінің көптігі, ол топыраққа сіңген негіздердің 30 – 50 процентіне жетеді. Шабындық – сортаң топырақтар айтарлықтай сирек кездеседі.

Олар тым күшті минералданған, ыза суы тайыз 3 – 4 м жерде, тау арасындағы ойпаңдардағы ажырық, басқалай сораң тектес ащылы өсімдіктер астында түзіледі. Бұл топырақтар түбірлі мелиорация жүргізілмейінше егіншілікке жарамайды. Маңғыстауда тақырлардың бәрі де хлор – натриймен тұзданып болған. Бұл топыраққа жерасты суы жақын жатқан, үсті ылғи батпақтанып, майлы тұзға айналуынан пайда болады.

Ондай жердің қабатына хлорид пен сульфат көп жиналады да, ыза суы өте ащы болып кетеді.

Ластанған топырақтың көлемінде ауданында дәл анықтау қиынға соғады. Дегенмен, олардың саны 2000 – нан асады деп сенімді айтуға болады. Төгілген мұнай көлемдері және оның топырақтағы пайыздық құрамы табиғи тереңдіктерді толтыратын таза мұнайдан үлкен шамада өзгеріп отырады. Ластану мұнаймен араласқан топырақ болып табылады.

Ластанған топырақтың тереңдігі бірнеше сантиметрден 0,3-0,5 метрге дейін ауытқып тұрады. Ластанған қабаттың қалыңдығын дәл анықтау мүмкін емес. Өйткені экологиялық жағдайларды жақсарту мақсатында мұнай төгілген және оны таза топырақпен көмген біршама алаңдар мұнайдың жер бетіне шығуына потенциалдық қауіп төндіреді.

Екіншіден ластауда жиі кездесетін ауданы және көлемі бойынша әртүрлі тоғандардың түзілуі болып табылады. Мұнай бұл жағдайда беті ашық жатады. Мұнай қабатының астында, оның судан жеңіл болғандығынан, жинақтағышта төселініп жатқан су қабаты болуы қажет. Мұнай астында су қабаты болмаған жағдайда, мұнай сіңген топырақ қабаты жатады. Мұнай қабатының қалыңдығы бірнеше миллиметрден 1 метрге дейін өзгеруі мүмкін. Төгілген мұнайдың көптеген мөлшері мұнай өткізгіш құбыры бойында кездеседі. Төгілген мұнайдың дәл есебін анықтау өте қиынға соғады. Бұнда зерттеуге анықталған Өзен аймағындағы геожүйенің табиғи ерекшеліктері, топырағының сулы-физикалық қасиеттері, құнарлылығын арттырудағы экологиялық тиімді шаралары келтірілген.

Айтылғандай, аймақ топырақтары сұр-қоңыр, әр түрлі деңгейдегі сортаңдар. Бұл топырақтар әдетте ауданның солтүстік жартысындағы сортаңдар мен тақырлар түрінде кездеседі. Еңістердің жиегі сортаңды сорларды қамтиды.

Бұл топырақтарда қарашіріктің құрамы аз (0,32%). Су сынамасының мәліметтері бойынша жалпы сілітілік жоғары емес (рН-7,1). Гидрокарбонатты-сульфатты тұздану түрі басым, ал төменгі жиектерде – сульфатты. Топырақтың тұздану дәрежелері 2,1%.

Механикалық құрамы бойынша – бұл ұсақ құмның фракциялары басым болатын құмды топырақтар (0,25-0,05–55,9-77,3). Бұлар өнімі аз жайылымдар.

Топырақтың тозу мәселелерін зерттеудің алдында, ең алдымен, топырақ түзілуіне әсер етуші ауа райының өзгергіштігі және жергілікті жерлердегі геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларына терең талдау жасауды қажет етеді. Негізгі

метеорологиялық мәліметтер метеобекеттер Бейнеу, Тұщыбек және Аққұдықтар бойынша алынды. Әртүрлі топырақты климаттық және ландшафты геохимиялық шарттарда ластанушылардың трансформация процесі әртүрлі деңгейде тоқтайды. Сонымен қатар ластанушылардың әртүрлі мөлшерінің экожүйеге әсерінің нәтижесін айырады. Экожүйенің өзіндік тазалану және өзіндік қайта құрылуы ластанған заттардың трансформациясының биохимиялық кезеңдік процес болып табылады. Мұнайдың топырақта табиғи орнығуы биогеохимиялық процесс болып табылады.

Топырақтың мұнаймен ластану проблемасы елімізде біртіндеп қолға алынып жатыр. Алайда, мұнаймен ластанған топырақты биологиялық әдіспен, яғни өсімдіктер, жауын құрттары мен көптеген микроорганизмдерді пайдалана отырып тазарту деңгейі әлі де төмен. Сонымен, еліміздегі топырақтың мұнай және мұнай өнімдері мен ластану бүгінгі күнде өткір мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан, бұл мәселенің барлық қырларын шешу үшін мүдделі үкіметтік, ғылыми және өндірістік ұйымдардың бірле күш салу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақашаева С. Ақтау қаласы аумағының топырағын экологиялық – мелиоративтік бағалау және көгалдандыру мәселелері. Автореф., Алматы, 2005, б. 5-7
2. Аманиязова К.Н. Каспийское море. Алматы «Қазақ университеті», 2007, б. 98-103
3. Отчет о работах по определению степени и типов загрязнения, и влияния загрязняющих веществ на окружающую среду предприятий региона // Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области. Ақтау, 2009. 187 с.
4. Экология және табиғатты қорғау. Алматы, Мектеп баспасы, 2014, бет 123-128
5. Маңғыстау газеті 2016 ж. желтоқсан.

ӘОЖ 622.276.5.001.5

МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫНДА ПОЛИМЕРЛІ СУЛАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Зәкенов С.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Судың жоғары минералдануымен сипатталатын мұнай кен орындарында полимерлі су айдау технологиясын іске асыру нәтижелеріне талдау жасалды. Технологиялық тиімділікті арттыру, біртекті емес коллекторларда суландыру процессін қолданылуын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тәжірибелер зерделенді.

Түйінді сөздер: игеру, мұнай өндіру, ұңғы, полимерлі суландыру, сулардың жоғары минералдануы, тұтқырлысерпінді құрам, мұнайбергіштік, тиімділік, арттыру.

Әлемде мұнайды полимерлі сумен ығыстыру әдісі 1950-ші жылдардың соңынан бастап зерттеліп, өнеркәсіптік тәжірибеде 1960-шы жылдардан бастап кең көлемде сыналып осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Әртүрлі геологиялық жағдайларда мұнай шоғырларын игерудің тиімділігін арттыру мақсатында өнеркәсіптік көлемде

полимерлерді қолдану бүкіл әлем бойынша көптеген мұнай кенорын нысандарда жүзеге асырылды: АҚШ, Канада, Қытай, Франция, Үндістан, Индонезия, Венесуэла, Германия, Бразилия, Аргентина. Соңғы жылдары мұнайлы кен орын қабатына полимерлерді айдау саласында әлемдік көшбасшы Қытай болып табылады.

КСРО-да полимерлі суландыру технологиясы 1960-90 жылдары Самара облысының (Орлянского, "Куйбышевнефть" МК), Башкирия (Арланское, "Арланнефть" мұнайгаз өндірістік бірлестіктерінде (МГӨБ)), Қазақстанда (Қаламқас, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ) және елдің басқа да мұнай өндіруші өңірлерінде өнеркәсіптік ауқымда сыналып, қолданылуда.

Әлемдік тәжірибені талдау полимерлі суландыруды қолдану саласын шектейтін негізгі факторлар: қабаттық және айдалатын сулардың жоғары минералдануы, жоғары қабаттық температуралар, полимерлі ерітінділердің деструкциясына алып келетін сүзусыйымдылық қасиеттерінің (ССК) төмен мәндері, қабаттың өткізгіштігі бойынша біртектілігі күрт төмендігі болып табылатындығын көрсетті [1]. Нәтижесінде полимерлі суландыру технологиясын қолдану саласын кеңейту бойынша жұмыстарды одан әрі ғылыми-зерттеу, қабаттың мұнай бергіштігін арттырудың полимерлі сумен ығыстыру саласын кеңінен игеру жұмыстарын кешенді зерделеу немесе полимерлердің жаңа түрлерін синтездеу тақырыбы үлкен өзектілікке ие болып отыр.

Қаламқас кен орнында полимерлі суландыру 1980 жылдан басталды. Ю-III, Ю-IV, Ю-V қабаттары бойынша блокты құрастырмалы қондырғылардан тұратын сорапты стансалар арқылы айдала отырып, "таза" полимерлі суландыру нұсқасы 1981-1982 жылдары жүзеге асырылған болатын.

Алайда жүргізілген жұмыстарды зерделеу және бағалау нәтижелері бойынша хлоркальцийлі түрдегі (93-129 г/л ($4400 \text{ мг/л-Ca}^{2+}$; $2880 \text{ мг/л - Mg}^{2+}$) судың жоғары минералдануы жағдайында өткізгіштігі 2 мкм^2 - ден астам бар қабаттық-біртекті емес қабаттарда полимерлі су айдау аса тиімді болмады.

Полимерлі суландырудың қосымша ерекшелігі суда ерітілген полимердің кейбір бөлігінің қабаттың жынысымен адсорбция көрінуінен тұрады, ал ығыстыратын су фронтының алдыңғы бөлігі полимерсіз, тиісінше судың қалыпты қозғалысымен анықталды.

Хлорлы натрий, хлорлы кальций және басқа электролиттер құрамының 0,5-тен 20% - ға дейін артуы жыныстағы полимердің адсорбциясын бірнеше рет арттырады.

Минералданған ерітінділердің қабат жыныстарының адсорбциясы тұщыланған суларға қарағанда бірнеше есе жоғары. Жоғары адсорбция кезінде полимердің фронты мұнайды сумен ығыстыру майданынан едәуір артта қалады. Сондықтан реагенттерді іріктеу және зертханалық зерттеулер бойынша шоғырлану негізінде мұнайды тиімді ығыстыруды қамтамасыз ететін адсорбцияның оңтайлы диапазонын айқындау қажет.

Осыған орай Қаламқас кен орнының тәжірибелік учаскесінде полимерлік сулануды тұтқырлысерпінді құраммен бірге қолдану нұсқасы жүзеге асырыла бастады.

Сонымен қатар полиакриламид пен "тігетін" агенттерді айдау бойынша модификацияланған полимерлік әсер ету нұсқасы да іске асырылды.

Кен орнын игерудің кейінгі жылдары сүзгі ағындарын аудан мен қима бойынша қайта бөлу, айдау ұңғымаларынан өндіру ұңғымаларына судың ағып кетуін тежеу және төмен өткізгіштігі бар аймақтан күрделі шығарылатын қорларды игеруге қосу үшін тігілген-полимерлік (СПС) және полимерлік-дисперсиялық (ПДС) жүйелерді қолдана отырып, суландыру жүргізілді. Бұдан басқа, айдамалау ұңғымалары бойынша қабылдағыштықтың профилін теңестіру мақсатында тұтқырлысерпінді құрам (ВУС) айдау технологиясы қолданылды.

Осылайша, қабаттар бойынша ағынды теңестіруші құрамдарды (ВУС, СПС, ПДС) қолдана отырып, полимерлі суландыруды кешендеу іс-шаралардың әрбір ұңғыға

шаққандағы орташа меншікті тиімділігі 700 тонна, технологиялық әсерінің орташа ұзақтығы жағдайында 286 тәулік құрап, қосымша мұнай өндіру көрсеткіші 182.1 мың т болды.

Қаламқас кен орнында қабаттың мұнай өнімін көтеруде химиялық полимерлік технологияларын өнеркәсіптік енгізу тәжірибесі оларды қолдану мұнай алу коэффициентін ұлғаюына әсер ететінін көрсетті. Біртекті емес коллекторларда суландыру процесін реттеу жұмыстары тиімді жүзеге асырылып, қабаттың сулану қарқынын төмендетуге және өндіруші ұңғыларының сулануын 4% - ға азайтуға мүмкіндік берді.

Бұл ретте коллекторлық қасиеттерді салыстырмалы талдау Перм өлкесі кен орындарының пилоттық учаскелері Қаламқас кен орны коллекторларының өткізгіштігімен (24 мкм² дейін) салыстырғанда 0,017 – 0,306 мкм² өткізгіштігінің төмен және орташа мәндерімен сипатталатынын көрсетті. Бұл жағдайлар Перм өлкесінің кенорындарының неғұрлым агрессивті жағдайлары үшін полимерлі суландыруды қолдануды негіздеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттілігінің алғышарты болды [1].

Перм өлкесі кен орындарының пилоттық учаскелерінің геологиялық-физикалық жағдайлары үшін жетекші әлемдік химиялық компанияларды тарта отырып, негізінде акриламидметилпропансульфон және акриламидпропилсульфон қышқылдары бар жаңа полимерлер әзірленген. Полиакриламидтің молекулалық тізбектеріне сульфотоптарды қосу есебінен құрамдардың қоюландыру қабілеті артты және судың жоғары минералдануы жағдайында олардың тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Әзірленген полимерлік құрам зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде де, тәжірибелік өнеркәсіптік жұмыстарды іске асыру нәтижесінде де тиімділікті көрсетті [2, 3, 4, 5].

Орындалған талдау нәтижесінде Қаламқас кен орнында полимерлі суландыру тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында адсорбцияның оңтайлы диапазонын және тиімді мұнай ығыстырылуын қамтамасыз ету үшін, әрбір игеру объектілерінің геологиялық-физикалық жағдайларын ескеріп, полимерлерді синтездеу және бейімдеу бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастыру орынды болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акульшин А.И. Прогнозирование разработки нефтяных месторождений. М: Мысль, 1988. – 241 с.
2. Бондаренко А.В., Михайлов Н.Н. (и др.). Лабораторные исследования по обоснованию технологии полимерного заводнения для конкретных геолого-физических условий объектов разработки нефтяных месторождений // Геология, геофизика и разработка нефтяных и газовых месторождений, М. ВНИИОЭНГ. 2016.-№10 – С. 34-42.
3. Дорофеев В.И., Рудская Л.П. и др. «Оказание научно-технической помощи при внедрении технологии полимерного воздействия и оценка ее эффективности». КазНИПИнефть, г. Актау 1996 г.
4. Киинов Л.К. Особенности разработки месторождений парафинистых и вязких нефтей Западного Казахстана в условиях реализации энергосберегающих технологий, ВНИИнефть им. академика А.П. Крылова, М., 1994.
5. Полищук А.М. Экспериментальное изучение механизма вытеснения нефти из пласта растворами полимеров: дис. канд. техн. наук. ВНИИ, М, 1979, с.179.

**СОСТОЯНИЯ СОЛЕУСТОЙЧИВОЙ РАСТИТЕЛЬНОСТИ В
ПРИБРЕЖНОЙ ЗОНЕ КАСПИЙСКОГО МОРЯ В РАЙОНЕ
НЕФТЕПРОМЫСЛА КАЛАМКАС**

Серикбаева А.К., Сырлыбекқызы С., Джаналиева Н.Ш., Койбакова С.Е.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Целью данной статьи является представление результатов мониторинга растительности в прибрежной зоне Каспийского моря, в районе размещения нефтяных промыслов Арман, Каламкас. Приведено ботаническое описание солеустойчивых растений. Исследованы, изменения отмеченные в состоянии галофитов, носящие сезонный характер, а также степень негативного воздействия, связанная с нефтедобычей.

Ключевые слова: Каспийское море, прибрежная зона, мониторинг, растительность, галофиты.

Введение. Вопросы охраны окружающей среды и обеспечения экологической безопасности Каспийского моря и его прибрежных зон, отражены в основных направлениях экономического и социального развития РК на период до 2050 года. Мангистауская область является одним из районов добычи углеводородного сырья, где сосредоточены крупные как морские, так и наземные нефтяные месторождения. Антропогенному воздействию подвергаются все компоненты окружающей среды. Сокращение биологического разнообразия отрицательно сказывается на структуре экосистем. Это приводит к изменению и разрушению биотических сообществ. В свою очередь это ведет к изменению ландшафтов. Утрата биоразнообразия представляет прямую угрозу для человечества. Решение многих глобальных и региональных экологических проблем невозможно без фундаментальных знаний о разнообразии организмов и растительности. Главная роль в экологической стабилизации отдается естественным природным ландшафтам и экосистемам. Оценка значимости растительности в условиях аридной зоны Мангистауской области, особенно в районах нефтяных промыслов, является важнейшим условием понимания значения потенциальных воздействий на окружающую среду.

Это дает возможность выработки приоритетов по снижению экологической нагрузки. При оценке воздействий на состояние растительности в районах размещения предприятий нефтедобычи следует понимать, что интенсивность воздействий меняется. Так, в течение срока выполнения проекта добычи нефти, воздействие бывает незначительным в начале, с последующим возрастанием и снижается по мере рекультивации и восстановлении нарушенных ландшафтов. Значение прогнозируемых воздействий на биоразнообразие в целом, зависит от величины воздействий и чувствительности затрагиваемых ими экосистем или биологических видов.

В этой связи, исследования по мониторингу состояния растительности в намеченном районе исследований, актуальны и своевременны. Полученные в результате исследований данные, могут служить основой для дальнейших исследований и контроля за окружающей средой в районах нефтяных месторождений размещенных в прибрежной зоне Каспия.

Материалы и методы исследований. Основным источником фактической информации – материалы исследований весной и осенью 2018 года, в прибрежной зоне Каспия в районе нефтяного промысла Каламкас. Полевые исследования проводились в рамках выполнения инициативной НИР. Мониторинговые наблюдения проводились согласно, общепринятых методик с учетом опыта проведения аналогичных работ в прибрежной зоне Каспийского моря.

Результаты. В соответствии с планом работы кафедры «Экология и ХТ», а также по согласованию с контролирующими природоохранными организациями Мангистауской области, был проведен мониторинг растительности в прибрежной зоне Каспийского моря в районе размещения месторождения нефтедобычи Каламкас.

В таблице 1 приведены координаты обследуемых станций [1].

Мониторинговые исследования включали наблюдения за состоянием растительности в районе исследований. На рисунке 1 приведена карта-схема расположения стационарных экологических площадок (СЭП) на территориях месторождений Арман и Каламкас, выполненная с использованием ГИС.

Месторождение Каламкас. В весенний и осенний периоды 2018 г. на месторождении были обследованы три площадки – СЭП-10, СЭП-11 и СЭП-12. Все эти площадки расположены на соровых приморских солончаках. Эти почвы характеризуются чрезвычайно высоким уровнем засоления, что лимитирует на них поселение растений. На СЭП-10 и 12 были обнаружены отдельные особи сарсазана, в частности (*halocnemum strobilaceum* – сарсазан шишковатый). Он относится к первой группе растений избыточно засоленных почв - гипергалофитам. Гипергалофиты развиваются в условиях повышенной минерализации почвенного раствора, при этом сохраняют способность к возобновлению и образованию ценозов на очень сильно засоленных (хлоридно-сульфатный тип) почвах при сухом остатке 2,3–3,0 (3,5) $Cl > 0,23 \%$. Повышенное содержание солей в почве благоприятно сказывается на развитии и накоплении биомассы галофитов [1,2]. Галофиты или солелюбы – растения, способные переносить высокие уровни засоления почвы (солянки, ежовники, бессмертник, тамариск и др.). Свойством галофильности обладают большей частью соленакапливающие представители семейства Маревые (*Chenopodiaceae*) и реже – солевывделяющие. К высокой концентрации почвенного раствора приспособлено относительно небольшое количество видов. Характерными и широко распространенными растениям данной группы являются следующие доминирующие на солончаках виды: *Halocnemum strobilaceum*, *Halostachys caspica*, *Climacoptera turcomanica*, *Suaeda arcuata*, *Salicornia europaea* и др. Экологические условия кустарника *halocnemum strobilaceum* – сарсазана шишковатого – мокрые солончаки.

Таблица 1 – Координаты стационарных экологических площадок (СЭП)

СЭП	Месторождение	Координаты			
		Долгота		Широта	
		план	факт	план	факт
12	Фоновая	52°9'2.5416	52°07'55.6	45°21'27.7524	45°21'59.5
11	Каламкас	51°55'3.8712	51°55'17.8	45°23'21.8796	45°23'28.5
10	Каламкас	51°55'3.0036	51°55'35.6"	45°25'0.2784	45°25'03.5"
7	Фоновая	51°41'42.3168	51°44'19.1"	45°22'51.1248	45°22'39.3"




Рисунок 1 – Карта-схема района исследований в среде MapInfo Professional 12.0

Это единственный вид монотипный род кустарничков и полукустарничков семейства Маревые. Ботаническое описание. Растопыренно ветвистый голый кустарничек высотой 15-50 см. Стебель в нижней части сильно одревесневает, образует распростёртые укореняющиеся ветви. Формирует на пониженных местах характерные круговины. Годичные побеги цилиндрические, сочные, членистые, с супротивными шарообразными, долго не развивающимися почками [4,5,6]. Членики веток короткоцилиндрические или булавовидные, вверху переходящие в треугольные листовые влагалища. Листья отсутствуют. Листочков околоцветника 3, сросшихся, при плодах не образующих крыльев. Цветки собраны в колосовидное соцветие, сидят по 3 в пазухах полукруглых прицветников. Тычинка одна. На СЭП-11 растительность отсутствует.

Растения находились в нормальном состоянии, фенофаза соответствовала сезону. Состояние растений на СЭП-10 и 12 осенью не изменилось. В ходе летних и осенних исследований на СЭП-10 не было отмечены признаков антропогенного воздействия. На заднем плане видны участки с поселениями сарсазана шишковатого. Территория же СЭП-11 нарушена в значительной степени, под влиянием техногенных факторов, связанных с добычей нефти (дороги, трубопроводы, замусоривание территории). Признаков аномального развития растений (гигантизм, хлороз листьев, рост ветвей в виде конусов и др.) на СЭП в пределах месторождения обнаружено не было. Редких, эндемичных, занесенных в «Красную книгу», видов растений обнаружено не было.

Фоновая точка мониторинга СЭП-7 расположена на приморской равнине с комплексами солончаков приморских и луговых приморских почв. Весной 2018 года, здесь преобладали злаково-полынно-эфемеровые фитоценозы с участием сарсазана и житняка.

В качестве доминирующего вида был представлен однолетник-эфемер *Eremogrum orientale*. Мортук (лат. *Eremogrum*) – род однолетних травянистых растений семейства Злаковые или Мятликовые (Poaceae). Этот вид *Eremogrum orientale* из четырех видов Мортука является – мортуком восточным.

Ботаническое описание. Однолетние травянистые растения. Стебли прямостоячие или коленчато-восходящие, 4-30 см высотой. Влагалища нижних листьев расщеплены почти до основания, коротковолосистые или голые; ушки серповидные, на верхушке. Колос эллиптический или продолговато-яйцевидный 1,5-5,5 см, длиной до 7 см., зеленый или слегка фиолетово окрашенный. Язычки перепончатые, голые, 0,2-

1,5 мм длиной. Листья ланцетно-линейные или линейные, плоские, волосистые или голые, 1-7 мм шириной. На этом участке, проективное покрытие почвы растительностью составляло 20-30%. Растительность находилась в фазе вегетации, жизненное состояние растений соответствовало сезону года. Нарушения почвенно-растительного покрова отмечены незначительные, под воздействием проезда автотранспорта. Эти факторы препятствуют развитию растений в таких местообитаниях [7,8].

Agropyron fragile (Roth) Candary – житняк ломкий или сибирский, вид близкий к житняку пустынному *Agropyron desertorum*. Отличается более узкими (линейчатыми) негребневидными колосьями длиной 2-7 см. и шириной 0,5-1 см. нижние цветковые чешуи на верхушке с осью 1-3 мм. Засухоустойчив. Отличительная особенность в том, что растение может использоваться для устройства газонов.

Aeluropus litoralis – прибрежница солончаковая. Многолетний корневищный злак из Семейства злаки (Poaceae) высотой до 35 см. У растения различаются ортотропные и плагиотропные надземные побеги. Корневища закладываются и растут на глубине 10-20 см от поверхности, сильно ветвятся, часто наблюдается их ярусное расположение.

Растение обладает мощной вторичной корневой системой, состоящей из придаточных корней, формирующихся в узлах побегов. Максимальная глубина проникновения корней – 60-80 см, они ветвятся до четвертого порядка. По весу корни превышают надземную массу более чем в 4 раза. Проективное покрытие растений в районе СЭП-7 весной 2018 года достигало 50%, осенью – 60%.

В целом, растительность нарушена в слабой и средней степени. В радиусе 20-30 м от скважин наблюдается сильная степень нарушенности. Основные факторы воздействия на почвенно-растительный покров вызывающие трансформацию растительности – дорожная дигрессия, эксплуатация скважин.

Фенологическое состояние и жизненность растений соответствовали сезону. Редких, эндемичных, занесенных в «Красную книгу» (Красная книга., 1981), видов растений на территории исследования обнаружено не было.

Обсуждение. Установлено, что состояние растительности на обследованных площадках неоднородное. В ходе работ отмечались только механические нарушения растительного покрова. Видимых признаков химического воздействия выявлено не было.

Сравнение данных по ранее проведенным исследований 2012-2015 гг., в рамках выполнения госбюджетной НИР Комитета науки МОН РК и 2018 года, не выявило значительных изменений в параметрах сообществ, связанных с функционированием месторождений, на большинстве обследованных площадок. Только на двух СЭП в пределах территории месторождения наблюдались значительные изменения, связанные с добычей нефти (СЭП-11 (месторождение «Каламкас»). На территории нефтепромысла Каламкас стационарные экологические площадки СЭП находятся на соловых солончаках, практически лишенных растительности по естественным причинам (почвы сильно засолены).

Для мониторинга растительности на этом месторождении необходимо было выбрать дополнительный участок, на котором присутствует растительный покров.

Растительный покров остальных СЭП нарушен в слабой или средней степени под влиянием факторов, не связанных с добычей нефти (из-за выпаса скота и при проезде автотранспорта). Изменения (по сравнению с данными летних исследований) параметров растительных сообществ имели, главным образом, сезонный характер выражен в увеличении высоты растений, степени проективного покрытия, количестве видов, что привело к изменению жизненного состояния растений.

Для выявления воздействия химического загрязнения необходимо провести отбор проб доминирующих видов растений.

Вывод. Изменения параметров растительных сообществ (доминантного состава, обилия, проективного покрытия, высоты растений, числа видов) на месторождении нефтедобычи Каламкас по результатам полевых исследований, на большинстве стационарных экологических площадках (СЭП) имеют характер природных флуктуаций.

Локально, степень негативных воздействий, связанных с нефтедобычей, возросла за счет механических нарушений почвенного и растительного покрова. Эпизодически встречающиеся локальные участки с трансформированной растительностью относятся к территории непосредственно прилегающей к месторождениям.

На месторождении Каламкас растительный покров практически отсутствует по естественным причинам, то есть по причине высокой засоленности почв. Изменения, отмеченные в состоянии растений, носят главным образом, природный (сезонный) характер. Здесь на протяжении всего периода обследования 2012-2015 гг и 2018 г, были встречены лишь отдельные особи сарсазана. Несмотря на это на СЭП-10, 11, 12 почвенный покров в значительной степени нарушен под влиянием техногенных факторов, связанных с добычей нефти. Лишь местообитания на СЭП-11 нарушены в значительной степени под влиянием техногенных факторов, связанных с добычей нефти. Выявленные изменения параметров растительных сообществ на нефтяном промысле Каламкас (изменения количества видов, высоты растений, показателей жизнестойкости и фенологического состояния) имеют как природный (сезонный) характер, так и вызваны влиянием хозяйственной деятельности (выпас, дорожная дигрессия, техногенные воздействия).

Произвести сравнительный анализ изменений растительного покрова в 2018 г. по отношению к данным 2015 г. невозможно, так как расположение прибрежных стационарных экологических площадок (СЭП 10 и 12) в результате подтопления было изменено.

ЛИТЕРАТУРА

1. «Экологический кодекс» РК. 2007 г., Алматы.
2. О состоянии экологической обстановки Мангистауской области и источниках его загрязнения. Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области (УПРРП). – Актау, 2011. – 62 с.
3. Кенжетаяев Г.Ж. Оценка воздействия нефтяных промыслов на загрязнение почвы в прибрежной зоне Каспия. Научный журнал Министерства образования и науки РК «Поиск». Серия естественных и технических наук. № 4(1)/2013. С 85-90.
4. Бурый В.А. О некоторых путях приспособления растений к почвенному засолению Изв. АН УзССР. 1948, №3. С. 3-18.
5. Коровин Е.П. Растительность Средней Азии и Южного Казахстана. Ташкент, 1961, 1962. Т.1. 452 с. Т.2. 547 с.
6. Шамсутдинов З.Ш., Савченко И.В. и др. Галофиты России, их экологическая оценка и использование. М., 2000. 399 с.
7. Кенжетаяев Г.Ж., Тайжанова Л.С., Койбакова С.Е., Сырлыбекқызы Самал. Экологические аспекты составления карты загрязненности прибрежной зоны. Научный журнал Министерства образования и науки «Поиск». Серия естественных и технических наук. № 4(1)/2013. С 90-97
8. Отчет о научно-исследовательской работе. № госрегистрации 0112РК2173.

Научное обоснование комплексного исследования компонентов окружающей среды прибрежной зоны Каспия и техногенных объектов. Актау. 2015. 115 с.

ПРОБЛЕМЫ РАЗРАБОТКИ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕТОДИЧЕСКИХ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ ПРИ ДОБЫЧЕ ТРУДНОИЗВЛЕКАЕМЫХ НЕФТЕЙ МЕХАНИЗИРОВАННЫМ СПОСОБОМ

Каражанова М.К.

Каспийский Государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация. В докладе приведены причины осложнений, возникающих при эксплуатации скважин механизированным способом, представлены результаты исследований причин отказов глубиннонасосного оборудования состава и структуры механических примесей, влияющих на их работу.

Ключевые слова: трудноизвлекаемые запасы, отказы, механизированный способ, глубиннонасосное оборудование, мехпримеси, принятие решений.

Введение. Как показывает практика, современный этап развития нефтедобывающей промышленности Казахстана характеризует стадию снижения добычи. Исходя из этого, вопросы освоения месторождений со сложным геологическим строением, трудноизвлекаемыми запасами нефти, в большинстве своем с высоким содержанием серы, низкими пластовыми давлениями представляют определенный интерес. Особенности разработки таких месторождений обусловлены рядом проблем, с которыми приходится постоянно сталкиваться нефтяным компаниям. Прежде всего, это осложнения при эксплуатации нефтепромыслового оборудования, снижение межремонтного периода (МРП) эксплуатации наземного и скважинного оборудования, аварийность оборудования из-за роста нагрузок, низкая рентабельность эксплуатации скважин, проблемы мехпримесей, экологии и предельно низкая рентабельность освоения и эксплуатации месторождения трудноизвлекаемых нефтей.

Таким образом, проблема повышения эффективности разработки месторождений с трудноизвлекаемыми запасами, разработка новых и совершенствование применяемых методических и технологических решений по сокращению эксплуатационных и энергетических затрат в процессе добычи нефти, увеличению межремонтного периода работы нефтепромыслового оборудования за счет предотвращения осложнений при добыче тяжелой высоковязкой нефти является безусловно актуальной.

Анализ причин осложнений, возникающих при добыче трудноизвлекаемых нефтей механизированным способом. Основная задача систем механизированной добычи нефти – это добыча нефти в условиях, где пластовое давление снижено настолько, что уже не может обеспечивать экономически оправданный отбор нефти из скважины за счёт природной энергии. Как свидетельствуют литературные источники, в данный период доля добывающих нефтяных скважин в мире, находящихся в фонтанной эксплуатации с использованием естественной энергии пласта, составляет не более четверти от общего количества скважин.

В тех случаях, когда энергия пласта слишком снижена, либо режим пласта не позволяет использовать экономически обоснованный темп отбора, или же пласт не обеспечивает приток пластовых флюидов к скважине, применяются механизированные способы добычи. Анализ методических и технологических решений позволяет выбрать в зависимости от условий каждой конкретной скважины один из применяемых

способов. Большие трудности возникают также и в связи со свойствами нефти и условиями ее залегания. Решение всех этих и связанных с ними вопросов возможно при рациональной классификации, позволяющей достаточно полно и четко охарактеризовать нефть как с научной, так и с практической точек зрения. Это поможет выбрать обоснованный метод воздействия на пласт. Наряду с этим создание такой классификации представляет собой весьма трудную задачу, которая по мнению большого числа исследователей до настоящего времени не нашла удовлетворительного решения. Нами предложена нечеткая классификация трудноизвлекаемых нефтей по свойствам и условиям залегания [1]. Механизированная добыча также способствует увеличению отдачи пласта за счёт снижения предельного уровня забойного давления, при котором эксплуатация скважины становится нерентабельной и её приходится ликвидировать.

В настоящее время механизированная добыча часто ассоциируется с поздними стадиями разработки нефтяных месторождений, которые характеризуются пониженным пластовым давлением и повышенной добычей пластовой воды. Однако механизированная добыча применяется и на ранних стадиях разработок.

В экономически обоснованных случаях: даже на поздних разработках использование различных механизированных систем добычи нефти позволяет, как показывает опыт, увеличить объём получаемых флюидов на 3-25%. На ранних стадиях эксплуатации пластов, механизированные системы добычи нефти позволяют значительно ускорить и оптимизировать извлечение нефти, с наименьшими затратами. Анализ результатов эксплуатации применяемыми в Казахстане способами в рамках их классификации. Механизированная добыча нефти делится на следующие основные группы систем: штанговые глубинные насосы; погружные центробежные насосы; винтовые погружные насосы; струйные, поршневые, турбинные и гидропоршневые насосы; газлифт. В последнее время существует тенденция комбинированного использования одних способов механизированной добычи совместно с другими. Эта практика позволяет добиться устранения ограничений, связанных с эксплуатацией одной системы при разработке сложных по конструкции скважин с высоким дебитом [2].

